СЕНБІ
№67 (4315)
17.06.2023

AIQYN апта

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

**Мемлекет басшысының төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері талқыланды.**

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы бірқатар жауапты мемлекеттік орган басшыларының баяндамасын тыңдады.

Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен басқа да әскерлерін, әскери құралымдарын қаружарақпен қайта жарақтау және қорғаныс өнеркәсібі кешенінің 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының жобасын қарастырды.

Қорғаныс өнеркәсібі, мемлекеттік қорғаныс саласындағы тапсырыс, қару-жарақ пен әскери техника айналымы, қорғаныс нысандары инфрақұрылымын дамыту салаларындағы жекелеген мәселелер жөнінде жүйелі шаралар әзірленді.

Жиын қорытындысы бойынша, Президент мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамыту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

## ТАҒАЙЫНДАУ

**Мемлекет басшысының Жарлығымен Ермек Беделбайұлы Көшербаев Шығыс Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды. Ол Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымынан босатылды.**

# ЖАСТАРДЫҢ ЖАНЫ НЕГЕ ТЫНЫШСЫЗ?

**Бүгінде жасөспірімдер мен жастардың әлсіз менталды денсаулығы дағдарыстың жаңа әрі өршіп бара жатқан түрі ретінде саналатын болды. Соңғы он жылда әлемде екі құбылыс қатар дамып жатыр: бір жағынан, кейінгі толқын өкілдеріне қатысты депрессия, үрейге бой алдыру, биполярлы бұзылыстар секілді күрделі психикалық күйлер жиі аталатын болса, екінші жағынан, қоғамда психикалық проблемасы бар адамдарды стигматизациялауға қарсы қадамдар жасалып жатыр.**

**Статистика не дейді?**

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, қазір әлемде 970 млн адамның психикалық денсаулығында бұзылыс бар. Оның ішінде ең жиі кездесетін диагноздар – депрессия мен үрейге бой алдыру: 350 млн-ға жуық адам депрессияға шалдыкса, 284 млн адам үрейшілдікке бой алдырған. Сарапшылардың айтуынша, жуырда ғана нүктесі қойылған коронавирус пандемиясы бұл статистиканы ушықтыра түскен: XX ғасырдың басындағы испан вирусы сол кездері адамдарда қалай неврологиялық бұзылыстар тудырса, COVID та солай жан ауруларының қатарын арттырып жіберген.

ДДҰ бұдан бөлек экономикалық қиындықтар мен жұмыссыздық та менталды аурулардың көптеп таралуының бір себебі болуы мүмкін екенін ескертеді.

10 ▸▸

# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҰЙЫСУ МІНБЕРІ

**Бүгін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Түркістан қаласында Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтеді. Бұған дейін Ұлытауда алғашқы отырысы өткен алқалы жиынның қасиетті Түркістан қаласында өтуінің өзіндік мәні бар. Кезінде осы аумақтағы Қарақұм, Ордабасы құрылтайлары Жоңғар шапқыншылығына қарсы күш біріктіруге, тұтас ұлтты ұйыстыруға шақырғаны тарих бетінде таңбаланып қалды. Сол секілді киелі өңірде өтетін Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысынан да күтеріміз көп.**

Осыдан тура бір жыл бұрын Ұлытауда Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы өткен еді. Елдегі ауқымды саяси өзгерістердің ізашары саналған жалпыхалықтық референдумнан кейін ұйымдастырылған басқосуда ел дамуына қатысты көптеген мәселе сөз болды. Ең бастысы, құрамы еліміздің барлық өңіріндегі қоғамдық кеңес мүшелері мен белсенді азаматтардан жасақталған Ұлттық құрылтайды билік пен бұқара арасындағы берік байланыс орнатудың тетігі ретінде қарастыруға болады. Әсіресе, Ұлттық құрылтай халықтың үн қату мінберіне айналды. Өйткені бұл құрылымның мүшелері қоғамның әр санатынан іріктеліп алынды. Президенттің өзі Ұлттық құрылтай мүшелерін іріктеуге қатысты: «Біз көпті көрген ел ағаларының ақыл-кеңесіне жүгінеміз. Белсенді азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесін ескереміз. Жаңаша ойлайтын жастардың тың идеяларын қолдаймыз» деген-ді.

Сонымен қатар сол жолы Мемлекет басшысы құрылтай шақыру ата дәстүр екенін алға тартып, қазақ қоғамында маңызды мәселелердің осындай алқалы жиында талқылағанына назар аударған еді.

«Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген.

4 ▸▸

## МЕКТЕП САТУ МАҚТАНЫШ ЕМЕС

7 БЕТ

**Жуырда Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай Алматы облысындағы мемлекеттің қарауындағы білім ошағы бәз біреулердің жекеменшігіне айналып кеткеніне алаңдаушылық білдірген болатын. Айтуынша, Қарасай ауданы Шалқар ауылындағы 250 балаға арналған орта мектепке толығымен күрделі жұмыс жүргізіліп, артынан 15 миллионға жекеменшікке сатылып кетіпті.**

## ҚАТЕРЛІ ІСІК БАЛАЛАРҒА ДА ҚАТЫГЕЗ

14 БЕТ

**Нейрохирургия – елімізде қарқынды түрде дамып келе жатқан жаңа саланың түрі. Бас миға және жұлын миына жоғары дәрежелі заманауи нейрохирургиялық техникаларды қолдану арқылы нейрохирургиялық оталарды жасайтын мамандар елімізде әлі де тапшы. Дәрігерлердің басым бөлігі медицинадағы өте күрделі және нәзік салаға тәуекел жасай бермейді.**

# БАЛА САНАСЫНДАҒЫ БАТЫР КІМ?

**Жаһандану деп аталатын қазіргі дәуір үлкенді де, кішіні де смартфонға телміртіп қойды. Нәтижесінде, ата-анасының мейірім-шапағатынан гөрі, телефонды биікке қоятын балалар өсіп келе жатыр. Ащы болса да ақиқат осы.**

9 ▸▸

# САУД АРАБИЯСЫ КОРОЛЬДІГІНІҢ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

**Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Файсал бен Ханиф әл-Кахтанимен кездесті. Сұхбат барысында екіжақты ынтымақтастықты арттыру мәселелері талқыланды.**

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Сауд Арабиясы Корольдігі Қазақстанның Таяу Шығыстағы жақын серіктесі екенін және екі ел арасында жан-жақты ынтымақтастық орнағанын айтты. Палата Төрағасы атап өткендей, өзара байланыстың дамуына жоғары деңгейдегі жүйелі саяси диалог негіз болып отыр.

Былтыр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Джиддаға жасаған сапары мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа айтарлықтай серпін берді. Сол кезде сапардың қорытындысы бойынша туризм, спорт, ауыл шаруашылығы, фармацевтика және басқа да салаларды қамтитын екіжақты 13 құжатқа қол қойылған болатын.

Мәулен Әшімбаев Қазақстан Парламенті Сенаты мен Сауд Арабиясы аш-Шурасы Меджлисі арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың маңызына да тоқталды. Сондай-ақ Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде қолға алынған кешенді реформалардың іске асырылу барысына назар аударды.

Сонымен қатар Сенат Спикері Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қызметі туралы айтып, Корольдіктің дін көшбасшыларын биыл күзде өтетін съезд хатшылығының мерейтойлық отырысына қатысуға шақырды.

# БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ ҚАРАДЫ

**Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда депутаттар Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарады. Сондай-ақ «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» конституциялық заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына сенаторларды сайлады.**

Отырысты ашқан Сенат Төрағасы Абай облысындағы алапат өрттің салдарынан қаза болған орманшылардың отбасылары мен жақындарына көңіл айтты және өңірдегі ахуал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында екенін атап өтті.

Бюджеттің атқарылуы туралы есептерді қарау барысында 2022 жылғы республикалық бюджеттің негізгі параметрлерінің орындалғаны айтылды. Дегенмен депутаттар құжаттың жекелеген тармақтары бойынша бюджеттік тәртіптің осал тұстарына назар аударды. Сондай-ақ олар экономиканың өсуі мен азаматтардың әл-ауқатына кері әсерін тигізетін бірқатар маңызды және жүйелі проблемаға тоқталды.

Өз сөзінде Сенат Төрағасы инфляцияны төмендету және өңірлерді жылу маусымына сапалы әрі уақытылы дайындау алдағы кезеңдегі негізгі міндеттер екенін атап өтті. Соған байланысты Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы белгілеп берген мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлесіп, үйлесімді жұмыс істеудің маңызды екенін айтты.

«Президентіміз өзінің сайлау алдындағы бағдарламасында алдағы жылдарға арналған бағыт-бағдарды айқындап, нақты міндеттер жүктеді. Біз соның бәрін сәтті іске асырып, елдің сенімін ақтауымыз керек. Бұл ретте шағын және орта бизнесті дамыту, жұмыс орындарын құру, агроөнеркәсіптік кешенді қолдау сияқты нақты міндеттер туралы сөз болып отыр. Сондай-ақ энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту, тұрғын үйлер мен жолдар салу, елді мекендерді 100 пайыз сумен жабдықтау және тағы басқа да маңызды мақсаттар бар екені белгілі. Үш жылдық бюджетте осы бағыттарға қажетті қаражат қарастырылған», – деді Мәулен Әшімбаев.

Палата Спикері Парламенттің заң шығару қызметінде мүдделі органдармен бірлесіп әрекет етуіне де ерекше назар аударды.

«Бәріміздің алдымызда тұрған басты міндет – азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту және еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Бұл істе Парламент депутаттары Үкіметке қажетті қолдау көрсетуге қашанда дайын», – деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар есептерді қарау кезінде сенаторлар салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру керегін сөз етті. Шығындарды жоспарлаудың тиімсіздігіне қатысты да сын айтылды. Бұл ретте, 2022 жылы шығынның басым бөлігі ағымдағы іс-шараларға жұмсалғанын, шамамен 10 пайызы ғана дамуға бағытталғанын атап өткен жөн. Сенаторлар стратегиялық және бюджеттік жоспарлау арасындағы байланыстың жолға қойылмағанына да назар аударды. Салдарынан қаржының толық игерілмеуіне жол берілген. Бұл орайда ұлттық жобалар бойынша статистика мысалға алынып отыр. Нақты айтар болсақ, қаржы жағынан толық қамтамасыз етілсе де тоғыздың жетеуінде тиімділік көрсеткіші төмен.

Сонымен қатар депутаттар шығыстардың жартысына жуығы әлеуметтік мақсаттарға жұмсалғанын, бұл бюджет саясатының әлеуметтік бағытқа табан тірейтінін көрсететінін айтты.

Отырыс барысында сенаторлар «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» конституциялық заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Сенат депутаттарын сайлады.

# ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ НАҚТЫЛАНДЫ

**Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.**

Отырыста «Жылумен жабдықтау саласындағы басқарудың, тартылған қаражатты жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің нысаналы пайдалануы мен инвестициялық бағдарламаларды орындауының тиімділігіне мемлекеттік аудит» атты Жоғары аудиторлық палата төрағасының есебі тыңдалады.

Сонымен қатар палата жалпы отырыста депутаттар әзірлеген жайылымдарды пайдалану мәселелері туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарайды.

Заң жобасында Жер, Орман кодекстеріне, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, сондай-ақ жайылымдар туралы заңдарға өзгерістер енгізу көзделеді. Атап айтқанда, жайылымдарды пайдаланбау фактілерінің өлшемін қатаңдату, сондай-ақ қоғамдық жайылымдарды ауыл шаруашылығы алқаптарының басқа түрлеріне ауыстыруға тыйым салу ұсынылады.

Сондай-ақ бюро отырысында Палата комитеті заңнаманы жетілдіру, адвокаттық қызмет және заң көмегін көрсету, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі шешу мәселелері туралы заң жобасын жұмысқа алады.

# 15 ПӘТЕР БЕРІЛДІ

**Семейде орман өртеніп, қаза тапқан 15 адамның отбасына пәтер кілті табысталды.**

Қаза тапқандардың отбасына 7 миллион теңге және әр балаға 2 миллион теңге төленеді. КТК арнасының хабарлауынша, асыраушысынан айырылғандарға бірреттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады. Тұрғын үй Семейде жаңа бой көтерген Қарағайлы ықшамауданында орналасқан.

Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев: «Жаңа, жарық, қажет жиһаздармен және тұрмыстық техникамен толық жабдықталған. Дегенмен бұдан өзге де көмек көрсетіледі. Біз отбасылардың тұрмыс жағдайын біліп отырмыз. Сондықтан осы мәселе жан-жақты пысықталады», – деді.

# ОНЛАЙН ҚҰРБАН ШАЛУ

**ҚМДБ Құрбан шалу рәсімін онлайн өткізуге арналған qurban2023.kz сайтын іске қосты.**

«Мұсылман қауымының қасиетті айт мерекесіне орай, барша қазақ елін «Құрбан-2023» қайырымдылық акциясына үлес қосуға шақырамыз. Халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағатқа оңтайлы болу үшін биыл құрбан шалу офлайн және онлайн форматта жүзеге асады.

Айта кетсек, онлайн түрде құрбан шалам деушілер сайт арқылы құрбандық малын таңдап, көрсетілген реквизитке қажетті қаражатты аудара алады. Қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйе малын бір немесе 7 адам бірігіп шалса болады. Бұдан кейін төлем барысында хабарламаға тапсырыс нөмірі мен құрбандық шалушының аты-жөнін жазу міндетті. Құрбандық шалынған соң оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші көрсеткен WhatsApp нөмірге жіберіледі», – делінген ресми хабарламада.

ҚМДБ бекіткен 2023 жылғы діни күндер кестесіне сәйкес биыл Құрбан айттың бірінші күні 28 маусымға түсіп тұр. Үш күндік мерекенің алғашқы күні елімізде демалыс болып есептеледі.

# TOMİRİS ЖОБАСЫ: ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

**«AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігімен бірлесіп, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның қолдауымен Tomiris жобасының жаңа кезеңі басталатынын хабарлады.**

Партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында көрсетілгендей, әйелдердің мемлекеттік басқаруға белсенді араласуын кеңейту қажет. Осы орайда «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы «Tomiris» жобасының жаңа кезеңінің басталғанын хабарлайды. Ол Қазақстандағы әйелдер көшбасшылығын ілгерілетуге бағытталған.

Былтыр қыркүйек айында өткен осы жобаның бірінші кезеңін іске асыру барысында 342 өтінімнің ішінен 30 әйелдің кандидатурасы іріктеліп алынды. Олар біріктірілген бағдарлама бойынша арнайы оқу бағдарламасынан өтті. Оның ішінде 2023 жылғы 19 наурыздағы сайлауда депутаттыққа өз кандидатурасын 20 әйел ұсынды. Бұл – Tomiris қатысушыларының жалпы санының 66%-ын құрайды. Өкілді билік органдарына сайлау қорытындысы бойынша жобаға қатысушылардың 12-сі (60%) өтті.

«Партияның негізгі басымдықтарының бірі – әйелдер құқығын қолдау және гендерлік теңдікті қалыптастыру. Ал еңбекақы мен лауазым жынысына емес, қабілет-қарымына қарай берілуі керек. Биыл біз қарқынды оқу бағдарламасына қатысу үшін 30 әйелді іріктеп аламыз. Олар көшбасшылық, саясаттағы гендерлік мәселелер, эмоционалды интеллект, жобаларды басқару, келіссөздер, көпшілік алдында сөйлеу және басқа да тақырыптар бойынша курстардан өтеді. Бағдарламада Қазақстан мен Германияның саяси қайраткерлерімен кездесулер қарастырылған», – деді Академия директоры Данияр Мұқитанов.

Айта кету керек, Қазақстанда өткен жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі 55,7%-ды құрайды (2019 жылы – 55,7%, 2020 жылы – 55,5%). Бұл ретте еліміз бойынша басшылық лауазымды иеленген әйелдердің үлесі 39%-ды құрады. Барлық деңгейдегі мәслихаттарда әйел депутаттардың қатары – 30,6%.

Tomiris жобасына кемінде 2 жыл еңбек өтілі бар, іріктеуге өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін құжаттардың толық пакетін ұсынған әйелдер жіберіледі. Жобаға қатысу шарттарымен Саяси менеджмент академиясының әлеуметтік желілердегі аккаунттарынан толығырақ танысуға болады.

# БАЛА ОМБУДСМЕНІ АБАЙ ОБЛЫСЫНА БАРДЫ

**ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкілі, «AMANAT» партиясы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Республикалық кеңестің төрайымы Динара Зәкиева Абай облысына барды.**

Әуелі облыстық мәслихат депутаты, бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл Эльзира Жүнісовамен бірге Бородулиха ауданы Жерновка, Успенко ауылдарына барған Динара Зәкиева орман өрті кезінде қаза тапқандардың отбасына, туыстарына көңіл айтты. Кездесу барысында ол әкесі немесе анасы апат кезінде қаза тапқан балалардың жағдайы үнемі бақылауда болатынын жеткізді. Сондай-ақ бала құқы бұзылған жағдайда немесе отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелері бойынша «111» жедел қызмет» байланыс орталығына хабарласуға болатынын айтты.

Одан соң Динара Зәкиева алапат өрт кезінде құрылған эвакуациялық пункттерді аралады. Каштак, Половинка, Талица ауылдарынан уақытша көшірілген тұрғындармен кездесіп, жасөспірімдерге жасалған жағдаймен танысты. Азық-түлік пен қажетті заттарды табыстады.

# «ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

**«Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне 20 мыңға жуық жас қатысты. Бүкіл ел аумағында ұйымдастырылған жәрмеңкеде 3,5 мыңнан астам жұмыс беруші бос жұмыс орындарын ұсынды. Жалпы, биыл 100 мыңға жуық жас жұмыспен қамту іс-шараларына тартылады. Бұл туралы бүгін елордадағы «Жастар» сарайында өткен жәрмеңке барысында «AMANAT» партиясының Хатшысы Дәулет Кәрібек айтты.**

Бүгін Астанадағы «Жастар» сарайында ауқымды бос орындар жәрмеңкесі өтті. Іс-шараны Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырды. Жәрмеңкеге мемлекеттік органдар мен жеке компаниялар арасынан 50-ден астам жұмыс беруші қатысты.

«AMANAT» Хатшысы Дәулет Кәрібек атап өткендей, партияның сайлауалды бағдарламасында белгіленген басты міндеттердің бірі – жастар үшін әділ әлеуметтік лифт жасау.

«Қазақстандық жас ұрпақ еңбек нарығына тиімді кірігіп, елдің дамуына өз үлесін қосуы тиіс. Ол үшін партия бүкіл еліміз бойынша ірі жұмыс беруші компаниялардың қатысуымен ауқымды бос жұмыс орыны жәрмеңкелерін өткізеді. Биыл «AMANAT» 300 мың жасты, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды жұмыспен және әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз ететін орталықтар құрады. Бұдан басқа, конкурстық негізде жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5% жеңілдетілген несие беріледі. Осы жылы ұлттық компаниялар мен ірі кәсіпорындарда 1 мың жас үшін одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігімен тағылымдамалар ұйымдастырылады. Осылайша, партия жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін жүйелі түрде шешеді. Жалпы, сайлауалды бағдарламада 2027 жылға дейін 1,5 млн жасты жұмыспен қамту көзделген», – деді ол.

Мұндай жәрмеңкелер еліміздің барлық аймағында тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Қазақстандық жастар баспана алу мен емделуден бастап, бизнес ашуға және жұмысқа орналасуға дейінгі барлық мәселе бойынша қажетті кеңестер алады. Жәрмеңкелерге жұмыс берушілердің өздерінен басқа Халықты жұмыспен қамту орталықтарының, «Отбасы банкі» АҚ, Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, медициналық сақтандыру қорының, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, екінші деңгейдегі банктердің мамандары қатысуда.

Бүгін дәл осындай жәрмеңке Қарағанды қаласында да өтіп, оған 300-ден астам жас қатысты. «Жастар Рухы» ЖҚ-ның төрағасы Нұржан Жетпісбаевтың айтуынша, жоба жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін, әсіресе NEET санатындағы азаматтардың санын азайтуға бағытталған.

«Адал еңбек етіп, табыс табатын, қоғам дамуына үлес қосатын әр адам – құрметке лайық. «Жастарға жұмыс» жобасы халықты бос жұмыс орындары туралы ақпаратпен қамтуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта белсенділерімізден, мемлекеттік органдар мен жеке сектор өкілдерінен құралған мобильдік топтар барша отандасымыз кеңес ала алуы үшін ірі қалаларды ғана емес, сонымен қатар ауылдық жерлерді, моноқалаларды да аралайды. Ең бастысы, бұл іс-шара ақысыз әрі тұрақты түрде өткізіледі», – деді ол.

Атырауда бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне 1 мыңнан астам жас азамат келді. Олардың айтуынша, бір терезе қағидаты бойынша бір мезгілде бірнеше жұмыс берушімен әңгімелесу – өте ыңғайлы.

«Жоғары оқу орындарының түлектері бос жұмыс орындары үшін талас-тартысқа түседі. Сондықтан, бос жұмыс орындары туралы мәліметті басқалардан бұрын білу – аса маңызды. Сонымен қатар, интернеттегі немесе еңбек биржасындағы хабарландырулардан айырмашылығы, мұнда жұмыс берушімен бетпе-бет кездесіп, толғандырған сұрақты қоюға болады. Ал жүзбе-жүз әңгімелескен кезде міндетті түрде көп ақпарат аласыз», – деді Шыңғыс Тұрысбеков есімді студент.

Еске сала кетейік, бұған дейін «AMANAT» партиясы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірге жастарды нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталған «Жастарға жұмыс» жобасын жүзеге асыру бойынша бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеген еді.

Жоба аясында еліміздің барлық өңірінде жастарға арналған бос жұмыс орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру, жылдық мөлшерлемесі 2,5%-ды құрайтын жеңілдікпен несие беру, тау-кен өнеркәсібінде жаңадан 2 мың жұмыс орнын ашу, жас мамандарды IT дағдыларына оқыту үшін 3 мың ваучер бөлу және тағы да басқа игі бастамалар қарастырылған.

# 126,5 ТОННА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖИНАЛДЫ

**«AMANAT» партиясының мүшелері Абай облысында өрттен зардап шеккен тұрғындарға, сондай-ақ апаттың алдын алып жатқан өрт сөндірушілер мен құтқарушыларға жан-жақты көмек көрсетуді жалғастырып жатыр.**

Бас-аяғы 5 күнде еліміздің бірқатар өңірінде 126,5 тонна гуманитарлық көмек жиналды. Оның ішінде: азық-түлік, су, дәрі-дәрмек, киім-кешек, төсек-орын жабдықтары, жеке бас гигиена заттары, жанар-жағармай және т.б. қажетті заттар бар.

Еліміздің түкпір-түкпірінен келген «Жастар Рухы» жастар қанатының 500-ден астам волонтері халықты эвакуациялау, зардап шеккен тұрғындарға гуманитарлық көмек жеткізу, құтқарушыларға ыстық тамақ, дәрі-дәрмек және киім-кешек жөнелту ісіне атсалысуда.

«Еріктілеріміз күндіз-түні ауысыммен жұмыс істеп жатыр. Көмек көрсетуге ынталы жастар бірнеше күн бойы ұйықтамай еңбек етуде. Қосып жатқан үлесіміз апаттың алдын алуға сеп болады деген сенімдемін. Тұрғындар өз үйіне, байырғы өміріне оралуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек», – деді «Жастар Рухының» төрағасы Нұржан Жетпісбаев.

Күні кеше жастар қанатының волонтерлері мен белсенділері Семей қаласындағы «Жоламан» сауда-логистикалық орталығында орналасқан қоймаға жеті жүк көлігіне тиелген гуманитарлық көмекті түсірді. Өңірлерден келіп жеткен көмек Озерск ауылдық округіне қарасты Бородулиха ауылында да сақталады.

«Облыс аумағындағы орман өртіне байланысты кешеден бері еліміздің барлық өңірінен гуманитарлық көмек жеткізіліп жатыр. Біз оның барлығын қоймаларға жеткізіп, жеке-жеке есептеп, волонтерлер арқылы өрт аумағындағы штабтарға жөнелтеміз», – деді «AMANAT» партиясы Абай облыстық филиалының төрағасы Қуаныш Сүлейменов.

Айта кетейік, бұған дейін «AMANAT» партиясы Абай облыстық филиалы жанынан гуманитарлық көмек қабылдау пункті ашылған еді. Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының депутаттары Нұртай Сабильянов, Ринат Зайытов, Мақсат Толықбай және Самат Нұртаза өрттен зардап шеккен тұрғындардың хал-жағдайын біліп, өрт сөндірушілермен кездесті.

Еске сала кетейік, Шығыс Қазақстан облысының мәслихатындағы «AMANAT» депутаттық фракциясының жетекшісі Тұрарбек Әзекеновтің бастамасымен «Семей орманы» орман шаруашылығының қаза тапқан қызметкерлерінің отбасыларына материалдық көмек ретінде «Қазмырыш» АҚ 1 млн теңгеден бөледі.

# МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

**Қызылордада облыстық филиал жанындағы партиялық бақылау комиссиясының отырысы өтті. Онда «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында бөлінген қаржының жұмсалуы, білім беру ұйымдарында сапалы білім алуы үшін оқушыларға жасалатын қауіпсіз және қолайлы жағдайлар кеңінен талқыланды.**

Жалпы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының мақсаты – ауылдардың инфрақұрылымдарын дамыту, мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу арқылы ауыл тұрғындарының әлеуметтік, тұрмыстық әл ауқатын жақсарту. Бағдарламаның бекітілген методикасына сәйкес өңірде 53 тірек, 50 спутниктік елді мекендер айқындалып, бағдарлама жүзеге асқан 4 жыл ішінде облыста құны 18 млрд теңгеден асатын 225 инвестициялық жоба жүзеге асырылған екен. Жиында Қызылорда облыстық Экономика және қаржы басқармасының Ауыл шаруашылығы және ауыл-аймақтарды дамыту бөлімінің басшысы Бақытжан Қожабекұлы баяндама жасап, бағдарлама аясында бөлінген қаржының игерілуі турасында ақпарат берді. Оның айтуынша, биыл 39 елді мекенде 158 жобаны жүзеге асыруға облыстық бюджеттен 7 946 млн теңге, ал республикалық бюджеттен қосымша 58 жобаға 3 668 млн теңге бөлініп, барлығы 11,6 млрд теңгенің 216 жобасы қолға алынған. Бұл бөлінген қаражат аталмыш елді мекендердегі білім, мәдениет, денсаулық сақтау нысандарын күрделі жөндеуден өткізуге, сонымен қатар жарықтандыру, газбен жабдықтау, көлік инфрақұрылымы, сумен жабдықтау, абаттандыру жұмыстарына бағытталған жобаларға жұмсалуда.

Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Нұркен Бақытбекұлы облыстағы ауылдардың жартысынан астамында көшелер, білім беру және денсаулық сақтау нысандары жөндеу жұмыстарын қажет ететіндігін тілге тиек етіп, бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуы маңызды екенін жеткізді. Бүгінде өңірде демографиялық және миграциялық өсімдерге сәйкес бала саны жыл сайын артуда. «AMANAT» партиясы жас ұрпақтың сапалы білім алуын өзінің 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасына арнайы енгізіп отыр. Басты міндет – білім беру ұйымдарында оқушылар үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасау. Күн тәртібіндегі осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде Қызылорда облыстық Білім басқармасының Тәрбие жұмыстары жөніндегі бөлім басшысы Бектұр Қали хабарлама жасады.

Жалпы бүгінгі күні облыста 5 апатты және үш ауысымда жұмыс істейтін 6 мектеп бар. Аталған мәселелерді бірінші кезекте шешу үшін нақты жұмыстар қолға алынып отыр. Мәселен, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде салынатын мектептер мен демеуші және «Білім беру инфрақұрылымын қолдану қоры» есебінен 2025 жылға дейін апаттық мектептердің мәселесі түбегейлі және үш ауысымда білім беру мәселесі биыл жыл соңына дейін толық шешімін таппақ.

Дайындаған Нұрлан ҚОСАЙ

**Бүгін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Түркістан қаласында Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтеді. Бұған дейін Ұлытауда алғашқы отырысы өткен алқалы жиынның қасиетті Түркістан қаласында өтуінің өзіндік мәні бар. Кезінде осы аумақтағы Қарақұм, Ордабасы құрылтайлары Жоңғар шапқыншылығына қарсы күш біріктіруге, тұтас ұлтты ұйыстыруға шақырғаны тарих бетінде таңбаланып қалды. Сол секілді киелі өңірде өтетін Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысынан да күтеріміз көп.**

# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҰЙЫСУ МІНБЕРІ

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Осыдан тура бір жыл бұрын Ұлытауда Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы өткен еді. Елдегі ауқымды саяси өзгерістердің ізашары саналған жалпыхалықтық референдумнан кейін ұйымдастырылған басқосуда ел дамуына қатысты көптеген мәселе сөз болды. Ең бастысы, құрамы еліміздің барлық өңіріндегі қоғамдық кеңес мүшелері мен белсенді азаматтардан жасақталған Ұлттық құрылтайды билік пен бұқара арасындағы берік байланыс орнатудың тетігі ретінде қарастыруға болады. Әсіресе Ұлттық құрылтай халықтың үн қату мінберіне айналды. Өйткені бұл құрылымның мүшелері қоғамның әр санатынан іріктеліп алынды. Президенттің өзі Ұлттық құрылтай мүшелерін іріктеуге қатысты: «Біз көпті көрген ел ағаларының ақыл-кеңесіне жүгінеміз. Белсенді азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесін ескереміз. Жаңаша ойлайтын жастардың тың идеяларын қолдаймыз», деген-ді.

Сонымен қатар сол жолы Мемлекет басшысы құрылтай шақыру ата дәстүр екенін алға тартып, қазақ қоғамында маңызды мәселелердің осындай алқалы жиында талқылағанына назар аударған еді.

«Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген.

Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды.

Егемендік кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз Атамекенге шақырылды. Ұлы көш Тәуелсіз Қазақстанға бет алды», – деді Президент.

Демек, Құрылтай елдегі, қоғамдағы іргелі өзгерістер мен дамудың бастауында тұрды десек қателесе қоймасымыз анық. Бұл орайда бұған дейін халық үніне құлақ түрудің платформасы ретінде қарастырылып келген Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін алмастырған Ұлттық құрылтайдың да ұлық істерге ұйытқы боларына күмән жоқ. Мәселен, былтырғы Ұлытауда өткен алғашқы отырыста Мемлекет басшысы елдің тарихи жадын жаңғыртудың бір жолы ретінде ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне өзгеріс енгізу жайына тоқталған. Сол жолы Президент ел егемендігі туралы декларация қабылданған 25 қазандағы Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Осылайша, былтыр ұлық мереке араға 13 жыл салып қайта тойланды. Ең бастысы, бұл күн ұрпақ санасында Егемендік күні ретінде жаңғырды. Бұл сөз жоқ Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысының нәтижесі дей аламыз.

Жалпы құрылтайдың 117 мүшесі алқалы басқосуда ғана жиналып, мәселе көтермейді. Олар келесі жиынға дейінгі аралықта жергілікті жерде, өз саласы бойынша өзекті мәселелердің астарына үңіліп, олардың өзектілігіне көз жүгіртеді. Сол үшін де Ұлттық құрылтай құрамына Парламент депутаттары, саяси партиялар мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, үкіметтік емес және кәсіби ұйымдардың өкілдері ең бастысы өңірлік қоғамдық кеңестердің мүшелері тартылған. Олар Ұлттық құрылтай отырысынан басқа кездерде де Президенттің қабылдауында болып, өзекті мәселелерді уақыт оздырмай шешу жайын талқылай алады. Сонымен қатар Ұлттық құрылтай мүшелерін ауыстыру мүмкіндігі қарастырылған. Сол арқылы азаматтық ұстанымы бар, кез келген отандасымыз елдік мәселелерді шешуге үлес қоса алады.

Мәселен, Ұлытаудағы кездесуден кейін Президент Ұлттық құрылтайдың Т.Әубәкіров, С.Ақылбаев, А.Байменов, Р.Баталов, Б.Ізмұхамбетов, Ж.Күлекеев, С. Худяков, И.Салжанов, Д.Тұрлыханов, Т.Қалиев сияқты мүшелерін қабылдады.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин бұл алаңда қоғамдағы өзекті мәселелер ұдайы талқыланатынын айтады.

«Ұлттық құрылтай – Президент жанындағы негізгі консультативтік-кеңесші орган. Мемлекет басшысы бұл ұйымды құру туралы бастаманы өткен жылғы Жолдауында көтерген болатын. Қазіргі уақытта Ұлттық құрылтай Мемлекет басшысының қоғам белсенділерімен және сарапшылармен арадағы тікелей диалогын орнатып, оны дамытып отыр», – дейді Е.Қарин.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Ұлттық құрылтайда үш құндылық негізге алынатынын атап өтті. Бұл институт өз қызметінде идеологиялық тұжырымға сүйенеді. Яғни Ұлттық құрылтайдың мемлекет тарихындағы рөліне көңіл бөлінеді. Сонымен қатар Ұлттық құрылтай ұлтты ұйысуға шақырады. Осы тұрғыдан алып қарағанда құрылтайдың бірінші отырысының Ұлытауда өтуі бекер емес.

«Үшінші ой – мемлекет мүддесі бәрінен биік. Республика күнін қайта жаңғыртып, оған ұлттық мереке мәртебесінің берілуі – Тәуелсіздік идеясы мен мемлекеттік құндылықтарды берік орнықтыра түсуге бағытталған. Осы үш құндылық, атап айтқанда, біздің мемлекетіміздің тарихи тамыры тереңде екенін таныту, ұлтты ұйысуға үндеу, мемлекет мүддесін бәрінен биік қою жаңа қоғамдық шартты қалыптастыру кезінде біздің ең басты бағдарымыз болады», – дейді Е.Қарин.

Ұлттық құрылтайдың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінен тағы бір айырмашылығы сол мұнда жергілікті маңызға ие мәселелерге де баса назар аударылады. Бұл іске Ұлттық құрылтайдың өңірлердегі мүшелері атсалысады. Сондай-ақ «Хабар» және «Qazaqstan» телеарналарындағы арнайы бағдарламалар да аймақ тұрғындарын алаңдатқан мәселелерге басымдық береді.

Былтыр желтоқсанда Quryltai мобильді қосымшасы іске қосылды. Бұл платформаға азаматтар көкейлерінде жүрген мәселелерге қатысты өз ойлары мен ұсыныстарын жолдай алады.

Қазақстандық қоғамдық даму институтының сарапшысы Бауыржан Серікбаевтың пікірінше, құрылтай дала демократиясының ажырамас бөлігі саналады.

«Кезінде тарихымызда ел басына күн туған заманда елдің бетке ұстар азаматтары жиналып, құрылтайда елде туындаған мәселелерді көтеріп, дер кезінде шешіп отырған. Осынау алмағайып сәтте елді толғандырған мәселелерді құрылтайда елге танымал тұлғалар көтеріп, шешу жолын қарастырғаны бірлігімізді арттыратын дұрыс бағыттардың бірі.

Мемлекет басшысының бастамасымен құрылғаннан кейін Ұлттық құрылтайдың Қазақстан заңдарының шеңберінде нақты әрекет ететін мүмкіндіктері пайда болады. Алдағы уақытта бұл институт еліміздің ұзақмерзімді даму перспективаларын анықтайтын құрылымға айналады деп сенемін», – дейді ол.

**Ұлттық құрылтайдың кешегі секцияларында талқыланған өзекті мәселелер алқалы жиында бұл жолы да қоғам назарындағы түйткілдер талқыланатынын аңғартады. Ал күллі қазақстандыққа «Кеңесіп пішкен тонның келте болмасына» иек артады.**

# ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОҒЫСЫ

**Түркістанда Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы аясында жұмыс секцияларының отырысы өтті.**

Елімізге белгілі қоғам қайраткерлері мен Парламент депутаттары, қоғамдық кеңестердің мүшелері және БАҚ басшылары мен сарапшылар қоғамдық консолидация, мәдени-рухани даму, сондай-ақ білім және ғылым мәселелері бойынша секцияларға бөлініп, салаға қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

«Қоғамдық консолидация» секциясын Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары – Ұлттық құрылтай хатшысы Аида Балаева жүргізіп отырды. Онда ел бірлігін, татулықты ту етіп жүрген бірқатар зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері сөз алып, пікірлерін білдірді.

Жеке талқылау блогы халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыру тақырыбына арналды. Сарапшылар нотариустарды, адвокаттарды, полиция қызметкерлерін, прокуратура мен сот орындаушыларын тарта отырып, азаматтар үшін қоғамдық консультациялар ұйымдастыру тәжірибесін жаңартуды ұсынды.

Сонымен қатар Ұлттық құрылтай мүшелері отандық БАҚ пен медиа контентті дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ олардың қоғамдық шоғырландыруды нығайту құндылықтарын ілгерілетудегі рөлі туралы пікірлері және ұсыныстарымен бөлісті.

«Мәдениет. Өнер. Руханият» тақырыбындағы секцияны Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д.Қыдырәлі мен Мәдениет және спорт министрі А.Оралов жүргізіп отырды.

Келелі жиында еліміздегі медиа және мәдени-рухани даму мәселелері қаралды. Ұлттық құрылтай мүшесі Т. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Азамат Сатыбалды өткен жылы Ұлытауда көтерілген мәселелер бойынша топтарға бөлініп, ел арасында кездесулер өткізілгенін, нақты проблемаларды шешу жолдарының қарастырылғанын сөз етті.

«Мен барған жердің барлығында мәдениет үйінің жұмыс істеп тұрғанын көрген жоқпын. Барлық мәдениет үйлерінде қара құлып тұрады. Ол тек қана сол ауыл әкімінің, аудан әкімінің жиналыс өткізетін орны ғана болып тұр. Сондықтан аудандағы мәдениет үйлерін барынша жандандыру керек. Біз соларды сіңіру арқылы ғана елдің рухын көтереміз. Рухани астанадағы Ұлттық Құрылтайда елдің болашағы үшін тың, елдік шешімдер шығып жатса кәнеки», – деді Азамат Сатыбалды.

Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Тұрлыханов болса қоғамда туындап жатқан проблемалардың бірі жастардың жағдайы екенін айтып өтті. Алқалы жиында кітап ұстамайтын ұрпақ көбейгені, оны шешу жолдары да айтылды. Жиынға қатысушылар бүгінгі халықтың әлеуметтік жағдайымен қатар болашағына да мән беру керек дейді. Халық қалаулылары мен зиялы қауым өкілдері елдің әл-ауқаты мен тұрмыстық жағдайын жақсарту, рухын көтеру бағытында қызу пікірталас өрбітті.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Сәуле Досжанова еліміздегі дін мәселесіне тоқталды. Әр ауылда бір емес, бірнеше мешіттің болуы, оның әрқайсысы әр рудың ұрпақтарының иелігінде екені ұлттық болмысымызға сын екенін ашына жеткізді. Елді біріктіретін емес, бөлетін мұндай үрдістен арылып, одан да балаларға қажетті мектептер мен үйірмелер, спортзалдар салу қажеттігін ұсынды.

Түркістандағы Ұлттық құрылтайдың бірінші күніндегі үш секция жұмысы аясында қызу пікірталастар мен жаңды идеялар алмасу – бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының эволюциясының көрнекі көрінісі. Президенттің бірнеше жыл бұрын ұсынған бұл идеясы тиімді саяси реформаларды қалыптастыруға және жүзеге асыруға ықпал етеді.

Талқылау қорытындысы бойынша Ұлттық құрылтай мүшелерінің ұсыныстарын іске асыру жөніндегі арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеуге қатысты шешім қабылданды.

**Назгүл НАЗАРБЕК,**
*Түркістан облысы*

*Пікір*

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**
«Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры:

# МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ ТЕТІКТЕРІ ДЕ ҚАРАСТЫРЫЛСА...

– Былтыр Ұлытау облысында өткен Ұлттық Құрылтай жиынында Мемлекет басшысы келесі басқосуды киелі Түркістанда өткізуді ұсынған еді. «Құрылтайдың әр аймақта өтуі сол өңірдің дамуына серпін береді. Оның мүшелері әр жолы бір өңірдің тыныс-тіршілігімен танысады», – деген еді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Құрылтай ол Президент жанындағы кеңесші орган болған соң мұнда қоғамның қазанында қайнап тұрған ең өзекті мәселелердің шешімі анықталуы тиіс. Мәселені көтеру ол жұмыстың бір жағы ғана. Сол жұмыстың шешу тетіктері үшін де азаматтар жиналу керек. Оп-оңай шешілетін нәрсені қиындатпауымыз немесе қиын шешілетін дүниені кезеңкезеңге бөліп қарастыруға тиіспіз. Бізде әдетте мәселені бір-бірімізге ғана айтып, мұңымызды шағып ғана тарқасамыз. Енді мұның шешімін жасайтын уақыт жетті. Құрылтайға өз саласында тәжірбиесі мол азаматтар мүше болған.

Біздің ішкі мүмкіндіктеріміз өз мәселесімізді шешуге жетеді. Осы мәселеде қоғамға түсінікті тілмен әсіресе жауапкершілік бәріміздің мойнымызда деген ұғымды сіңдіре білуіміз керек. Ол үшін жастарымызды тәрбиелеуге тиіспіз. Одан соң ұлттық білім және ғылым секциясы өтіп жатыр. Бұрын бірінші орында экономика, одан соң идеология немесе керісінше идеология, одан соң экономика деп талас тудырып жататынбыз. Шын мәнінде екеуі қатар, тең жүруі тиіс. Бірінен бірін кейін қалдыра тұру деген болмайды. Халықтың сұранысын ескеруміз керек. Бұрынғыдай жалпақшешейлік, әйтеуір біреуге ұнау деген мәселе болмайды.

**Шерзод ПУЛАТОВ,**
Астана қаласы «Өзбек этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

# ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ

– Секциялар халықтың мүддесі ашық жеткізілетін еркін форматта өтіп жатыр. Мен жиындар осындай форматта өткенде ғана нақты мәселелер көрінеді д г ойлаймын. Жиында көп мәселені біліп отырмыз және олардың арасында ең маңыздыларына құлақ түрдік. Халық мұң-мұқтажын, қажеттілігі айтылатын платформа да ашылды. Платформа арқылы көп дауыс жинаған мәселелер де Құрылтай хатшылығының қатысуымен жыл бойғы жиындарда талқыланды. Халықпен де кездесулер ұйымдастырып, олардың мәселелері шешімін тауып жатты. Мұндай форматтағы басқосуларды ары қарай жалғастыра береміз. Өзім Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшесі болғандықтан баршаның басын қосып бір халыққа айналдыру жолында бірқатар жұмыс істегенімізді атап өткім келеді. Бірлігімізді арттыратын шаралар негізінде мемлекеттік тіл мәселесін де көтеріп келеміз. Мемлекеттік тілге ерекше мәртебе беруіміз керек.

# Демалыс соңы СЕРГЕЛДЕҢГЕ СОҚПАСЫН

Жаз шыққан соң теңіз жағасында, сервисі тәуір, табиғаты әсем жерлерге демалуға аттанатындар қатары көбейеді. Алайда арасында сол елдерде түрлі оқыс жағдайға ұшырап қалған жерлестеріміз туралы жайсыз жаңалықтарды оқып қаламыз. Сондықтан қазақстандық турист шетелде неден сақтануы, нені ескеруі керек екені жөнінде біршама мәліметті шолып, сарапшының пікіріне құлақ түрдік.

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

**ШЕТЕЛДЕ ДЕМАЛАТЫНДАР ҚАТАРЫ АРТТЫ**

«Туристік қамқор» корпоративтік қорының деректеріне жүгінсек, маусым айына дейін 74 506 жерлесіміз шетелге демалуға аттанған. Қазақстандық көп барған ТОП-5 елдің бірінші орнында Түркия тұр, бес айдың ішінде 30 мыңнан астам адам демалуға барған. Мысырда 19 мыңдай адам демалып қайтқан. Біріккен Араб әмірліктерін тамашалауға 14 мың адам аттанған. Тайландта демалысын өткізуге бес мыңдай қазақстандық аттанған. Ал 4,5 мың жерлесіміз демалыс орны ретінде Вьетнамды таңдаған. Биыл бес айдың ішінде 283,6 мың қазақстандық турист жолдамасын алған. Бұл былтырғы жылдың бес айымен салыстырғанда 2,5 есеге көп. Ескере кетер жайт, аталмыш елдерге өз бетімен немесе туыстарына барғандар бұл статистикада көрсетілмеген. Оларды қоссақ, шетелге демалу үшін аттанғандар саны әлдеқайда көп екенін көреміз.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне жүгінсек, шетелге шыққандар саны күрт өскен. Биыл бірінші тоқсанда 1,4 млн қазақстандық шекара асқан. Бұл былтырғы жылдың алғашқы үш айымен салыстырғанда 66 пайызға көп. Яғни, былтыр 845,2 мың адам шетелге барып келген.

**АУРУХАНА ТӨСЕГІНЕ БАЙЛАҒАН...**

Демалысын қызықпен өткізіп, жақсы көңіл күймен келгендер қатары көп деген үміттеміз. Алайда БАҚ-та бөтен елде оқыс жағдайға ұшырап қалған жерлестеріміз туралы жайсыз жаңалықтар кездеседі.

Мысалы, таяуда Таиландта жүрдек катер жағалаудағы бетон мұнараға соғылды. Екі адам мерт болған оқиғада қазақстандық турист айтарлықтай зардап шекпегені айтылды. Дауыл кезінде теңізге түскен Артур Ысқақов суға батып кетіп, оны құтқарушылар алып шықты. Ол аурухананың жансақтау бөлімінде көз жұмды.

Ақпан айында осы елде демалып жүрген жас әнші Дархан Жүнісбеков жол апатынан көз жұмды.

Оңтүстік-шығыс Азиядағы елдердің бірінде демалып келген павлодарлық ауруының беті қайтпаған соң инфекция бөліміне жүгінеді. Сынама оның маса шағып, денге безгегін жұқтырғанын көрсетеді. Шетелдегі демалысының соңы оны бір апта аурухана төсегіне байлаған.

Коронавирус пандемиясы кезінде туризмі дамыған елдердің көбінде вакцина, ПТР анықтамасы талап етілетін. Алайда биыл осы талап барлық елде алынып тасталды. Тек Африка елдеріне барғанда сары безгекке қарсы вакцина жасалуы тиіс. Одан жыл сайын жүз мыңдаған адам көз жұмады. Бұл көбінесе Африка немесе Оңтүстік Америка аймақтарында кездеседі.

Былтыр жазда Конгода маймыл безгегі өршігені белгілі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, Африкадан тыс 24 елде осы ауру тіркелді. Эпидемиологтар инфекция таралған қолайсыз аймақтарға барып келгендердің осы жұқпалы індетті әкелу қаупін болдырмау шараларын қолға алған болатын.

Осындай қауіп-қатер, ойға келмейтін оқыс жағдайлардан сақтану және оған дайын болу жөнінде ақыл-кеңес сұрап туризм саласы маманының пікіріне құлақ түрген едік.

Travel bank компаниясының турагенті, трэвел блогер Роза Есенқұлова қазақстандық туристерді оқыс жағдайдан құтқаратын басты әрі міндетті шара – ол медициналық сақтандыру жасату екенін баса айтты. Сақтандыру полисін шетелге шықпай тұрып жасату керек екен, өйткені шетелде жүріп жасаған сақтандыру кейде жұмыс істемей қалуы мүмкін.

Жолдаманы туристік компаниядан ала ма, әлде шетелге өзі билет алып аттана ма немесе сол елдегі туыстарына бара ма, соған қарамастан туристің медициналық сақтандыруын алдын ала әзірлетіп алғаны жөн.

«Бөтен елде кез келген жағдай болуы ықтимал. Ыстығын көтеріліп, жөтелің күшеюі немесе құлап қалып, аяқ-қолыңды жарақаттап алуың мүмкін. Оқыс жағдайда медициналық сақтандыру көмектеседі, онда барлық талаптар ескерілген әрі байланыс нөмірлері көрсетіледі. Турист соған байланысқа шығып, «мына қаладамын, осындай жағдай болды, мынадай қонақ үйде орналасқанмын» деп айтады. Құжатының көшірмесін жолдағанда жаһандық Call орталықтың ассистенті туристі елден алып кету қажет болса, сол шараны қолға алады, ал ол өзі емдеу орнына бара алатын болса, сол маңдағы емханаларға жолдайды. Онда дәрігер сақтандыру бойынша тегін қабылдап, көмек көрсетеді. Дәрі-дәрмек, болмаса ота жасау қажеттілігі болса, ол жеке жасалады. Алайда ескеретін жайт, сақтандырудың сомасы белгілі бір қаражатқа есептелген болады. Көрсетілген көмек одан асып кетсе, артығын турист өз қалтасынан төлейді», – дейді Роза Есенқұлова.

Ұсақ-түйек осындай оқиғалар кездесіп жатады. Мысалы, «баласын маса шағып кетіп, аллергиясы өршіген, мопедтен құлап, аяғын сындырып алған» деген сияқты оқиғалар. Біздің компанияда турпакеттің ішінде осы сақтандыру мен ұшақ билеті қоса кіреді.

Еске сала кетсек, жауапсыз туроператорлардың кінәсінен шетелдерде жатын орынсыз, қайтатын билетсіз қалған қазақстандық туристердің мәселесін шешу үшін 2016 жылы Қазақстан азаматтарының сыртқа шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі енгізілді. Ол «Туристік қамқор» корпоративтік қорына жүктелген еді. Туроператорлар қормен шарт жасайды. Күтпеген жағдай болған кезде немесе туроператор банкроттыққа ұшыраған жағдайда, сол елде төңкеріс болса, әуежайда немесе ұшаққа қатысты оқыс жағдай болса, қор қазақстандық туристтерді шетелден әкелуді өз міндетін алады. Бұл мүмкіндік турист жолдамасы берілгенде тур кодпен қоса ұсынылады. Ал өз бетімен шетелге сапарлап жүргендерге ондай мүмкіндік берілмейді.

> ***Қазақта «Сақтанғанды сақтаймын» деген сөз бар ғой. Бөтен елге барар алдында сол елдің заңдарын, шетелдікке қойылатын талаптарын, қалалардағы тәртіп ережелерді алдын ала қарап, танысып алғанның артықтығы жоқ. Қай жерде не істемеу керек, қандай киім кимеу керек деген секілді. Туризм компаниясы арқылы барған жағдайда оны турагент түсіндіріп, ескертеді. Ал өз бетімен келгендерге ізденуге тура келеді.***

Трэвел блогер Роза Есенқұлованың айтуынша, келесі ескеретін нәрсе – жеке базалық дәрі қобдишасы.

«Бұл еліміздің ішінде сапарларға шыққан жағдайда керек нәрсе. Қобдишада ыстық түсіретін, іш ауыруын басатын, аллергия және жөтел дәрілері, винт, спирт т.б. болуы тиіс. Осыларды да шетелге алып шығу керек. Жеке тағайындалған дәрілерді де ұмытпаған жөн», – дейді сарапшы.

**САҚТАНСАҢ САҚТАЙМЫН...**

Роза Есенқұлова туристің өзін қорғаудың бірінші тәсілі – сақтандыру, екіншісі – дәрі қобдишасы, үшіншісі – адамның барынша сақ әрі мұқият болып жүруі.

«Қазақта «Сақтанғанды сақтаймын» деген сөз бар ғой. Бөтен елге барар алдында сол елдің заңдарын, шетелдікке қойылатын талаптарын, қалалардағы тәртіп ережелерді алдын ала қарап, танысып алғанның артықтығы жоқ. Қай жерде не істемеу керек, қандай киім кимеу керек деген секілді. Туризм компаниясы арқылы барған жағдайда оны турагент түсіндіріп, ескертеді. Ал өз бетімен келгендерге ізденуге тура келеді», – дейді ол.

Оның айтуынша, Тайландта жағажайда темекі шегуге болмайды. Оған айыппұл салады. Одан басқа да айыппұлдар аз емес. Тәртіп сақшылары осындай шектеулерді сақтамаса ұстап алып, қамап тастайтын жағдайлар да жеткілікті екен. Туризм саласының маманы алдын ала ізденіп, жағдайды зерделеп алуды ұсынады.

«Қатар еліне аттанғанда ішімдік алып баруға болмайды. Duty Free-ден сатып алмау керек, жеке жүк арасына салуға да болмайды. Бұған берілетін жаза өте қатаң. Сондай-ақ қыз бен жігіт көшеде құшақтасып, сүйісуге болмайды. Екеуіне де айыппұл салыпты. Шри-Ланкада жүргізуші куәлігінсіз мопед тебуге болмайды. Вьетнам, Тайланд осындай талап бар. Алайда маусым кезінде турист көп, оны аса бір қадағалау жоқ, сондықтан көпшілік жүре береді. Өйткені мопед деген – туристердің көлігі. Алайда осыны білген жөн. Сол секілді Үндістанда, Гаода жүргізу құқығын беретін құжатты аса қатты тексермейді», – дейді Роза Есенқұлова.

Біріккен Араб Әмірліктерінде де көшеде, қоғамдық көлікте, таксиде, жағажайда және басқа да қоғамдық орындарда ішімдік ішуге болмайды. Ішімдік тек лицензиясы бар, мейрамхана және клубтарда ғана рұқсат етілген. Оны бұзғандар қамалады немесе айыппұл салынады.

Құшақтасып немесе сүйісуге болмайды. Оған жаза қарастырылған немесе кінәлілерді депортациялайды.

Туризм саласының маманы, халқы кедей елдерге барған кезде ұрлықтан сақтану керектігін баса айтты. Ол үшін ақша салған әмиянды, құжаттарды сөмкеге не арқалайтын қоржынға салуды ұсынды. Ең дұрысы, құжатты қонақ үй бөлмесіндегі не ресепшндегі сейфке қалдырып кеткен жөн. Немесе нөмірде қалатын шабаданға салып, аузын құлыптай салса да болады. Қалада жүргенде құжатты жоғалтып алуың мүмкін. Өйткені туристер экстремалды спортқа қатысып, парашютпен ұшады, сосын ішімдік ішіп жүріп жоғалтып алуы да мүмкін. Бөтен елде құжатсыз қалсаң елге қайту, ұшаққа билет алу, билетің болса ұшаққа отыру мүмкін емес. Оның телнұсқасын немесе жеке басты куәландыратын құжатты алудың машақаты әркімге түсінікті шығар. Кейбір елдерде Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері жоқ екені белгілі. Сондықтан құжаттар мен үлкен сомадағы ақшаны сенімді жерде сақтау керек.

«Қолма-қол ақшаны үш-төрт жерде бөліп ұстаған дұрыс. Бір бөлігін әмиянда, бір бөлігін қалтада, бір бөлігін сейфке сақтаған жөн. Бір бөлігі ұрланса не жоғалса қалғанын жұмсай бересіз. Барлығы бір жерде жоғалса, өте қиын жағдайда қаласыз. Одан басқа ақша банк картасында сақталғаны жөн. Банк картасы бұғатталып қалса, қолма-қол ақша көмекке келеді. Ал қолма-қол ақшаны жоғалтып алсаң, картадағы қаржыны жұмсайсың», – дейді туризм саласының маманы.

Роза Есенқұлова біз жоғарыда айтқан оқыс жағдайлардың көбінде туристер сол елдегі құтқарушылардың айтқанын, ескертпесін тыңдамайтынын айтады. «Ештеңе етпейді» деп ауа райы қолайсыз кезде шомылып, ескертуге қарамастан үлкен толқындардың арасына кіріп кетеді. Таиланд, Түркия, Шри-Ланкада ауа райы қолайсыз болса немесе шұғыл ескерту жарияланса, жағажайда қызыл жалау тұрады. Дауыл деп құтқарушылар да ескертіп тұрады. Соған қарамастан, кейбір туристер теңізге шомылады. «Суға түспе» десе түспеу керек. Сонымен қатар отельдерде кешке қарай бассейндер жабылады. «Түспе» деп айтады. Неге? Өйткені кешке бассейн суын тазартып, химиялық қоспамен өңдейді. Шомылған жағдайда аллергия шығуы мүмкін. Мысалы, Түркияда бассейнді тазалап жатқан кезде туристер ішімдік ішкен күйі суға шомылған. Үстері бөртіп, аллергия шыққан. Тыңдамаған туристің өзі кінәлі», – дейді туризм саласының маманы.

Оның кеңесіне құлақ түрсек, шетелде жүргенде сақ әрі ұстамды болу керек екен. Өйткені туристердің қызығушылығы жоғары, олар барлық жерге кіргісі, бәрін көргісі келеді. Сосын селфи жасаймын деп жартасқа, биік нысандардың үстіне шығып алып, құлап мертігіп қалып жатады.

Тағы бір ескерер жайт, хайуанаттар бағын аралағанда экзотикалық немесе жабайы аңдарға тамақ беруге болмайды. Арыстан, жолбарыс, аюдың торында «жақындауға тыйым салынады» деген жазуы бар тақтайша ілініп тұрады. Кейбір «аңдарды сипамаңыз» деп ескерту тұрады. «Соған қарамастан аңды сипамақ, ұстамақ болғандарды аң тістеп, қауып алады. Тіпті, жыртқыштың торына кіріп кеткендерді жеп қойған жағдайлар да кездескен», – дейді Роза Есенқұлова.

Ол қазақстандықтар басқа елде каршеринг арқылы көлікті жалға алғанда сақ болуы керек екенін ескертті. Өйткені жол-көлік оқиғасына тап болатындар аз емес екен. «Басқа елде көлік тізгіндегенде абай болуы керек. Ол мемлекеттің жол ережесі Қазақстаннан өзгеше болуы мүмкін. Соны білмегендіктен тұрмайтын жерге көлігін қояды, бұрылмайтын жерден бұрылады. Тәртіп сақшысы оған айыппұл салады. Алайда кейбір елде жаза одан да ауыр болуы ықтимал», – деді ол.

Қысқасы, шетелде демалуға аттанғанда ескеретін жайт адамның өзінің қауіпсіздігі басты орында тұрғаны жөн. Жеке бастың амандық-саулығы – туроператордың немесе турист қабылдайтын мемлекеттің міндетіне кіретін шығар, алайда ол өзіміз үшін қымбат. Сондықтан барынша сақ жүру, жеке заттар мен құжаттарға мұқият болуымыз керек. Сарапшы пікірі де осы ойымызды қуаттады.

# Тыныштық күзетіндегі түйткіл

Қаңтар оқиғаларынан кейін Қазақстан қауіпсіз елдер санатынан шығып қалды. Жаһандық бейбітшілікті жақтау индексінде республикамыз жаһандық рейтингте 97-орынға сырғыды. Бұрын 64-орында болатын. Дегенмен, құзырлы органдар қылмыстың барлық дерлік түрі бойынша төмендегенін мәлімдейді. Онда неге халықаралық сарапшылар елдің қауіпсіздігіне сенбейді? Мемлекет халық пен халықаралық қоғамдастықтың сенімін қайтару үшін не істеуі керек? Осы орайда келесі жылы іске қосылатын «Қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің» 5 жылдық бағдарламасы нені өзгертпек?

Қазақстандағы қылмыстың динамикасына, құрылымына және деңгейіне қатысты қылмыстық-құқықтық статистиканы талдау көрсеткендей, соңғы 5 жыл ішінде, яғни 2018-2022 жылдары елде құқықбұзушылықтың кемігені байқалады. Нақтыласақ, олардың саны 2018 жылғы 292,2 мыңнан 2022 жылы 157,4 мыңға дейін азайды.

Осы кезеңде қылмыстық құқықбұзушылықтардан зардап шеккен адамдардың саны да 1,7 есеге қысқарды. Яғни көрсеткіш 2018 жылғы 242,8 мыңнан 2022 жылы 136,9 мыңға дейін төмендеді. Назар аударар жайт, Қазақстанда қылмыстан ер азаматтарға көп нұқсан келеді екен. Қылмыстан зардап шеккен әйелдер саны бесжылдықта 116,7 мыңнан 64,1 мыңға дейін, ерлер саны 126,1 мыңнан 72,8 мыңға дейін азайды.

Елімізде зорлық-зомбылық қылмыстарының төмендеуі байқалады. Бірақ қылмыс салдарынан қаза тапқан адамдардың саны көп болып тұр: 5 жылда 2546-дан 2358-ге дейін шамалы кеміді. Жыл сайын қылмыскерлер қолынан екі мыңнан астам адамның өлетіні көңілге қаяу салады.

«Жалпы, талданып отырған кезеңде кісі өлтіру саны 823-тен 520-ға дейін, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру – 2 198-ден 1 840-қа дейін, зорлау – 3 еседей немесе 1130-дан 386 оқиғаға дейін қысқарды. Пайдакүнемдік, зорлық-зомбылық қылмыстары, соның ішінде қарақшылық 580-ден 177-ге дейін, тонау 8091-ден 2404-ке дейін, ал ұрлық саны 3 еседен астамға немесе 180,1 мыңнан 58,8 мыңға дейін күрт азайды», – деп мәлім етті Ішкі істер министрлігі.

Әйтсе де, сарапшылар да, қатардағы адамдар да полицияның кейбір қызметкері статистиканы өсірмеу үшін шағымды қабылдамайтынына, қабылданған өтінішті кері қайтарып алуға шақыратынына назар аударып жүр. Мұндай тәсілмен төмендетілген статистика бақ емес, сор болса керек.

Қорқыныштысы сол, есірткі саудасы да ғаламторға шығып, оның шексіз, көлеңкелі өрісін белсенді игеріп жатыр. Ондағы күреске нашар жабдықталған қазақстандық құқық қорғау органдарының қауқары жете бермейді. Ведомство дерегінше, қазіргі кезде ішкі істер органдарында компьютерлік техникамен жарақтандырылу үлесі өте төмен және қажетті нормативтің небары 44 пайызын құрайды.

«Интернет пен электрондық төлем жүйелерінің мүмкіндіктерін есірткі сатушылар белсенді қолданады. Анықталған есірткі қылмыстарының жалпы саны, интернетте есірткіні насихаттау және тарату фактілері ұлғайып барады. Сонымен қатар мұндай қылмыстар үшін кінәлілерді анықтау және жауапқа тарту өте қиын. Мұның сыртында есірткіні синтетикалық препараттар ауыстырып жатыр. Олардың өндірісі де, сату бағасы да арзан әрі мұндай препараттарды тәркілеу көлемі геометриялық прогрессиямен өсуде: 2018 жылы 1,8 келі ғана синтетикалық есірткі тәркіленсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 228,6 келіге дейін күрт өсті», деп хабарлады ІІМ мамандары.

**ҚАЙТПЕК КЕРЕК?**

Қанды қаңтар оқиғалары Қазақстандағы тұрақтылық мен қауіпсіздіктің тым әлжуаз екенін көрсетті. 2022 жылы Жаһандық бейбітшілікті жақтау индексінде Қазақстан қауіпсіздік рейтингінде 97-орынға құлдырады. Бұрын 64-орынға дейін көтерілген және қауіпсіздік деңгейі жоғары елдер санатында саналатын. Сырт көз сыншы осылай бағалады. Мұны билік органдары растайды.

Ұлттық статистика бюросы жүргізетін халықтың полицияға деген сенім деңгейі туралы әлеуметтік зерттеулер қорытындысы да төмендеген. Зерттеу көрсеткендей, полицияны «қорғаным» деп санайтын қазақстандықтардың үлесі 2019 жылғы 89,5%-дан (оның ішінде толық сенетіндер – 38,3%, ішінара – 51,2%) 2022 жылы 74,6%-ға дейін (36,4% және 39%) төмендеп кетті.

2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын орындау мақсатында Жоғары аудиторлық палата жүргізген зерттеулер Қазақстан халқының үлкен бөлігі бүгінде өз басына, мүлкіне және қоғамдық тұрақтылыққа қатысты қауіпсіздікті сезінбейтінін паш етті. Палатаның мәліметінше, тіпті зұлмат індет, жаһандық пандемия жайлаған 2020 жылдың өзінде қазақстандықтардың 62,2 пайызы осы үш тұрғыда өзін қауіпсіз сезініпті. Ал 2022 жылы олардың үлесі – 60,3 пайыздан төмен түсіп кеткен.

Құқық қорғау органдарына сенімді қайтару үшін қылмыстың барлық түрімен күрес пәрменді жүргізілуі керек. ІІМ әзірлеген «Қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бағдарламалық құжатының жобасы ары қарай пысықталуда. Оның аясында қандай шаралар қолға алынатыны аталған тұжырымдаманы іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарының ақырғы нұсқасы қабылданған соң белгілі болмақ.

Әзірге ІІМ оның аясында бірнеше бастама ұсынып отыр. Мысалы, бүгінде ішкі нарықта бірдей IMEI кодтары бар құрылғылар табылуда. Бұл алаяқтардың таптырмай, жазадан жалтарып кетуіне көмектеседі. Оны болдырмау үшін 2025 жылдан бастап, телефондарды әкелу және сату тәртібін құқықтық және практикалық реттеу жоспарланған. Бұған қоса, 2025 жылы банктердегі тексеру рәсіміне ұқсас, байланыс операторларының SIM-карталарды тіркеу кезінде абоненттерді биометриялық сәйкестендіруін енгізуі көзделеді. 2026 жылдан бастап, Қазақстан Еуропа Кеңесінің компьютерлік қылмысқа қарсы конвенциясына қосылмақ. Сөйтіп, 2028 жылға шейін ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдаланып жасалған қылмыстарға қарсы іс-қимылда халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге ниетті.

2025 жылы Үкімет жанынан Есірткі тұтынуды және есірткіге тәуелділік профилактикасы жөніндегі қызметті үйлестіру жөніндегі бірыңғай ведомствоаралық орталықты құру жоспарында бар. Басқа да кешенді шаралар қарастырылып жатыр.

**ПОЛИЦЕЙ МҰҢЫН КІМ ТЫҢДАР?**

Ішкі істер органдарының ардагері Серікбай Сұлтан бағдарлама әзірлеушілерді барынша батылырақ болуға шақырды. Өйткені қоғам қауіпсіздікті күшейту шараларының ертең емес, дәл қазір қолға алынғанын талап етті. Ал жаңа бесжылдық тұжырымдама жобасында көптеген шара тек 2025 жылы қолға алынбақ.

«Бәлкім, ол кезде кім бар, кім жоқ деп отырған шығар. ІІМ тегеурінді іс-қимылға жедел кіріскені абзал. Бүгінде елде жасалатын қылмыстардың 80 пайыздайын ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық, жымқыру құрайды. Мұның бәрі қарапайым бұқараға барынша жақын, соларға мейлінше зиян келтіретін қылмыстар. Қылмыскерлер онсыз да дағдарыстан титықтаған халыққа алапат зардап келтіруде. Халық биліктің өзін қорғағанын қажет етеді. Қорған болуға тиісті полицияның өзі қорғансыз. Абай облысын жайлаған тілсіз жау өрт сөндірушілердің ауыр жағдайын паш етті. Біздің салада да жағдай ұқсас. Көліксіз, қара жаяу жүрген полицейлер жетерлік. Материалдық-техникалық жарақтандырылуы нашар деңгейде. Себебі полицияның аумақтың бөлімшелерін қаржыландыру негізінен әкімдіктердің мойнына жүктелген, ал олардың қаржылық мүмкіндігі шектеулі», – деді сала ардагері.

Сарапшы тағы бір мәселеге назар аудартты: жасыратыны жоқ, азаматтар полиция бөлімдеріне барудан сескенеді. Өйткені олардың көбісі әбден тозығы жеткен, тіпті апаттық жағдайға таяған, түсі де, іші де суық ғимараттарда орналасқан. Аймақ түгіл, Астанада да осылай. Маманның байламынша, ішкі істер органдарының ғимараттармен, қоймалармен, қару-жарақты, айғақ заттарды, архивті сақтау орындарымен жете жабдықталмауы азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасына кері әсер етеді. Мысалы, басқаны айтпағанда, бірқатар бөлімдерде архивке жолданған құжаттарды кері алғызғанда, одан көктің иісі мүңкіп, қолқаны қабатыны құпия емес.

Қазақстандықтар мұндай ескірген, ұсқынсыз, үрейлі нысандарға бас сұққысы келмейді, содан болған қылмысқа қол сілтей салуы мүмкін. Қазір ІІМ жүйесінде жұмыс істеп тұрған ғимараттардың тең жартысы, 50 пайызы өткен ғасырларда салынған. Тіпті, сонау XIX ғасырда тұрғызылғаны жетерлік. Олардың бәрі дерлік тозығы жеткен және жарамсыз күйде. Тағы 30 пайызы – қолданыстағы стандарттарға, яғни техникалық, санитарлық, пайдалану нормалары, өрт қауіпсіздігі талаптары, инженерлік-техникалық беріктік және терроризмге қарсы қорғаныс бойынша заманауи талаптарға сәйкес келмейді.

Сала ардагерлері биліктен ең алдымен тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметкерлерге қамқорлық жасауды сұрайды. Полицейлер өзге күштік құрылымдардағы әріптестерінен әлдеқайда аз еңбекақы алады, демек, унификация жүргізу қажет. Қасіретті қаңтар оқиғалары кезінде біраз нысанына нұқсан келді. Жалпы алғанда, республика бойынша кем дегенде полицияға арналған 225 ғимаратты жаңадан салу талап етіледі. Оның ішінде 6-уы – облыстық ішкі істер департаменті, 84-і – қалалық және аудандық органдардың ғимараты. Сонымен қатар ішкі істер органдарының барлық дерлік ғимараты күрделі жөндеуді қажет етеді.

Елде тұрақтылық шайқалып, қылмыс өршігенде қоғамның барлық қаһары, сыны полицияға бағытталады. Шынында, салада қалыптасқан ауыр ахуалға Қаржы және Ұлттық экономика министрлігіндегілердің қатысы бар. Бюджетті қалыптастыру кезінде полицияның көптеген шығысын жете қаржыландырмайды. Республикалық және жергілікті бюджет есебінен полиция объектілерін салу жөніндегі ІІМ бастамалары сонау 2015 жылдан бері қолдау таппай келеді.

**Елдос СЕНБАЙ**

# АСТАНАДА АРДАГЕР-ЭНЕРГЕТИКТЕР БАС ҚОСТЫ

**15 маусым күні Астанада электр желілері компанияларының басшылары және салалық мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен Қазақстан және ТМД елдерінің ардагер-энергетиктерінің халықаралық форумы өтті. Форумды «KEGOC» акционерлік қоғамы және Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының (ҚЭҚ) Ардагер-энергетиктер кеңесі ұйымдастырды.**

Нұрлан ҚОСАЙ

Электр энергетика саласының экономикада алатын рөлі маңызды екені айтпаса да түсінікті. Ал еліміздің түкпір-түкпірінде кездесетін электр жеткізу желілері тіршіліктің күре тамыры іспеттес. Халқымызды сенімді әрі тұрақты энергетикамен қамтамасыз ету – осы желілердің адам ағзасындағы қан тамырындай үздіксіз жұмыс істеп тұруымен тікелей байланысты. Осыған орай Қазақстанның, сондай-ақ Беларусь, Қырғыз және Ресей елдерінен келген ардагер-энергетиктер Астанада бас қосып, саладағы түйіткілді мәселелерді талқылады.

Форум барысында «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Қаныш Молдабаев қатысушыларды Қазақстан электр энергетикасы саласының ағымдағы жағдайымен таныстырды, сондай-ақ компанияның келешектегі даму жоспарлары туралы баяндады. Компания басшысының айтуынша, 2023 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша Қазақстанда ұлттық, өнеркәсіптік және өңірлік маңызы бар 207 электр станциясы жұмыс істейді. Олардың жалпы қуаты 20,8 ГВт. 2015 жылдан бері бұл көрсеткіш жаңармалы энергия көздері есебінен 3,2 ГВт-қа артқан. Электр энергиясын өндіру бойынша былтыр 112,8 млрд кВт/сағат болса, ал тұтыну көлемі 100 млн кВт/сағатқа артық, яғни 112,9 млрд кВт/сағатты құрайды.

– Қазақстан энергия жүйесіне жүктеме жыл сайын артып келеді. 2022 жылғы 7 желтоқсанда тұтынудың ең жоғары көрсеткіші тіркелді, яғни 16 459 МВт. Бұл Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы рекорд орын болып есептеледі. Осындай жоғары жүктемелер кезінде Ұлттық электр торабы (ҰЭТ) штаттық режимде сенімді жұмыс істегенін атап өткім келеді. Алдағы күзгі-қысқы кезеңде жүктеме бұдан да жоғары болады деп күтілуде. Десе де, қазіргі кезде жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстарымыз ондай ауыртпашылықтарды ешқандай тосын жағдайсыз еңсеруге мүмкіндік береді деп сенемін. Барлығы біздің электр станцияларымызға байланысты. Таяуда тарифтерді көтеру жөнінде бұйрық бекітілді. Бұл біз үшін үлкен қолдау болмақ, – деді компания басшысы Қаныш Тәңірбергенұлы.

«KEGOC» АҚ басқарма төрағасы алдағы бірнеше жылда салада электр энергиясы мен қуат көздерінің тапшылығы болатынына назар аударып отыр. Осы болжамды тапшылықты жабу мақсатында Энергетика министрлігі еліміздің 2035 жылға дейінгі энергетикалық балансын бекіткен болатын. Ол қолданыстағы қуаттарды жаңғырту және жаңа өндіруші қуаттарды салуды қарастырады. Сонымен қатар «KEGOC» АҚ энергетикалық байланыстарды күшейту жобаларын салып, Батыс аймақты Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіруді көздейді.

Сондай-ақ кездесуде талқыланған өзекті мәселелердің бірі – білікті кадрлар тапшылығы төңірегінде пікір алмасу туралы болды. Қазіргі уақытта энергетика саласында 139 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Бұл ретте саланы білікті кадрлармен жасақтауда қиындықтар туындауда. Кадр тапшылығының артуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – төменгі жалақы деңгейі, ол елдегі орташа жалақыдан 13,8%-ға төмен.

Электр энергетикасы саласындағы қазіргі жағдайды және оларды шешу жолдарын талқылаудан бөлек халықаралық форумда ұрпақтар сабақтастығы және күллі саналы ғұмырын отандық электр энергетикасын дамытуға арнаған жандарға қамқорлық көрсету мәселелері талқыланды. Аға буын энергетиктер қауымы Қазақ КСР Энергетика министрлігінің жемісті қызметі қазіргі заманауи жас басшылар үшін еліміздің маңызды энергетика саласын табысты басқаруда шын мәнінде үздік үлгі болуға тиіс деп есептейді.

– Осымен 12-ші мәрте өткізіліп отырған форумның дәстүрге айналғаны қуантады. Мұнда энергетика саласының сүбелі мәселелері талқылануда. Делегаттарымыз кеңестік кезінде жоғары сапа мен стандарттар деңгейінде салынған инфрақұрылымдардың құрылысын салу, іске қосу жұмыстарына қатысқан тәжірибесі мол азаматтар. Ол кезде энергетика саласы бір ведомствоға қараған болатын. Қазіргі кезде үш министрлік бөліп алып, басшылық етіп отыр. Атап айтқанда, Экономика министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі және тағы да басқа органдарға қарайды. Бұндай жүйе жұмыстардың тиімді атқарылуына үлкен кедергісін тигізеді. Сол себепті саланы бөлшектемей, қайтадан бір ведомствоға біріктіру қажет. Бұл ойымды көптен бері айтып келемін, – дейді ҚЭҚ Ардагер-энергетиктер кеңесінің төрағасы Советхан Нұрпейісов.

Форумның қарауына енгізілген мәселелер делегаттар тарапынан кеңінен талқыланып, көтерілген сұрақтар бойынша ұсыныстар мен тілектер қабылданған Қарарға енгізілді. Отырыс соңында бірқатар ардагерлер «Ардагер энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» белгілерімен, сондай-ақ ҚЭҚ-тың құрметті атақтарымен және грамоталарымен марапатталды.

Отандық энергетика саласын үлкен жауапты кезеңдердің алдында тұр. Осындай саланың өзекті мәселелері талқылауға мүмкіндік беретін, аға буын энергетиктер өздерінің тәлім-тәжірибесімен бөлісе алатын және қазіргі энергетика саласындағы жағдайға тура баға бере алатын дәстүрлі пікірталас алаңдарының маңызы зор.

Қуаныш САПАРБАЕВ *(коллаж)*

# МЕКТЕП САТУ МАҚТАНЫШ ЕМЕС

**Жуырда Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай Алматы облысындағы мемлекеттің қарауындағы білім ошағы бәз біреулердің жекеменшігіне айналып кеткеніне алаңдаушылық білдірген болатын. Айтуынша, Қарасай ауданы Шалқар ауылындағы 250 балаға арналған орта мектепке толығымен күрделі жұмыс жүргізіліп, артынан 15 миллионға жекеменшікке сатылып кетіпті. Ауыл тұрғындары жаңа қожайыны балабақша ашады деп үміттеніп жүргенде, ғимаратты келесі бір кәсіпкер 80 миллион теңгеге сатып алған. Күні кеше ғана облыс басшысы қолдан-қолға өткен мектепті үшінші қожайыны мемлекетке қайтарып бергенін айтып отыр. Әрине, мемлекет меншігіндегі мектептің алғашқы бағасы нарықтағы үйден де арзан бағаға өтіп кеткені күдікті күшейтеді. Десе де, елдегі апатты жағдайдағы мектептер мен халық үдере көшкен елді мекендердегі жабылу алдында тұрған білім ошақтарын игілікті іске пайдаланып, жекеменшікке берудің де қажеттілігі бар ма деген ой туады. Себебі…**

Жадыра МҮСІЛІМ

### ҚОЛДАН-ҚОЛҒА ӨТКЕН

Әңгіменің әлқиссасын алдымен әлгінде айтқан мектептің жай-жапсарынан бастасақ, жұрттың назарын аударткан мектептің ғимараты о баста апатты болып танылған. Сондықтан оқушылар ауылдағы жаңа мектепке көшіріліп, ескі мектеп ғимаратына толығымен күрделі жөндеу жасалып, жаңадан спорт залы салыныпты. Оқу орны алғашында аудандық білім бөлімінен «Қарасай тұрғын үй құрылысы» деген әкімдік иелігіндегі компанияға өткен. Аумағы 1 585 шаршы метр ғимарат 75 сотық жерімен бірге 15 миллион 224 мың теңгеге бағаланыпты. Тура бір айдан соң аудан әкімдігі компанияның балансында тұрған ғимаратты сату туралы қаулы шығарған көрінеді. Ал бір апта өткен соң ғимарат 19 жастағы Шерхан Әлібекұлының атына рәсімделеді. Көп ұзамай жылжымайтын мүлік Гүлмира Омарова, Нұрсұлтан Шорманов деген жаңа қожайынның қолына өткенімен, бір жарым жылдан соң «Іргетас-Құрылыс-II» деген компания бастапқы бағасынан бірнеше есе қымбат бағаға, яғни 80 миллион теңгеге сатып алады. Жаңа қожайыны кәсіпкер Әлібек Сәрсенов Алматы облыстық мәслихатының депутаты болған. Ақпарат көздерінің дерегінше, ол сол жылдары ауданның құрылыс саласында түрлі тендер алып, мемлекеттік тапсырыстар орындап келіпті. Ақыры ол да мектеп ғимаратына ауыл халқына уәде етілгендей балалардың игілігіне жұмыс істейтін балабақша ашудың орнына сыйға тарту шартымен діни басқармаға қарасты қарилар орталығының директоры Сәдуақас Олжабай деген азаматқа береді. Осылайша, ғимарат соңғы рет дін өкілінің меншігіне өткен екен.

Қазір ғимараттың сатып алу-сату шартына қол қойған сол кездегі аудан әкімі Махаббат Бигелдиев бұл жерде ешқандай заңбұзушылық болмағанын алға тартыпты. Айтуына қарағанда, балаларды жаңа мектепке көшіргеннен кейін лицензиясы бар мекемені шақыртып, талапқа сәйкес бағалау жүргізілген. Олардың бағалауынша, ғимарат 15 миллион 224 мың теңге болған. Сөйтіп, облыстық Білім басқармасы қаңырап тұрған ғимарат бұзылып кеткенше, балабақша жасаймын деген адам болса, су тегін беруге келісім берген. Алайда тегін беру деген механизм жоқ болғандықтан, ауданда кәсіпкерлікпен айналысып жүрген адамға 15 миллион теңгеге сатылыпты. Ғимараттың екінші қожайындары «балабақша ашамыз» деп кәсіпкерден сатып алып, жөндеу жұмысын жүргізеді. Алайда құрылысты ары қарай жалғастырудан бас тартып, сатқан қожайынына қайтарып береді. Бірінші иесі құжат бойынша студент болғанымен, ол мектепті екінші қожайындарынан сатып алған Әлібек Сәрсеновтің ұлы. Шыққан шығындарын төлеп, ғимаратты 80 миллион теңгеге қайтара сатып алған Әлібек Сәрсенов құрылыс жұмысын өзі аяқтаған. Бірақ балабақшаны жүргізуге мемлекеттен тиісті қолдау болмағандықтан, ауыл халқының қажеттілігін өтеуден бас тартқан көрінеді. Сондықтан былтыр ғимаратты қарилар орталығының директоры Сәдуақас Олжабайға су тегін сыйға тартқан. Себебі қыруар қаржыға сатып алынып, күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген ғимарат қаңырап бос тұрғанша, қажетке жарасын деп ойлағанын жеткізіпті. Өкінішке қарай, соңғы қожайындары да бірнеше рет аудандық, облыстық әкімшілікке хабарласып, хат жазады. Тағы да қолдау болмаған соң олар да балабақша ашу ойынан айнып, амал жоқ, биыл наурызда әкімдікке ғимаратты қайтарып алу туралы ұсынысты өздері тастапты.

Істің ақ-қарасын білетіндер апатты мектеп мемлекет қаражатына жөнделмегенін айтады. Керісінше, қолдан-қолға өтіп, қожайындардың қалтасынан күрделі жөндеу жүргізілген ғимараттың өзін қажетке жарату мүмкін болмаған көрінеді. Сондықтан мүлік иесі жақында ғана сенімхатын алып, әкімдікке ғимаратты тегін қайтару туралы өтініш қалдырған.

### БІР ТЕҢГЕГЕ БАҒАЛАНҒАН БІЛІМ ОШАҒЫ

Есте болса, осыдан бір-екі жыл бұрын еліміздің солтүстігінде үш оқушысы бар мектеп жабылған. Сөйтіп, ғимараттың бастапқы бағасы 3,7 миллион теңгемен аукционға қойылған болатын. Мектеп ғимаратын сату бойынша аукцион төрт рет өткізілгенімен, жаңа қожайын табылмапты. Кейіннен су тегінге беру мүмкін болмаған соң аукционға 1 теңгеге бағаланады. Алайда бір теңгеге бағаланған білім ошағын ешкім сатып алмағаны туралы ақпарат тараған еді.

Соңғы жылдары өңірлердегі шағын елді мекендер мен шекара маңындағы ауылдардың қаңырап қалуынан мектептер жаппай жабылып жатыр. Статистикалық деректерге көз салсақ, бір жылдары жылына елдегі 100 мектептің есігіне құлып салынған екен. Кезінде бұл мәселе Парламентте де айтылып, депутаттар шет аймақтағы мектептердің ахуалына алаңдаушылық білдірген. Мәселен, Ақтөбе облысында да алдыңғы жылдарда бастауыш мектептері жаппай жабылған. Оның себебін облыстық Білім басқармасы ауылдардағы бала санының аздығымен түсіндірген болатын. Мұндай мектептердің тағдырын кейінгі жылдары Ақмола облысындағы білім ошақтары да бастан өткізуде. Мұнда да сол, 90 орынға есептелген мектептің өзінде бала санын толтыру өзекті болып отыр. Бүгінде өңірде жалпы орта білім беретін білім ошағына қарағанда шағын жинақты мектептер саны артып келеді. Айналдырған үш жылда өңірде 17 мектеп жабылған кездер болыпты. Кейінгі жылдары білім ошағынсыз қалуы мүмкін мұндай ауыл саны артпаса, кемімейтін түрі бар.

Әсіресе, шекара маңындағы ауыл халқы үдере көшіп, талай балаға рухани азық берген білім ошақтары жабылып жатыр. Алматы облысы Райымбек ауданындағы жабылған мектептер туралы айтқан қоғам белсендісі Мақпал Шадан: «Аудандағы 3-4 ауылда адам санының жетіспеушілігіне байланысты жабылған мектептер бар. Сондай-ақ бала саны аз жабылу алдында тұрған мектеп те баршылық. Осыдан 3-4 жыл бұрын Сарыкөлдегі мектептің есігіне қара құлып салынатыны туралы айтылған. Бірақ «шықпа жаным, шықпамен» келе жатқан мектепте қазір 7 бала білім алып жатыр», – дейді. Сөзінен ұққанымыз, бұл аймақта да бала санын толықтыру бас ауруға айналып, жабылу алдында тұрған мектеп мәселесі күннен-күнге өзекті бола түскен.

Бұл мәселе Шығыстағы ауылдардың да басында бар. Өңірдегі қоғам белсендісі Дарын Нұрсапардың айтуынша, аймақта адамы жоқ ауыл көбейіп келеді. Оған сәйкес, тұрғындары көшіп кеткен ауылдардағы мектеп қараусыз қалады. «Біздің аймақта оқушы санын толтыру мүмкін болмағандықтан, жабылып жатқан мектеп көп. Сондықтан ғимарат жекеменшіктің қолына беріледі. Бұл амалсыздан жасалған дүние деп ойлаймын. Себебі ғимаратты қажетке жаратып, пайдаға асыру керек. Әйтпегенде, ішіндегі құрал-саймандары кирап, бұзылып жатқан мектеп ғимараттары бар. Мысалы, өзім оқыған Ұлан ауданында Ақтау деген мың кісілік елді мекен болған. Қазір сол ауылдағы мектеп ғимаратының быт-шыты шыққан. Алғашында фабрика болып іске қосылған ғимарат 1996 жылы жабылып, кейіннен 3 қабатты мектеп болды. Кейін жартылай қалашық статусы бар ауылдан да халық үдере

> *Қарасай ауданы Шалқар ауылындағы 250 балаға арналған орта мектепке толығымен күрделі жұмыс жүргізіліп, артынан 15 миллионға жекеменшікке сатылып кетіпті. Ауыл тұрғындары жаңа қожайыны балабақша ашады деп үміттеніп жүргенде, ғимаратты келесі бір кәсіпкер 80 миллион теңгеге сатып алған.*

көшіп кетті. Қазір ауылдағы үлкен мектеп пен бес қабатты үйлер қаңырап бос тұр. Бір барғанда қашасы, бір барғанда терезесі жоқ. Келесі барғанда мектептің өзі де қалмай ма деп ойлаймын. Мұндай ауылдар Шығыс Қазақстан облысында өте көп. Шекара маңындағы ауыл халқы екі қолға бір күрек таппай қалаға кетті. Ақтау елді мекеніндегі мектепте 2013 жылдың өзінде 11-сыныпты бір бала бітірген», – дейді ол. Сондықтан қоғам белсендісі талай шәкіртті түлеткен тарихы терең мектеп ғимаратын ит пен құсқа талатпай, жекеменшікке берудің де қажет тұсы бар екенін тілге тиек етті.

### ОҚУШЫЛАРҒА ОБАЛ ЖАСАДЫ

Шалғай ауылдағы білім ошақтары ғана емес, қаладағы қазақ мектебінің де төбесіне қара бұлт үйірілген екен. Орал қаласының тұрғыны Динара Қыдырбайқызы қаладағы өзі қызмет еткен қазақ мектебін жабудың қандай қажеттілігі болғанын білмей дал. Айтуынша, жергілікті әкімдік қатар тұрған екі мектепті жауып, оқушыларға обал жасапты. «Іргелес тұрған екі мектептің бірі қалалық жалпыға ортақ білім беретін мектеп, ал біздің облыстық мектеп «Сауықтыру мектеп-интернаты» болып аталды. Қазір жабылған мектептің оқушылары қасымыздағы жалпықалалық білім беретін мектепке қабылданды. Сөйтіп, жабылған мектепте қазір қалалық мектептің бөлімшесі ретінде бастауыш сыныптар оқып жатыр. Ал қалалық мектептегі балалар үш ауысымда білім алуға мәжбүр. Себебі бала саны көп. Мектептің жабылуына не түртті болғанын ешкім нақты түсіндірген жоқ. Білім ошағы сауықтыру мектебі болып аталғандықтан, бізде өкпе ауруымен ауыратын ата-аналардың балаларын үй ішінен оқшаулау мақсатында құрылған. Бір білетініміз, «қазір өкпе ауруымен ауыратын адамдар жоқ» деген желеумен жапты», – дейді қала тұрғыны. Оның сөзінше, бөлімше ретінде ұстап, оқушыларды да үш ауысыммен қинағанша даңғарадай мектепті түгел пайдаға асыру қажет. Өкінішке қарай, кезінде Оралдағы қазақ мектептерінің қара шаңырағы болған мектептің ғимараты толық пайдаланылмай, тоз-тозы шыққан. Махамбет мектебінен қалған жалғыз белгі сол, мұғалімдердің өз күшімен жасақталған музей материалдарының осы білім ордасының негізі қаланған Бөкей Ордасы ауданының тарихи мұражай кешеніне өткені ғана болып тұр. Бүгінде 59 жыл ішінде бірнеше буын ұрпақ біліммен сусындаған мектеп ғимаратының бастауыш сыныптарын оқытатын бөлімшеге айналғаны оралдықтардың да жанына батып отыр.

Орал қаласының шенеуніктері қолда бар алтынның қадірін кетіріп отырғанда Қызылорда облысы атқамінерлері апатты үйлерді жеке инвесторлардың көмегімен күрделі жөндеуден өткізіп, халық игілігіне қайта беруді қарастырып, көрегенділік жасап отырған көрінеді. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың айтуынша, аймақта жекеменшікке сатылып кеткен мектеп жоқ. Керісінше, аймақтағы қалталы азаматтар өз қаражатына білім ошағын салып, өңірдегі рухани дамуға өз үлесін қосып келе жатқанын айтқан облыс әкімі: «Үш ауысымда білім беретін, сондай-ақ алты апаттық жағдайдағы мектебіміз бар. Оның біразын алдағы уақытта жеке кәсіпкерлердің инвестициясы арқылы шешеміз деп отырмыз», – дейді.

Сенат депутаты Руслан Рүстемов те апатты мектептерді азайтып, үш ауысымды оқыту мәселесін түбегейлі шешу үшін жеке кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау ауадай қажет деп отыр. Себебі қазіргі жүйенің тиімді жүзеге асып отырғанын байқау қиын. Мәселен, жыл сайын мемлекеттік бюджеттен әлеуметтік салаға бөлінетін қаржы көлемі өскенімен, қаражатты тиімді жұмсаудың тетігі жоқ. Айталық, Оқу-ағарту министрлігі 5,2 млрд теңгені тиімді игермеген. Былтыр білім саласында 136 орындық 247 жаңа мектеп іске қосылған. Алайда жаңа анықталған үш ауысымды және апатты мектептердің саны 162-ден 201-ге дейін өскен. «Министрлік үш ауысымды және апатты мектептердің үлестік көрсеткішін дұрыс орындамауынан және 60 мектептің дер кезінде іске қосылмауынан қазір елде 59 апатты және 133 үш ауысымды мектеп бар. Ал Президент тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін екі ауысымды 842 мың оқушы орынды қамтитын 401 жайлы мектеп салынуы керек», – дейді ол. Осылай деген депутат елімізде үш ауысымды мектеп мәселесін жоя алмай отырғанда әлемдік тәжірибе екі ауысымды мектептердегі балалар толық сапалы білім алуға мүмкіндік ала алмайтынын айтып дабыл қағып отырғанын жеткізді. Айтуынша, бүгіннің өзінде бірқатар ел екі ауысымды мектепті төтенше жағдайда ғана қолданады. Тіпті, экономикасы дамымаған елдердің өзі екі ауысымды мектептерден жаппай бас тартып жатқанға ұқсайды. Ал біздің елде 5 баланың 4-уі екі ауысымды мектептерде білім алады. Сондықтан Руслан Рүстемұлы қазір жеке инвестор тарту арқылы мектеп санын арттыру қажет екенін айтады. Қажет болса, олардың қызығушылығын арттыру үшін Үкімет инвесторға жерді тегін беріп, инженерлік коммуникация желілерін жеткізу, жеңілдетілген несие беру, салықтық преференция қарастыру секілді қолдауды да аянып қалмау қажет деген пікірде.

Демек, жоғарыда айтылған апатты әрі жабылу алдында тұрған мектептерді тегін пайдалануға беріп, білімді ұрпақ қалыптастырудың қажетті тетігін қарастырудан ұтарымыз көп секілді. Сондықтан қолдан-қолға өткен ескі ғимараттардың есігіне қара құлып сала бергеннен гөрі жұрт игілігі үшін жарата білетін кәсіпкерлерге беріп, қайырлы іс қылса қателік пе? Мүмкін, туған жерінен үдере көшкен халыққа үміт сыйлаудың жалғыз амалы осы болар, кім білсін.

**«Шығыстың жарық жұлдызы», қазақтан шыққан тұңғыш этнограф-ғалым Шоқан Уәлихановтың мәңгілік қоныс тапқан мекені Жетісудың Күреңбел аймағындағы Шанханай атты ауылдың маңы. Осы елді мекенде өмірден жастай өтсе де, артында өшпес із қалдырған Шоқан Шыңғысұлының өмірі мен шығармашылығына арналған үлкен музей бар. Ескерткіші орналасқан. Жанындағы жотада Шоқанның өзі жатыр.**

# ШОҚАННЫҢ ШАНХАНАЙДАҒЫ МУЗЕЙІ

Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейіне кірген адамның көзіне бірінші түсетін жәдігер – Шоқанның жүріп өткен жолдарын бейнелейтін, 250 келі қой жүнінен тоқылған, бір қабырғаны тұтас алатын гобелен кілем. Сонымен бірге ғалымның Қашқария сапарына өзімен бірге алып барған тапаншасы мен сол жақтан тағып келген парша белбеуі де келген жандардың қызығушылығын оятады. Ресейден арнайы алғызып, оқыған «Современник» журналын да музей жәдігерлерінің арасынан көре аласыз. Шоқанның бейнесі көпшіліктің жадында қайта жаңғырып, жарқырай түспесе, көмескіленген жоқ. Аудан орталығынан шалғайда, үлкен жолдан жырақта орналасқан ауылға Шоқанның ескерткішіне тағзым етіп, қабіріне Құран оқып, музейдегі жәдігерлерді көруге келетіндердің қатары селдіремеген. Дегенмен дара да, дарынды тұлғаны бүгінгі ұрпаққа насихаттау үшін Шанханайдағы музей мен ескерткіштің, қорымның қолдауды қажетсінетінін бұдан бұрын жазған едік. Былтыр Жетісу облысының жұртшылығымен жолыққанда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Біз Шоқанды әлемдік деңгейде дәріптеуіміз керек» деп ұлылар жатқан тарихи орындарды жастарға таныстыру жайында сөз қозғаған. Осы сөз шарапатты шараларға серпін бергендей, шоқантануға басқа қырынан, бүгіннің сұранысына сай қайта оралу қажет екенін нұсқағандай болды.

Әзірге Шанханайдағы «Алтынемел» мемориалды музейі өз мүмкіндігінше жұмыс істеп, қазақтың біртуар ұлы тұлғасын насихаттауға, танытуға шамасы жеткенше үлес қосып келеді. Жылына мұнда 2 500-дей адам келіп, асылдан қалған жәдігерлерді көріп кетеді екен. Олардың ішінде алыс-жақын шетелдерден де ат арылтып арнайы сапарлайтындары бар. Атап айтқанда, көршілес елдерді қоспағанда, алыстағы Швеция, Жапониядан, Еуропа елдерінен саяхатшы ғалымдар, журналистер келіпті. Музейде 1 058 экспонат бар. Олардың ішіндегі 758-і негізгі қорда. Мұнда Шоқанның ата-бабасы, балалық шағы мен өскен ортасы, қатарластары, қызметтестері, Шоқанның естеліктері, ғылыми зерттеулері туралы құнды дүниелер қойылған. Уәлихановтар отбасы тұтынған тұрмыстық заттар: мыс табақша, ақ металл қасық, бұрыш ұнтақтағышын да осы жерден көре аласыз.

Шоқанның Қашқария сапарынан тағып келген парша белбеуі аса құнды жәдігерлердің бірі екенін жоғарыда атап өткенбіз. Музей директорының сөзіне қарағанда, алғашында бұл белбеу Орталық музейде тұрған. Кейін 1985 жылы Шоқанның 150 жылдығына орай «Алтынемел» музейі құрылғанда аса құнды жәдігер осында тапсырылған. Содан кейінгі 40 жылға жуық уақыттан бері «Алтынемел» музейінің көрнекті экспонатына айналыпты. Таза қытай жібегінен жасалған белбеу бір жарым ғасырдан астам уақыт өтсе де, өзінің бастапқы қалпын сақтаған.

Музейге келушілердің қызыға қарап, тамсана тамашалайтын жәдігерлерінің тағы бірі – 1858 жылы Петербордан шыққан «Современник» журналы. Шоқан бұл журналды Қашқария сапарынан оралғаннан кейін қызметте жүргенде оқыды ма, әлде емделуге байланысты елге оралғаннан кейін алғызды ма, оны тап басып айту қиын. Дегенмен Шоқанның жазушы

Федор Достоевскийге жазған хаттарында орыс басылымдарына қатысты пікірлерін білдіргені есімізде. Солардың бірінде: «Әлгінде айттым ғой: оқитын еш нәрсе жоқ. Сондықтан маған «Времяны» жібере көріңіз, кейін есептесерміз, ал егер қаржыңыз болса, мен үшін «Современникке» жазылыңыз», – дейді Шоқан досы Ф.Достоевскийге 1862 жылдың 15 қазанында жазған хатында. Не де болса, бұл қазақ даласында айдауда болған орыс зиялылары арқылы алдырған журнал екені анық.

Музейге кіргеннен көз тартатын гобелен кілем – суретші Шәміл Қожақановтың туындысы. Мұражайдың ашылуына арнайы дайындалған кілемде өрнекті матамен Жаркент, Қашғар, Құлжа, Алтынемел, Қапал, Верный, Аягөз, Семей қалалары арқылы Шоқанның жүріп өткен жолдары бейнеленген. Мамандардың айтуынша, кілемге 250 келі қой жүні жұмсалған.

Музейде «Чокану Валиханову» деген жазу бедерленген, «1858» деген белгісі бар Шоқанның тапаншасы да тұр. Шоқан Уәлихановтың патшалық Ресей үшін табысты атқарған ісінің бірі – Қашқария сапары. Аса маңызды әрі қауіпті сапарды атқарушы адам ретінде Шоқанға өзін қорғау үшін арнайы осы тапанша берілген. Бұл жәдігерді 1958 жылы қазіргі Алматыдағы мемлекеттік орталық музейі Геннадий Василевич Попов деген азаматтан 100 рубльге сатып алыпты. Ал оған тапаншаны 1936 жылы Оспан есімді қазақ танысы сыйға тартқан екен. Тарихи жәдігер Алматыдағы мемлекеттік орталық музейден Ш.Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай Шанханайда музей ашылғанда осындағы қорға табыс етіліпті.

Мемлекет басшысы Жетісуға келген сапарында туризм саласына қатысты мәселелерді тізбектей келіп, Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейіне арнайы тоқталғанын жоғарыда айттық. Жөндеу көрмегеніне бірнеше жыл болған киелі шаңырақ жаңғыртылып, кетеуі кеткен кесенесі жөнделетін болды. Құрылыс жұмыстарына республикалық бюджеттен 338 млн теңге қарастырылыпты. Жақында ауданға жұмыс сапарымен барған облыс басшысы тұрғындар мен музей қызметкерлеріне музейдің қайта түлейтінін айтты. Ескерткіш маңы да абаттандырылып, қорым төңірегі реттелетін болды. Кезінде Ш.Уәлиханов еңбегін зерделеуге келген ғалымдардың орналасуына мүмкіндік беретін қонақүй, конференция залы, асханасы жұмыс істеген нысанға қайтадан көңіл бөліне бастағаны ауыл тұрғындарын қуантып отыр.

Ауданға сапарын Шоқан жерленген жерге тоқтап, ғалымның рухына Құран бағыштаудан бастаған өнір басшысы қабірдің маңайын, қоршауын ретке келтіру мен музейдің жөнделу жайы, ескерткішті қайта қалпына келтіру қалай жүргізілетінін «Қазреставрация» кәсіпорнының мамандарымен егжей-тегжейлі талқылады. Ағартушы ғалымның ескерткішін қайта қалпына келтіруде бұрынғы кейпі сақталуына баса назар аударылады. Маңайы абаттандырылады. Музейдің іші де бүгінгі күн талабына сай жаңғыртылады.

«Шоқан музейі – әрі тарихи мұрамыз, әрі туристік жағынан тартымды нысан.

> *Әзірге Шанханайдағы «Алтынемел» мемориалды музейі өз мүмкіндігінше жұмыс істеп, қазақтың біртуар ұлы тұлғасын насихаттауға, танытуға шамасы жеткенше үлес қосып келеді. Жылына мұнда 2 500-дей адам келіп, асылдан қалған жәдігерлерді көріп кетеді екен. Олардың ішінде алыс-жақын шетелдерден де ат арылтып арнайы сапарлайтындары бар.*

Жөндеу жұмыстары жүргізілетін болғандықтан, бұл кешенді жан-жақты жаңғыртуға күш салуымыз керек. Қыста музейдің ішінде тұрақты температура болуы қажет, онсыз жәдігерлерді сақтау қиын. Сондықтан жылуды еден арқылы жіберудің мүмкіндігін бірлесіп, қарастырып көрейік», – деді Бейбіт Исабаев.

Жалпы, музейге 2013 жылы күрделі жөндеу, 2019 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қазір музей жанындағы бірнеше жыл қараусыз бос тұрған ғимарат былтырдан бері мәдениғылыми орталық ретінде қайта жаңғыртудан өткізіліп жатыр. Болашақта бұл нысан осы музейге қарасты ғылыми конференциялар, түрлі мазмұнды басқосулар өтетін рухани ордаға айналады.

Біз шоқантанушы Бағдат Ақылбековке жолығып, 2025 жылы туғанына 190 жыл толатын Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын зерттеу мен зерделеу, елге насихаттауға қатысты атқарылып жатқан жұмыстар жайлы сұраған едік.

Оның айтуынша, Шоқанның көпшілікке белгісіз ғылыми мұралары мен ашылмаған құпияларын, өмір деректерін одан әрі мұқият зерттеу қажеттігі туралы Е.Бекмаханов, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Бегалин, Х.Айдарова, Шота Уәлиханов, Д.Қонаев, С.Зиманов, Ә.Бисенова, С.Мұхтарұлы, Б.Көмеков сияқты қазақ зиялылары айтып, жазып, кейінгілерге жүктеп кеткен. Әйтсе де, сол тұлғалардың аманаты орындалып жатыр деуге келмейді.

– «Шоқантану» ғылымы көңілді толық қанағаттандыратындай деңгейге жетті деп айтуға әлі ертерек! Тек мерейтойлары қарсаңындағы ғылыми конференцияларда Шоқан жайлы бірер баяндамалар жасалып, ғұламаның еңбектерін ескі сарынмен, аздаған ғана өзгерістермен қайталап шығарумен шектеліп келеміз. Осы орайда тарих ғылымының докторы, профессор Көшім Есмағамбетовтің 2014 жылы 2 желтоқсанда «Алаш айнасы» газетінде жарияланған «Шоқан өлді дегеннен кейін де 10 жыл тірі болған...» деген мақаласында жазған: «Негізі, Шоқан – өте күрделі тұлға. Оған нүкте қою әлі ерте. Өкінішке қарай, бізде шоқантанудың тікелей соңында жүрген адам жоқ. Соңғы шыққан 6 томдық 1985 жылғы нұсқадан аударылған. Бірақ ол нұсқаның өзі кезінде күлдібадамдау болып шыққан болатын» деген пікірі әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ. Одан бері де он шақты жыл өткенімен, «баяғы жартас – сол жартас», – дейді Бағдат Ақылбеков.

Ғалымның пікірінше, Шоқан аз зерттелмеген. Ол туралы көптеген тарихшы, жазушы, ақын, ғалым қайраткерлер қалам тербеді. Том-том еңбек жазды. Олардың арасында өз достары мен замандастары Г.Потанин, Ф.Достоевский, П.Семенов, А.Гейнс, К.Гутковский, Н.Ядринцев, И.Березин, Н.Наумов, Г.Гасфорт, Л.Берг, Н. Веселовский, Э.Жонво, Ф.Остен-Сакен, Г.Клеменц сияқты тұлғалар бар. Қазақ зиялыларының ішінде Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Бегалин, Шота Уәлиханов, Д.Қонаев, С.Зиманов, Ә.Бисенова, С.Мұхтарұлы, Б.Көмеков және тағы басқаларды тізе беруге болады.

Дегенмен шоқантану саласында атақты ғалым Әлікей Марғұланның шоқтығы басқалардан биік тұр. Атағы таудай ғұламалар мен заңғар жазушылардан кейін Шоқан туралы ешқандай беймәлім жайт немесе жауапсыз сұрақ қалуы мүмкін емес сияқты көрінетіні де рас. Алайда ел мен жердің өткені мен бүгінін жақсы білетіндіктен, әлі зерделейтін тұстар жеткілікті.

Шоқантанушы шанханайлықтардың ауылға Шоқан атын беру туралы талабының ескерілгенін қалайды. Әйтсе де, бұған құлақ асатын жан табылмай тұрғандай.

– Кербұлақ ауданындағы Шоқан колхозында ержетіп, Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепті бітіргендіктен, ұлы ғалым туралы бірер ой-толғам айтуға құқылымын деп ойлаймын. Қазір бұл ауыл Шанханай деп аталады. Ал жергілікті тұрғындар болса, ауыл атауының бұлай өзгертілу себебін әлі күнге дейін түсінбейді және әлі күнге дейін «Шоқан ауылы» деп атайды. Бірақ жергілікті билік басындағылар тұрғындардың ауылға Шоқан атын қайтару туралы талабын ескерер емес. Осы мәселе де шешімін тапса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді ол.

Бұл ауылдың ақсақалдары мен үздіксіз келіп-кетіп жататын ғалым, жазушылардан Тезек төре мен Шоқан туралы көптеген әңгіме-хикаяны әңгімелейді. Солардың бірінде Шоқанның 1864 жылы Тезек төренің ауылына соңғы рет келуі және сол жерде тұрақтауы айтылады. Тезек төренің Шоқанды қарындасы Айсараға үйлендіріп, ұлан-асыр той жасап, бөлек отау құрып бергені, 1865 жылғы сәуір айында Шоқанның қайтыс болуы, Тезектің қайғыдан қан жұтып, қайғыруы, Шоқанды жерлеуі, басына күмбез тұрғызуы және Көкшетаудағы әкесі Шыңғысқа қаралы хабарды естірту үшін хат жазып, өз елінің игі-жақсыларынан хабаршылар жібергені баяндалады.

– Біз көп оқуға тырыстық. Әсіресе, Шоқан туралы жазылған кітаптарды шұқшия оқып, керек мағлұматтарды жазып алатынбыз. Есейе келе Шоқанға деген қызығушылығым арта түспесе, кеміген жоқ. Арман қуып Алматыда оқыған жылдарымда да Шоқанға байланысты басылымдарды қалт жібермеуге тырыстым. Студенттік кезеңнен бастап, Шоқанның сан қырлы өмірі мен қызметіне қатысты беймәлім жайттар да қылаң бере бастады. Шоқантанушы ғалым болмасақ та, шамамыз келгенше оны зерттеу жұмысымен үзбей айналысып келемін, – деген Бағдат Ақылбеков Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін Жетісу облысында музей мен Шоқан жатқан қорымды реттеуге назар аударыла бастағанына қуанышын білдіріп, қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымын толық танып, білу жолындағы зерттеу жұмыстары да тың серпінмен қолға алынатынына сенетінін айтады.

**Болат АБАҒАН,**
*Жетісу облысы*

# БАЛА САНАСЫНДАҒЫ БАТЫР КІМ?

**Жаһандану деп аталатын қазіргі дәуір үлкенді де, кішіні де смартфонға телміртіп қойды. Нәтижесінде, ата-анасының мейірім-шапағатынан гөрі, телефонды биікке қоятын балалар өсіп келе жатыр. Ащы болса да ақиқат осы.**

**БОЯМАСЫЗ ШЫНДЫҚ**

Бірде көптен көріспеген құрбымды көшеде кездестіріп қалдым. Әшейінде көңілді жүретін құрбымның қабағы түсіңкі, шаршап кеткен. Сұрақтарыма салқын жауап берген ол, әңгімені шәй басында жалғастыруды ұсынды. Сөйтіп, екеуміз жақын маңдағы дәмхананың біріне келе қалдық. Шетте тұрған бос үстелдің біріне отырып, жайғаса бергеніміз сол еді, диалогіміз ұзаққа созылмады. Шыңғырып жылаған сәбидің дауысы залдағылардың еріксіз назарын аудартты. Әлденені сұрап, анасынан рұқсат ала алмаған болса керек, ашуланған бала жер тепкілеп, мұздай еденнің үстіне жата кетті. «Жақсы, ала қой. Бірақ үйге кеткенше дыбысыңды шығармай отырасың», – деп зілденген анасы баланың қолына телефонды ұстатты. Қуанған бала «Халкті қосып бер», – деді де, кейіпкерімен қауышқанына ырза болып, жылағанын бірден тоқтатты. Баланы әлгі видеоның «байлап алғаны» сонша, анасы алдырған тамағы да суып, жайына қалды. Шамамен үш-төрт жас аралығындағы сәби анасымен арадағы «шайқаста» осылайша жеңіске жетті.

«Бұлай жалғастыра беруге болмайды. Ертең ана бала дамымай қалады», – дейді құрбым. Сөйтсем, құрбым телефонға телміруден әбден жапа шеккен баланың анасы болып шықты.

Үш баланың анасы Айгүл үш жастағы кенжесін қиындықтармен өмірге әкелді. Аяқ астынан қан кетіп, жедел жәрдеммен перзентханаға жеткізілген оған шұғыл ота жасалып, сәби 36 аптасында кесір тілігімен өмірге келген еді. «Баламның тілі бір жасында шықты. Тоғыз айында жүріп кетті. Олай ерте дамуына бауырлары себеп болды деп ойлаймын. Себебі ағасы мен апасы баланы ойнатып, үнемі жанында жүретін. Балам жастан асқан соң үлкендерін сабақтан бөлек, қосымша үйірмелерге бердім. Әкесі үнемі жұмыста, атаәжесі ауылда тұрады. Сөйтіп, кішкентайды өзім қарай бастадым. Балабақшаға тіркелгенімізбен, орын болмаған соң онлайн жұмысқа орналастым. Онлайн деген аты ғой, бәрібір жауапкершілікпен атқарылатын жұмыс болған соң оған уақыт бөлу керек. Сәби сенің жұмыс істеп отырғаныңды түсінбейді, ойнағысы келеді. Көңіл бөлуіңді қажет етеді. Әрі бала, әрі жұмыс деп, екіге тағы жарыла алмайсың. Сөйтіп, не керек, сәбіиме телефон бере бастадым. Бастапқыда «Балапан» арнасының караоке әндерін ғана тыңдайтын балам бара-бара түрлі видеоларды қарай бастады. Мен жұмысымның жүргеніне риза болып жүріп, баламның дамуы кешеуілдеп жатқанын байқамай қалыппын», – деп күрсінді Айгүл.

Айтуынша, бұған дейін әжептәуір сөздерді құрастырып сөйлеп жүрген сәбидің бара-бара сөздік қоры азайған. «Басында су ішкісі келетінін немесе ойнайтынын білдіріп, сөздерді бөліп-бөліп айтып жүрді, артынан қалаған нәрсесін ыммен айтуды бастады. Еркелеп жүрген болар деп мән бермедім. Кейін кезекті екпені алуға дәрігерге барғанымызда, бала бойындағы өзгерістерді педиатр байқап қалды. Сөздерді айтуда тежелуден бөлек, баламның басында діріл пайда болды. Көзін жиі жыпылықтатып, басын оңды-солды дірілдетіп жүрді. Оны да әдет шығар деп жүрген едім. Қайта педиатр дәрігерімізге рахмет. Сол кісі дабыл қағып, баланың екпесін салдырмай қойды. Қазір невропотологтың тағайындаған емін қабылдап жүрміз» деген Айгүл сәбиіне ұялы телефонын беруді доғарған.

Жұмысынан уақытша демалыс алған Айгүл смартфонын баланың психикасына, сонымен қатар көру қабілетіне де кері әсер ететініне көзі жеткенін айтты.

**МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?**

Мамандар Қазақстанда цифрлық аутизм мәселесі өткір тұрғанын айтып, дабыл қағуда.

Балалар дәрігері Айнұр Қожамұратованың айтуынша, балалардың смартфондарды ұзақ уақыт қолдануы сөйлеудің дамуын баяулатады.

«Сондай-ақ баланың өз бетінше ойлауы, қоршаған ортадағы шындыққа назар аударуы қиынға соғады. Баланың санасы виртуалды әлемде «ілініп» қалады. Салдарынан балада есте сақтау, көру және сөйлеу қабілетінде проблемалар пайда болады. Гаджеттерге тәуелділік балада аутизмге ұқсас белгілерді тудырады. Нәтижесінде, сөйлеу қабілетінің кешігуі және астигматизм сияқты проблемалар туындайды», – дейді дәрігер Айнұр Қожамұратова.

**65 МИЛЛИОН ҚАРАЛЫМНЫҢ ҚҰПИЯСЫ**

Шыны керек, смартфонға телмірген ұрпақ бір Айгүлдің емес, кез келген отбасында күнделікті қайталанып жатқан жағдай. Оған етіміз үйреніп кеткені сонша, сәби тыныш болсын деген оймен оның сұраған түсініксіз видеосын өзіміз іздеп, қосып беретін болдық. Бір қарағанда, керемет-ақ тәсіл. Бала бірден тыныштанады. Сәби жыламай отырған соң сіздің де жаныңыз рахатқа батады, шаруаңызды бітіресіз. Бірақ осындай виртуалды әлемнен алып жатқан «тәрбие» кішкентай бүлдіршіннің санасына қалай әсер етіп жатқанын ойланып көрдік пе екен?

Еуропалықтардың жер бетінде мүлде болмаған, ойдан шығарылған сан түрлі кейіпкерлері қазір «бад бэйби» деп басталатын You tube видеоларын жаулап алды. Берісі 500 мың, әрісі 65 миллионға дейін қаралым жинайтын видеолар сиқырын қанша ізденсек те, қабылдай алмадық. Бірақ балалар санасын бауырауы мүмкін себептер қатарында, қандай қитұрқы жағдайда болмасын қолданылатын арнайы эффектілердің тұруы ғажап емес. Ал көп жағдайда қатыгездікке баулитын мұндай видеолардың психотроптық әсері туралы әңгіме өз алдына бөлек тақырып.

Психологтер дұрыс айтады. Бала сіз бен біз ас үйде жиі пайдаланатын губка іспетті. Нені көреді, нені естиді, сана соны қабылдайды. Оның ақ-қарасын, дұрыс-бұрысын анықтап жату үшін сәби сана өсуі керек.

**ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА**

Тарихқа қарап отырсақ, қазақ халқының бала тәрбиесінде қолданған әдіс-тәсілдерінің, тіпті күнделікті өмір салтының тұнып тұрған халықтық педагогика екенін көруге болады. Еуропаға жол салған Шоқан Уәлихановты, мәңгі өлмейтін дала философиясының негізін қалаған дана Абай Құнанбаевты кезінде Айғаным, Зередей әжелеріміз ертегімен, батырлар жырымен сусындатып, тәлім-тәрбие берген. Әділдікті қақ жарған билерден, атағы жер жарған даңқты батыр, қолбасшы, ғұлама адамдардан балаларына бата алғызған. Бата алу үшін ат жалын енді тартып мінген жас талай күн, талай түн жол жүріп, межелі жерге арнайы баратын болған. Үлкендер жиындарға баланы ертіп жүріп, жыр-қиссаларды тыңдатып өсірген. Осылайша, күнделікті өмір салтымен үзілмей жалғасқан халықтық тәрбие қазаққа арысы Сүйінбай, Ыбырай, берісі Халел, Әлихандай дараларды сыйлады.

Адамның адам болып қалыптасуы бала жастан бойына сіңірген тәрбиеге тікелей байланысты екенін тарихтың әлдеқашан дәлелдеп тастағандығына тағы бір мысал келтірелік. Қарап отырсаңыз, атағы әлемге жайылған танымал тұлғалардың дені жетістікке жетудің сырын бала күнгі армандарымен ұштастырады. Мәселен, Троя қаласын құм-топырақтан аршып алып шыққан әйгілі Генрих Шлиманды ынталандырған дүние – бала кезінде анасы айтқан ертегі екен. Сол ертегіні тыңдап, Трояны көзбен көруді армандаған бала Генрих ғалым атанған тұста да мақсатынан қайтпай, қаншама мазақ пен азапқа төзе жүріп, көздегеніне жетті. Топырақ астында қалған құнды жәдігерді адамзат игілігіне қайтарды...

**ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯ**

Енді сол тағы да психологтердің айтқанына жүгінсек, ертегі тыңдап өскен бала алдағы өміріне бағыт қалыптастырады екен. Бала ертегі кейіпкерлерінің тұлғасына қарап, бой түзейді. Осыны ескерген Еуропа елдері, тіпті, көршілес Ресей ертегі терапиясына мән бере бастады. Ерекше тәрбие үлгісін олар балаларды дамыту орталықтарында кеңінен қолдануда.

Сол сияқты, батырлар жыры да тарихтың бір бөлігі, жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелейтін тамаша ілім. Орыс зерттеушілерімен бірге, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев сияқты кейбір қазақ ғалымдары эпостық жырлардағы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға сүйене отырып, жыр мен тарихтың жақындығын тілге тиек еткен.

«Ертегілермен қоса, лироэпостық жырларды ұрпақ тәрбиесіне байланысты қолдануымыз керек. Өзіміз жиі сынға алатын айырқалпақты ағайындардың, яғни Қырғыз елінде екі баланың бірі Манас жырын жатқа айтады. Асылында, қызық оқиғаға қызықпайтын бала жоқ. Демек, балабақшадан бастап, мектеп қабырғасында бала тәрбиесіне батырлар жыры мен эпостарды пайдаланудың тың тәсілдері керек. Мысалы, «Қобыланды» жырындағы Құртқа – батырға ат таңдап, болашақта қандай қиындық боларын алдын ала болжап отыратын көреген адам. Батырлығымен басқаларға үлгі болған кейіпкерлерді мультфильмге айналдырсақ, біздің балаларымыз «Өрмекші адам» болуды емес, шынайы батыр болуды мақсат тұтар еді», – дейді тәжірибелі психолог Мөлдір Әлімжанова.

Балалар санасындағы батырдың бейнесі кім? Бұл сұраққа жауап іздеу үшін алысқа барудың керегі шамалы. Басқа емес, баланың өзіне осы сұрақты қойсаңыз, кішкентай бүлдіршін сізге көп ойланбастан «Человек паук» деп жауап береді. Иә, көптеген кино, мультфильм жанрынан белгілі «Өрмекші адамның» торы осылайша, талай қазақ баласының санасын шырмап алып жатыр. Баламен әрі қарай сөйлессеңіз, «батырлардың» тізімін Халк, трансформер сынды бізге белгісіз роботтар атымен жалғай түсуге бар.

Ендеше батырлар жыры, ертегі атауының балалардың қалыптасуына бағыт көрсететін рухани азық екенін ұмытпауымыз керек. Осыны әлімсақтан аңғарған ата-бабаларымыздың жыршылық пен шешендік өнерді балаға кішкентайынан дарытқан тамаша философиясын заманауи үлгіде жалғастыруға міндеттіміз.

Тағы бір қосарымыз, ертегі терапиясы – әлем туралы білімдер мен ондағы өзара қарым-қатынастар жүйесінің сырын айрықша ашу. Батыс елдерінің психологтері ертегі терапияның бала денсаулығы үшін пайдасы зор екендігін де дәлелдеп шықты.

**Баян ЖАНҰЗАҚ,**
*Атырау облысы*

# ТАЯҚТАУҒА ТОҚТАМ БОЛАДЫ

**Енді 1 шілдеден бастап полиция тұрмыстық зорлық құрбаны арыз түсірмесе де, іс қозғай береді. Бұл істе отбасындағы озбырлықтың куәсі болған адамның түсініктеме беруі жеткілікті.**

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, жыл басынан тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша полицияға 35 мыңнан астам өтініш түскен. 6 мың құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Алайда көп жағдайда жәбірленушілер арыз жазудан бас тартады екен. 5 айда 43 мыңнан астам қоңырау мен хабарлама түссе, олардың 60 пайызы арыз жазудан бас тартады. Қалған әкімшілік істердің жартысынан көбі сотта тараптардың татуласуы бойынша іс тоқтатылады. Осылайша, құқық бұзушылардың 17 пайызы ғана шынайы жазаға тартылады. Бұған қоса, енді 1 шілдеден бастап полиция тұрмыстық зорлық құрбаны арыз түсірмесе де іс қозғайды. Әрі 1 шілдеден бастап тараптарды қайта татуластыру мүмкіндігі болмайды. Қылмыстық істердің жартысы татуласумен аяқталып, сотқа жетпей жатқандығына байланысты осындай өзгеріс енгізілді. ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақмарал Серікбаеваның айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған «агрессорларды» тұрғын үйінен заңмен шығару мүмкіндігі қарастырылып жатыр екен.

– Көп жағдайда балалары бар жәбірленушілер жанжалдан қашу үшін үйлерінен кетіп жатады. Мұнда бізге мемлекеттік сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың дағдарыс орталықтары көмекке келеді. «150» қысқа нөмірлі ұлттық жедел желі де құрылды. Кез келген азамат тегін, жасырын түрде консультациялық көмек ала алады әрі дағдарыс орталықтарының орналасқан жерін біле алады. Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейді, – дейді аға инспектор Ақмарал Серікбаева.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себептері ретінде арнайы мамандар қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, соның ішінде әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық тұрақсыздықтар, жұмыссыздық, отбасының материалдық деңгейінің төмендігі, маскүнемдік, адами құндылықтардың төмендеуі мен отбасы институтының жоғалуы деп топшылайды.

– Қазір кейбір отбасыларда өз құқықтарын қорғай алмай зорлықтың құрбаны болып жатқан әйелдер мен балалар көп. Отбасында күш қолданатын адамдардың да бар екені елге мәлім. Көбінесе, күш қолданып зорлық-зомбылық жасауға құмар ойынға немесе ішімдікке тәуелді, тек өз басын ғана ойлайтын адамдар бейім келеді. Сонымен қатар жүйке жүйесі тозған адамдар да ашу үстінде өзін-өзі басқара алмай қатігездік танытуы да мүмкін. Аяусыз күш көрсету құрбандарының 90 пайызы – әйел адамдар. Еліміздегі үй ішіндегі 60 пайызы зорлық-зомбылықтардың болуы ішімдіктердің кесірінен болып жатады, – дейді психолог Сағым Нағашыбаева.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін заңды қатаңдатудан өзге де шаралар қолға алынып жатыр. Әсіресе, бұл іске жастар қомақты үлес қосып жүр. Соның бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған Tozbe қосымшасы. Зорлыққа душар болған жандарға дереу хабар беру қиынға соғып жатады. Осы сәтте жәбірленушілер Tozbe-нің көмегіне жүгіне алады. Жоба авторларының айтуынша, қосымшада дыбыстық хабарлама және нақты мекенжайы да жіберу мүмкіндігі қарастырылған..

– Жоба барысында техникалық жағынан кедергілер болды. Қазақ тілінде дыбыстық хабарламаны жасау қиындық туғызды. Қазір біз қосымшаны қолданысқа енгізумен айналасып жатырмыз. Қосымшаның басты функциясы – қиындыққа тап болған жанның дер кезінде көмекке шақыруы. Алдын ала таңдаған кілт сөзіңізді айтқан кезде, сенім телефондарға хабарлама жіберіледі. Хабарламада жәбірленушінің соңғы мекенжайы болады. Хабарламадан бөлек кілт сөздің айтқан сәттен бастап телефоныңыз дыбысты жазуды бастайды. Алдағы уақытта бізде бірнеше қосымша нұсқасын әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандар үшін заңды чеклист шығару ойда бар. Оның да жоспарын дайындап қойдық, – дейді жоба авторы Сәния Мұхамбеткалиева.

Қорытындылай келе, тұрмыстық зорлық-зомбылық – бүгінгі қоғамның өзекті мәселе. Статистикалық мәліметтер де сөзімізді растайды. Әрине, отбасы институтының іргетасы мықты болғаны керек. Сонда ғана отбасы-ошақ қасындағы мәселені таяқтауға жеткізбей шешуге болатындай.

**Жанел ҚҰТТЫБАЙ**



Бүгінде жасөспірімдер мен жастардың әлсіз менталды денсаулығы дағдарыстың жаңа әрі өршіп бара жатқан түрі ретінде саналатын болды. Соңғы он жылда әлемде екі құбылыс қатар дамып жатыр: бір жағынан, кейінгі толқын өкілдеріне қатысты депрессия, үрейге бой алдыру, биполярлы бұзылыстар секілді күрделі психикалық күйлер жиі аталатын болса, екінші жағынан, қоғамда психикалық проблемасы бар адамдарды стигматизациялауға қарсы қадамдар жасалып жатыр.

# ЖАСТАРДЫҢ ЖАҢЫ НЕГЕ ТЫНЫШСЫЗ?

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

**СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?**

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, қазір әлемде 970 млн адамның психикалық денсаулығында бұзылыс бар. Оның ішінде ең жиі кездесетін диагноздар – депрессия мен үрейге бой алдыру: 350 млн-ға жуық адам депрессияға шалдықса, 284 млн адам үрейшілдікке бой алдырған. Сарапшылардың айтуынша, жуырда ғана нүктесі қойылған коронавирус пандемиясы бұл статистиканы ушықтыра түскен: XX ғасырдың басындағы испан вирусы сол кездері адамдарда қалай неврологиялық бұзылыстар тудырса, COVID та солай жан ауруларының қатарын арттырып жіберген.

ДДҰ бұдан бөлек экономикалық қиындықтар мен жұмыссыздық та менталды аурулардың көптеп таралуының бір себебі болуы мүмкін екенін ескертеді.

Өзіміздегі жағдай қалай? Астана қаласының Психикалық денсаулық орталығында ем алған 16 мен 35 жас аралығындағы жастардың саны 2021 жылы 163 болса, 2022 жылы 277-ге өскен. Биылғы бес айдың ішінде орталық көмегіне 97 жас жүгінген.

«Бізде депрессиялық бұзылыстары бар науқастарға арналған бөлек бөлім де бар. Оларды депрессияға әкеп соқтырған себептердің ішінде көбіне-көп отбасында шешімі жоқ мәселелер, ажырасу, жақын адамынан айырылу, ұрпақтар қақтығысы, қиын өмірлік жағдайлар, психологиялық қорғансыздықты айтуға болады», – дейді аталмыш мекеменің директоры Бақытжан Қойшин.

**МЮНХГАУЗЕН СИНДРОМЫ**

Психиатр, медицина ғылымдарының кандидаты Сұлтан Несіпбаевтың айтуынша, жан ауруына шалдыққан жастардың саны көбейіп барады деуге келмейді, тек бұл мәселе туралы хабардарлық артқан болуы мүмкін.

«Меніңше, қазір адамдарда менталды саулық жайында білуге деген қажеттілік артып келе жатыр. Бұл ең бірінші кезекте интернеттің дамып, ол ұсынатын ақпарат легінің көп болуымен байланысты. Алайда бүгінде адамдар проблемалық ситуацияларды тым қатты қабылдауға бейім, олар проблемаларды уайымдауға неғұрлым көп күш-қуатын жұмсаған сайын, психикалық саулықты сақтауға да соғұрлым аз күш-қуаты қалады. Ал адам өзіне әртүрлі ауруларды теліп ала беретін болса – мұны Мюнхгаузен синдромы дейміз – бұл әдетте басқа проблемалардан қашу және өзіне жауапкершілік алғысы келмеудің салдары», – дейді ол.

Бұл пікірмен психолог Гүлжанар Өтеубекова да ішінара келіседі.

«1952 жылы американдық психиатриялық ұйымның анықтамалығында 103 диагноз бар болса, 2000 жылы оның саны 365-ке жетті. Анықтамалықтың бесінші нұсқасында психикалық бұзылыстың түрлері одан әрі көбейді. Адамдар аурулардың жаңа қырлары жайында көбірек біле түсуде және оларға симптомдарды өздеріне теліп көру қызық», – дейді маман.

Психологтың айтып отырған құбылысы ғылыми тілде «киберхондрия» деп аталады. Бұл – ипохондрияның бір түрі, қарапайым тілмен айтсақ, интернетте сипатталған ауруларды оқып алып, өз-өзіне диагноз тағайындау. Яғни ғаламторда депрессия, биполярлы бұзылыс, анорексия, паникалық шабуылдар, үрейге бой алдыру сияқты психикалық ауытқулар туралы адам көбірек оқыған сайын, өз бойынан да сол дерттердің белгілерін іздеуге көшеді, табуға тырысады.

**ЖАН АУРУЫ КИНОДАҒЫДАЙ «ӘДЕМІ» ЕМЕС**

Киберхондрияның артуына интернеттегі «қоқыс» ақпараттың шектен тыс көбеюі де себеп болып отырған сияқты. «Өзіңді тексер: депрессияның 10 белгісі», «Қандай психикалық бұзылыстарға бейімің бар?» деген тәрізді материалдар мен тестілерді талай кездестірген де шығарсыз. Тіпті, әртүрлі фильмдер мен сериалдардағы, тіпті ертегілердегі кейіпкерлердің психотипін анықтау да әлеуметтік желіде жиі көзіміз шалатын контентке айналды. Мысалы, сондай бір талдаулардың бірінде әйгілі ресейлік мультфильмдегі кейіпкерлерді бір-бір психикалық диагноздың символы ретінде қарастырады: Винни-Пух – назар жетіспеушілігі синдромы, Пятачок – үрейге бой алдыру, қоян – обсессивті-компульсивті бұзылыс, есек Иа – депрессия, Ру – аутизм.

Психолог Гүлжанар Өтеубекованың пікірінше, соңғы кездері әдебиет пен киноиндустрияда психикалық аурулардан романтика іздеу құбылысы бар.

«Netflix-тегі «Ты» деген сериалда – шизофрения симптомдары бар қанішерді көрерменнің көзінде сүйкімді объектіге айналдыруға тырысады, сол секілді, Джокерді де еске түсіріңіз: ол да көп адамның сүйікті кейіпкері. «Бесстыжие» сериалдындағы биполярлы бұзылысы бар сымбатты жігітті де көп адам таниды. Мұндай сериалдардың басты кемшілігі – іште бұғып жатқан проблемаларды көрсетуінде емес, месседждің дұрыс берілмеуінде, яғни әлгі кейіпкерлердің өзін, іс-әрекетін романтикаға айналдырып жіберген. Кейбір көрермен солардан үлгі алып, ұқсауға тырысып, солар сияқты «ерекше» болғысы келуі мүмкін», – дейді Г.Өтеубекова.

Сондай-ақ ол әлеуметтік желіде кейбір атақты адамдардың өздерінде менталды проблемалар бар екенін мойындауы да осыған ұқсас нәтижеге алып келеді деп санайды. Мысалы, биполярлы бұзылысы бар Канье Уэст немесе депрессияны бастан кешкен Анджелина Джолидің фанаттары да оларға еліктеп, әлгі психикалық диагноздардың белгілерін өздерінен іздеп көруі ықтимал.

**ҚАЗІР СЕЗІМДЕРГЕ ОРЫН БАР**

Жоғарыдағы мәселе төңірегінде пікір сұрағанымызда, екінші бір топтың бар екенін байқадық. Олардың аргументі – депрессия немесе үрейге бой алдыру сияқты жан аурулары бұрын да болған, тек қазір бұлар бөлек ұғым ретінде айтыла бастады.

«Бұрынғы шақта депрессия басқаша, мәселен, алкоголизм түрінде, агрессия түрінде, оғаш жүріс-тұрыс түрінде көрініс тапқан. Яғни бұл күйдің атауы болмады. Оның себебін де түсінуге болады. Көп уақыт бойы адамдар экстремал жағдайда өмір сүруге мәжбүр болды. Ашаршылық, қуғын-сүргін, қиын экономикалық жағдай – мұның бәрінде де адамдар тек негізгі қажеттіліктерін ғана ойлаудан босамайтын. Біз, мысалы, әлдебір төтенше жағдай кезінде шұғыл әрекет етеміз де, сосын барып ойланамыз ғой. Кейде «қорқып үлгермей қалдым» деп жатамыз, яғни мұндай сәттерде сезімге орын болмайды. Иә, әрине, ол кезде де адамдар өз бойындағы уайымды, алаңды, үрейді шығара алды, бірақ, басқаша тәсілмен: біреу алкогольге тәуелді болды, біреу баласын ұрды, біреу бейберекет сексуалды байланыстар жасады. Психологияда оны «шығармашылық бейімдеу» дейміз. Ал қазір оның атауы бар. Халықтың психологиялық сауаты артып келеді. Әжелеріміз психологсыз да өмір сүрді ғой дейміз, олар антибиотиксіз де өмір сүрді. Сондықтан психологияға дендеуді қорқынышты құбылыс деп қарастырмау керек, одан қорқудың қажеті жоқ», – дейді психолог, гештальт-терапевт Айзерек Еділова.

Проблемаға осы тұрғыда үңілетіндердің енді бірі, журналист Айнұр Нұрпейісованың ойынша, жастардың өз менталды саулығына көптеп көңіл бөле бастауының тағы бір себебі – ақпараттық қоғамда бұрын бықсып жатқан мәселелердің басы ашылуы, сондай-ақ көмек қолын созған мамандардың көбеюі.

«Буллинг, педофилия, тұрмыстық зорлық-зомбылық, күнделікті стресс туралы көптеп айтыла бастады. Оларды оқыған жұрт өз басындағы проблемаларды анықтауды, оны өз атауымен айтуды, былайша айтқанда, өздерін тануды үйренді. Оған көмектесетін мамандар, тіпті тегін психологиялық кеңес айтатын психологтар да пайда болды, мұның бәрі адамдардың менталды проблемаларын мойындауға жол ашты», – дейді журналист.

Сонымен қатар А.Нұрпейісованың айтуынша, адамдардың, әсіресе жастардың менталды әлсіз бола түсуіне олардың жалғыздығы да әсер етеді. Бұрындары адамдар топ-топ болып өмір сүріп, өзара жиі бетпе-бет кездесіп, шер тарқатуға, әңгімелесуге мүмкіндігі болса, қазір адамдар көбіне-көп жалғыз, интернеттің дамуы жүзбе-жүз қарым-қатынастарды азайтты: бұл құдды бір тыныштықта қалғанда өз ішіндегі «дауысты» қаттырақ естігенмен тең.

# БИЗНЕСКЕ БЕЙІМ БҰЫН

**Атырауда жастар кәсіпкерлігі айтарлықтай жолға қойылған. Қазір Атырау облысында жеке ісін жалғастыруға ниетті жастарға жеңілдікпен шағын несие, тіпті қайтарымсыз гранттар беріліп жатыр.**

Атырау облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Азамат Мәмбетовтің айтуынша, жас кәсіпкерлер 2,5 пайыздық сыйақы мөлшерлемесімен 5 миллион теңгеге дейін несие ала алады.

«Бүгінге дейін шағын несие бойынша өтінім берген 18 үміткердің бизнес жобасы қаралып, оның 17-сі мақұлданды. Кәсібін кеңейткісі келетіндердің қатары көп. Жақында ғана облыс әкімінің өкімімен құрылған комиссия құрамы 18 үміткердің құжатын қарап шықты. Бизнес-жобалардың басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналысуға бағытталған. Комиссия мүшелері ұсынылған жобалардың өзектілігін, дәлелділігін, экономикалық негізділігін, маңыздылығы мен өміршеңдігін ескере отырып, тиісті шешімдер қабылдайды», – деді Азамат Мәмбетов.

Ерекше атап өтерлігі, шағын несиелер 21 жастан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Өтініш берген сәтте жастардың жеке кәсіпкер ретінде тіркелген уақыты 5 жылдан аспауы тиіс.

Белгілі болғанындай, биылғы 6 наурыздан басталған шағын несиелерге өтінімді үміткерлер «Агронесие корпорациясы» АҚ-ның Атырау облысы бойынша филиалына бере алады. Жастарды қолдауға арналған бағдарламаға сәйкес, облыс бойынша кәсібін дамытқысы келетін 136 жасқа 680 млн теңге көлемінде микронесие беру жоспарланып отыр.

«Кәсіпкерлік бастамашылыққа қолдау көрсету үшін жастарға микрокредит 5 жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит 7 жылға дейін беріледі», – дейді Атырау облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Азамат Мәмбетов.

Расында, қазір білек түріп, бел жазбай еңбек етуге бейім адамға мүмкіндік көп. Атыраулық Алмас Ахметқали жастар кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жемісін көріп отыр. Ол Атырау облысына қарасты Исатай ауданының Хамит Ерғалиев ауылында тұратын жас кәсіпкер «Бастау-Бизнес» жобасын кәсіпкерлік негізде оқытуды business enbek сайты арқылы онлайн оқып, сертификатын алған.

Осылайша, жас кәсіпкер «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға» сәйкес, жаңа бизнес идеяларын іске асыруға арналған қайтарымсыз мемлекеттік грант алуға өтініш беріп, қайтарымсыз грант ұтып алған.

Қазір жас кәсіпкер 4 мыңға жуық тұрғыны бар Хамит Ерғалиев ауылында автоқызмет көрсетеді.

«Грант қаражаты арқылы автоэлектрик және автодиагностика қызметі үшін керекті құрал-жабдықтарды сатып алдым. Өзім осы мамандық бойынша Атырау қаласында 2016 жылдан бері жұмыс істеп келдім. Былтыр қайтарымсыз грантты алып, ауданда өз кәсібімді аштым. Бұл кәсіпті қаладан да ашуға болатын еді. Бірақ ауылда мұндай қызмет түрін көрсететіндер аз. Сондықтан да болар, сұраныс жоғары. Оның үстіне, ауылымыз Атырау–Астрахан автокөлік жолының бойында орналасқандықтан, жолаушылардың да келуіне қолайлы болып тұр», – дейді жас кәсіпкер Алмас Ахметқали.

Мемлекеттік бағдарламалардың жемісін көріп отырған тағы бір кейіпкеріміз – Әлібек Жұмағалиев. Ол Атырау облысына қарасты Махамбет ауылында тұрады. 1 млн 225 мың теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантқа ие болған жас кәсіпкер Махамбет ауылынан шағын кинозал ашқан.

Әлібек ашқан кинозалға келушілер қатары көп. Кинозалда күндіз балаларға мультфильмдер, кешкілік мезгілде ересектерге арналған түрлі жанрдағы қызықты фильмдер көрсетіледі.

«Грант арқылы жеңіп алған қаражатқа қажетті жабдықтарды, LED-экранды сатып алдым. Залға жөндеу жұмыстарын жүргіздім. Келушілер саны көбейсе, бұдан да кең ғимаратқа көшуді жоспарлап отырмыз», – дейді жас кәсіпкер Әлібек Жұмағалиев.

Ал Мөлдір Мұқанова мемлекеттік бағдарлама арқылы Атырау қаласынан тігін шеберханасын ашқан. «Даму» қоры арқылы несие алып іс бастаған жас кәсіпкер бүгінде шағын цехында дизайнерлік киімдер тігіп, тұтынушыларға сапалы маталар, аксессуарлар да ұсынып отыр.

Еске сала кетсек, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жоба аясында, Атырау облысы бойынша биыл түрлі бағыттағы әлеуметтік

қолдау шараларымен 29 139 адамды қамту жоспарланып отыр. Оның ішінде «Бастау-Бизнес» жобасы аясында 2 850 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқуды бастады. Қазір олардың 2 132-сі оқуын аяқтап, нәтижесінде 194 адам жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. 17 түлек қайтарымсыз мемлекеттік грантқа ие болған.

**Баян ЖАНҰЗАҚОВА,**
*Атырау облысы*

**Талай ғасырдан бері желісі үзілмеген «Ортеке» музыкалық-қуыршақ өнері жуырда ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енді. Оны растайтын сертификатты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа елімізге ресми сапармен келген ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азуле табыс етті. Осы орайда бабадан жеткен құнды жәдігердің бағасын арттырып, дәріптеп жүрген Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, мүсінші, суретші Қазым Аманқосовпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.**

**Қазым АМАНҚОСОВ,**
мүсінші, суретші:

# «ОРТЕКЕНІ» АҚШАҒА САТҚЫМ КЕЛМЕЙДІ

**– Қазым Бейсенұлы, әңгімеміздің әлқиссасын өнерге келген ортаңыз, өмір жолыңыздан бастасақ...**

– Мен 1965 жылы Байзақ ауданы Шахан ауылында дүниеге келдім. Балалық шақта менің ұнатып ойнайтын ойыным өзеннің жағасында отырып балшықтан түрлі бейнелерді салу болатын. Сонымен қатар мектеп қабырғасында қағазға түрлі түсті таудың, тастың суреттерін салатынмын. Бір сөзбен айтсам, бала арманым қолөнер шебері атану еді. Сол кездегі Жамбыл педагогикалық институтының көркемграфикалық факультетіне оқуға түсіп 1990 жылы тәмамдап шықтым.

Қазақ «Тегінде бар тек жатпас» дейді. Бұл мәтел біздің әулетке тікелей қатысы бар деп білемін. Атамыз – темірден түйін түйген кісі. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде елдегі ұсталардың бәрін майданға жібермей, алып қалған. Бейсен атам да сол тізімге еніп, елде қалыпты. Тиісінше, ұсталар тылда еңбек етіп, оқ-дәрі таситын ат арбалар жасаған. Соны вагонға тиеп, соғысқа жіберіп отырған екен. Ал әжеміз тұскиіз, тақия, сырмақ сынды дүниелерді шебер тігетін еді. Бір атадан тараған бауырларым Серік Бисенов пен Асан Бисенов екеуі – бүгінде алыс-жақын ағайынға аты мәлім қолөнер шеберлері. Ал өзімнің қызым Дариға мектепте суреттен сабақ береді. Ұлым ағаш шеберлігін бітірген. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өнер деген осы болар. Дейтұрғанмен, кез келген жұмыспен үнемі айналысып тұрмасаңыз, қарайып қаласыз. Сол сияқты бұл қолөнер тегіңізде болғанымен, үнемі айналыспасаңыз, алыстап кетесіз. Кезінде Алматыға қоныс аударып, бір жылдай қара жұмыс істедім. Табысым жаман болған жоқ. Алайда менің санамнан сурет салу, мүсін жасау деген дүние кетпей қойды. Бір күнде Алматыны тастап, Жамбылға көшіп келдім. Демек, қанымда қайнаған өнер қайтадан өзіне алып келген болды ғой...

**– Қолөнер туындыларыңыз қандай көрмелерге қойылды?**

– Әлбетте, әрбір шебер үшін жасаған туындың шекара асып, елдің құрметіне бөленсе, жетістік сол деп ойлаймын. 2015 жылы Араб Әмірліктерінде өткен мұсылман мемлекеттері арасындағы фестивальде, 2016 жылы Қырғыз Республикасында өткен II Халықаралық «Көшпенділер ойындарында» және Түрік еліндегі «Түркі әлемінің заманауи өнер мұражайын құру» халықаралық жобасында туындыларым көпшілікке ұсынылды. Көптеген бұйымым Франция, АҚШ, Германия, БАӘ, Испания елдерінің жеке коллекцияларында сақталып тұр. Сонымен қатар ел ішінде әрбір маңызды мерекелерге байланысты көрмелер мен жәрмеңкелерде жұмыстарымыз қойылып жатады. Биылғы ақпан айында Әулиеата жеріне арнайы жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығындағы көрмеге қойылған қамшымды өз қолымнан сатып алғаны мен үшін зор қуаныш әрі ұмытылмас тарихи сәт.

**– Жуырда ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азуле Мемлекет басшысына «Ортеке» музыкалық-қуыршақ өнері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгенін растайтын сертификатты табыстады. Бұл, ең бірінші, сіз сияқты қолөнершілердің еңбегінің жемісі. Жалпы сізге, «Ортекені» ортамызға оралтуға не түрткі болды?**

– Ең әуелі жастарға түсінікті болу үшін «Ортеке» сөзіне тоқтала кетейін. Биік құзар шыңдарда жүретін «Ортеке» атты таудың еркін тағысы бар. Қазақ халқы ортекені «таутеке» деп те атайды. Мүйіздері семсер тәрізді сәнді де, өткір, тұяқтары құз-қиядан таймайтындықтан, тау басында еркін жайылып жүреді. Осындай ерекшелігіне қарай «Ортеке» қазақ мәдени тұрмысындағы саз аспаптарында ойнатылатын, қуыршақ өнерінің бір үлгісіне айналды. «Қуыршақ ортеке» – көбіне ағаштан жасалатын ойыншық бұйым.

Ал енді сұрағыңа оралсақ. Әуелде қазақтың ұмытылып бара жатқан қолөнерін дамыту керек деген ойдың жетегінде жүрдім. «Ортекені» аспап ретінде көрсету ұмытыла бастағанын түсіндім. Оны көру тіпті арманға айнала бастаған. Ақыры, ізденістің ізіне түстім. Бұл жұмысты 1990 жылы қолға алып, алты жылдық маңдай терім төгілді. Менде үш нұсқа болды. Алғашқы нұсқадағы ортекенің биі дұрыс шықпады. Екіншісін жетілдірдім. Алайда тағы да көңіліме қонбады. Тағы да ізденуге тура келді. Содан үшінші нұсқаға кірістім. Соңғысы ғана ойымдағыдай шықты. «Ортекенің» табиғи қозғалыстарын көргенде өзім де қатты қуандым.

Негізі, «Ортекені» жасап шығуыма газеттердің бірінен оқыған мақала түрткі болды. Сол мақалада Отырарда жүргізілген қазба жұмыстары кезінде ағаш бұйым табылғаны айтылған. Зерттеген мамандар оның «Ортеке» екенін анықтапты. Қолға түскен құндылықтың мыңжылдықтармен сабақтасып жатқаны да мақалада жазылған. Осы шағын ғана жаңалық мені ойландырды. «Ортекені» қазақтың ғана аспабы дегенге келіскім келмейді. Меніңше, ол түркі мәдениетінің айнымас бөлігі әрі белгісі.

**– Жалпы, «Ортеке» қуыршағы қалай жасалады?**

– Алдымен, жұмыр ағаштан кесіп алып, сыртына нобайлап ортеке формасын сызып алады. Сосын ортасынан қақ жарып, ішкі бүйірін кеуілеп жұқалайды. Іші кеуленіп болған ағашты қайтадан ажырамастай етіп біріктіріп желімдейді. Содан кейін көз, мүйіз, сақал орнатып, жасаған басты мойынға бекітеді. Жалпы бейнесі жасалып болғасын, айналасын тегістеп қырнап, кәдімгі ортекенің толық бейнесіне келтіреді. Төрт сирағы қозғалыс жасап тұратын етіп шеге немесе бір жағының қалпақ басы бар кішкене ағаш түймешектің оғынан сирақтың басын өткізіп, түймешік оғын жауырын мен жамбастың сыртына шаптайды. Шеге болса түспестей, қозғалыс жасайтындай етіп аралық қалдырып шегелейді. Ортеке әбден жасалып болған соң көз тартардай етіп әдемілеп бояп, қыр арқаны теңшеп отырып дәл ортасынан шеге болмаса қалпақ бас ағаш түймешік орнатып, түймешікке жіп тағады. Осымен ортекенің жалпы барысы жасалып бітеді. Содан кейін ортеке кедергісіз қозғалыс жасайтындай майдаланған тұғыр жасалады. Ортекенің қыр арқасына байланған жіптің бір ұшы күйшінің саусағына ілінеді. Осы арқылы күйшінің күй шерту барысында қозғалған саусақтары арқылы тұғырдағы ортеке құдды жаны бар текеше қимыл, қозғалыс жасайды. Көрер көзді еріксіз тәнті етеді.

**– Көптеген көрме мен байқауға қатысып жүрсіз. «Ортекеге» деген өзге ел азаматтарының көзқарасы қандай?**

– Бір көрмеде Үндістан азаматы «Ортекені» сатып алғысы келіп, қомақты қаражат ұсынды. Алайда мен оны сатқан жоқпын. Себебі «Ортекені» кісі баласына ақшаға айырбастағым келмейді. Бар мақсатым – ұлттық өнерді дамыту. Бірақ, бір өкініштісі, өңірдегі үлкен іс-шаралар өтетін кезде ғана аймақтағы атқамінерлер мені жанталасып іздейді. Басқа күні керегім жоқ. Маған жергілікті билік тарапынан қолдау көрсетіліп, шағын болса да цех ашсам, «Ортекені» ұлттық брендке айналдыру жолында тер төгер едім. Алайда қазір «Ортекеге» деген биліктің көзқарасы көңіл көншітпей тұр. Егер Үкімет басындағылар ұлттық өнерге жанашырлық танытса, бұл өскелең ұрпақты домбыра өнеріне қызықтыруға таптырмайтын құралға айналар еді. Тіпті, өнер мектептерінің бағдарламасына енгізсе, талай шәкіртті тәрбиелеп те шығарар едік. Алайда оған қолдау керек.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Саятхан САТЫЛҒАН**



# МАДАҚ СӨЗДІҢ МӘНІ ЖОҚ...

**Кеудесінде жаны бар, ойында зерек санасы бар әрбір адам өзінен кейін не қалдыратынын ойлайды, жарық дүниеден өкінішсіз өтуге талпынады. Өмірін жақсартатын амал іздейді. Соның ең бастысы – адалдық пен әділдік жолынан таймай, ар-ұяты мен ожданын сатпай, халықтан алғыс алу. Көпшілікке кісілік мықтылығымен сыйлы болу. Ал өзгеге ұқсас, не болмаса азаматтық артықшылығы, шын мәнінде мықтылығы – өзінің айнымас ұстанымы мен талапшылдық қасиетінен танылады.**

Қазір жан-жақтан анталаған түрлі-түрлі мәдени-рухани аласапыранда, адамдардың қалыпты қарым-қатынасының өзі есепке құрылып, ізгілік пен мейірімге зәрулік туындап, тек ашкөздік мен ақшаға суарылған дүниелер қоғамды тұмшалай бастаған уақытта әрбір тұлғаның абыройы мен адал, турашыл сөзі таңғы таза ауадай қажет болып отыр.

Өйткені «ақша алға шықса, бақыттың жолы жабылады» деген Шығыс ойшылдарының мұра сөзі айна-қатесіз шындыққа айналды. Ал бұл әлеуметтік-тарихи санаға тигізетін зардабы көп мәселе. Сондықтан да көз арбайтын ақшаға, қу дүниеге қызығу бір басқа, ол жақсы өмір сүру үшін артық етпейтін керек нәрсе десек те ананың ақ сүтімен, әкенің қанымен жаратылған кісі мұраты адамгершілікті асқақтату болар. Алайда көріп отырғанымыздай, бұл күндері де дап-дардай адамдар егде жасына қарамай, ана жергілікті билікке жағыну мен дәмелі сый-сияпат, әлдеқандай марапатқа тәуелділіктің салдарынан қай жерде болмасын, әсіресе, жастар мен зерделі адамдар қатысып отырған ортада жүректегі ұятты белге байлап, мақтан сөзді үйіп, төгіп, жағымпаздық пен жәдігөйліктің, бейшаралықтың «үлгісін» көрсету неге екенін қайдам, кейінгі уақытта өршіп барады. Естіген құлаққа тіптен ыңғайсыз: «Сіз келгелі халық риза», «Мәслихатқа да біз көп жылдан бері күткен ағайын келді» деп жалғаса беретін үйреншікті сөз аясында сөз жарыстыру баяғыдан бері таныс картина. Ешбір өзгеріске ұшырамаған қалпында қалды, апырай, мақтангерлік пен мақтан сөзді арнаудың өзін адалдықпен, өңірдегі жұрт пен қалың қоғам көзбен көріп, құлақпен естіген жаңалықтарымен дәлелдеп айтса, оған кім қарсы бола қойсын, өкінішке қарай, олқы соғып, тіптен олай болмай тұр. Бұл жосықсыздау жағдайдың басаяғын, әлеуметтік ортадағы әсерін терең зерделесек, бұл биік және дәмді астау төңірегіннен ұзап шықпайтын «белсенділер» қызметі тұтас ел болып, әділетті Қазақстан құруға жауапкершілікпен атсалысып жатқан тұста қажетті пайдасынан гөрі залал-зияны көп «тәрбие» деп санауға болады. Бастық көрсе, адымды жүрісінен жаңылатын, жаттанды, әбден жауыр болған жылтыр сөзімен жағымпаздық дертіне ұшырағандардан қарапайым халыққа келер ешбір қайыры жоқ. Арасында ақылсыздықпен өздерін де мақтап былжырайды. Құлдық психологияның салдары баяғы. Ер-азаматтарға жарасатын қасиет – елдің сөзін сөйлейтін, мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, көз жасын құрғатып сүртуге дайын адам халықтан алғыс алмай ма? Бір қызығы, жергілікті жерде әкім шенеуніктерге жағымпаздық пен жәдігөйлік секілді көріністер әйел кісілер тарапынан жоқтың қасы. Мүлдем жоқ. Аналар айтса, мұң-мұқтажын ашық, кейде қаттырақ айтады. Өздеріне керекті мәселелерді ғана шынайы және ширығып қозғайды.

Абай хакім «Құдайға терістіктен не ар мен ұятқа терістікпен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?» деп айтқан жоқ па?!

«Бірлік емес, байлық үшін жұлысқан, бас басына би болуға тырысқан» (М. Шаханов) заман өтер, кетер. Ал кісілік сөз бен ойды бұзатын жарамсақтық көңіл күй әкімдікте ме, өзге орындарда ма, мәдениет пен мемлекеттік қызмет тәртібі қатаң сақталуға тиісті ресми жиналыстың өзінде көрініс табуда. Ешбір ретсіз, рабайсыз мақтау сөзді көпіртіп, көзге түсуін жарамсыз не қисынсыз, орынсыз екенін сол лауазым иелерінің өзі де этика тұрғысында сыпайы болса да ескертіп жатпайды. Оған ой-өресі жетпегендігі. Ескі жүйенің жетегінде қалған қалпын көрсетеді. Қалай десек те ондай түсінік-пиғылдағы әкім-қаралардың болмысы жаңа Қазақстанның халық қалаған рухымен де, саяси бағыт-бағдарымен де сыйыспайды деп білеміз.

Жұрт жасыратын несі бар, қамығатын көп жай жоқ. Бірақ ел ішінде көңіл толмайтын деп, жергілікті басшылар атына жалған мақтауды шұбыртып, мәймөңкелеп, астына көпшік қойып сөйлеп, дабырлатуға дайын белгілі бір топтардың жағымсыз әрекеттері жалғаса түсіп, тойлар мен концерттерде, салтанатты кездесулерде дақпыртқа айналып, жүрек айнытатын теріс әсері болуын атайды. Қоғамды алаңдатқан өзекті мәселелерді қозғап, жүзеге асыруға салмақты сөздерімен түрткі болудың орнына, өмірден көргені мен түйгені бар кісілердің жалпақшешейлік әрекеттерін билікке жақын жүру жолы деп ұққанын төзгісіз іс деп айыптайды. Шын мәнінде бұл ескіден келе жатқан «дәстүрге» тоқтау болатын түрі жоқ. Бұл пәлекет енді жастарға жұғысты болып, сорламасақ, қанеки?!

Мұндай қоғамдық жарамсыз мінез алға апармайды, шындыққа жетелемейді, керісінше кейде өкпе-реніш, ашу туғызады. Қоғамға да, билікке де бұл қауіпті. Керек десеңіз, мақтау сүйетін мырзаларды енжарлық пен немқұрайлыққа ұйыта түседі. Жемқорлыққа да жол ашуы мүмкін. «Сіз кереметсіз!» деп жарысып, құстай сайраған-нан сан соғып қалған талай дәуірдің суретін көріп отырған жоқпыз ба? Дәл осындай шақта жергілікті басшыларға кейде дәл, кейде асыра мін тағып, орынды сын айтуға ұмтылатын блогерлердің қызметіне алғыс айтқың келеді екен. Сол себепті бұл толғақты тақырып қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерде, саяси партияларда да ашық талқыланып, мәселенің тәрбиелік мәні мен тигізер теріс жағы жеңіл көзқарастағы пенделердің жетесіне жеткізіп айтылғанын жөн санаймыз.

Қазіргі Мемлекет басшысының аса жоғары мәдениеті мен биік ұстанымынан, саяси терең ойлары және адамдармен сөйлесу қарым-қатынасынан

> *Өйткені «ақша алға шықса, бақыттың жолы жабылады» деген Шығыс ойшылдарының мұра сөзі айна-қатесіз шындыққа айналды. Ал бұл әлеуметтік-тарихи санаға тигізетін зардабы көп мәселе. Сондықтан да көз арбайтын ақшаға, қу дүниеге қызығу бір басқа, ол жақсы өмір сүру үшін артық етпейтін керек нәрсе десек те ананың ақ сүтімен, әкенің қанымен жаратылған кісі мұраты адамгершілікті асқақтату болар.*

табиғи қарапайымдылық пен шынайы адалдықтың өнеге-үлгісін аңғарасыз.

Задында заман зиялысы мен саяси элитаның деңгейіне де көп өзгеріс керек екені даусыз.

Мыжып айтатын мақтау сөздің мәні кеткені рас. Халық жазушысы Шерхан Мұртаза ағамыз Астанада жүргенінде «Мені де жиындар мен түрлі салтанатты мәжілістерге жиі шақырады. Бәріне бірдей барғым жоқ. Барсаң, май жаққан мақтау мен көтермелеу сөзден құлағың тұнады. Шақырып алып, сені аса бір ілтипатпен құрметтегенсіп, сосын әлдебір жуан дөкейлерді мақтатуға итермелейді не соған мәжбүрлегендей болады. Ардан қалай аттайсың, ел не дейді?».

Асыл текті Шераға ар мен ел алдындағы абырой мен ұятты ойлап, оны ашық айтып, жазған. Осы орайда еске түсіп отыр, 90-шы жылдардың белортасынан ауа Алматыда кіл мықты, аузын айға балаған ірі тұлғалар шақырылған Үлкен сарай жиыны болды. Бірыңғай мақтау мен мадақтау сөз тау суындай тасқындап, түсінікті саяси науқанды тұс-тұстан жарнамалап, көңілмен кең көсілген мезеттің бір көлкіген сәтінде қайсар мінезді Шераға сөз сұрап алды да өзіне тән мәнермен, қос қалың қара қасын қайшылап: «Ойнасақ та біраз жерге бардық-ау дегендей, өз ой-пікірлеріңізді айтып жатырсыздар. Бәрі дұрыс. Бірақ елге бір-бірін қайталау мен құрғақ сөз емес, қайратты іс керек. Сөзді тоқтатайық, ағайындар.

Тау жақта қалақай деген ашы шөп өседі. Қанша жерден оған бал жақсаң да қалақай болып қалады» деді. Зілсіз сөз зілді болып естілді. Алтын жалатылған зал ішін үнсіздік басты. Ығай-сығай...Төр басына қарады.

Жиын аяқталды.

Қазір де желпілдеген жағымпаз, мәнсіз мадақ сөзбен өңірлер мен аймақтарда жұрттың ренішін туғызып жүрген «жақсыларға» Шерағаның алмастай бірауыз өткір сөзі керек боп тұр.

Көрнекті ақын Жұбан Молдағалиев кезінде «Төбелердің көңілі үшін кейде шыңның асқақтығын жасырдық» деген еді. Қазір екінің бірі «ұлы қайраткер», «ұлы тұлға» деп те жүрміз, зер салып қарасақ, олардың көпшілігі тау емес, жай ғана жота екенін аңғарамыз. Бір өкініштісі, нағыз тұлғаны танып, асқақтата алар руханият пен қасиетке тапшымыз. Міне, соған енді әр әкім шенеуніктер билік қызметінде отырғанында «Сізге сенеміз. Көптен күткен едік» деген сыңайда, сосын не істеп, не қойғанын еш сезінбесе де «О, сізге риза болып жатырмыз» деп жарамсақтанған, ал күндердің күнінде қызметі ауысқан жағдайда «Бізді қолдап жүрдіңіз. Жолыңыз болсын!» дегеннен аспайтын «штаттағы» шешендердің «түлкібұлаң қызметі» қосылды.

Тегінде, қоғамға керегі не? Тұрмысты түзету болмақ. Адамдардың күнкөрісі барлық жерде бірдей жақсы емес. Жергілікті жерде, облыс орталығында, аудан мен ауылдарда жаңа өндіріс орны, жаңа технологиялар көзделген межеде ашылып, кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күресті күшейту – басты шарт. Бір ауданда отыз жылдан астам уақыттан бері тым болмаса бір сүт цехы ашылмаса, онда ауыл шаруашылығы саласы оңды дегенге ешкім де сенбейді.

Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдіктердің алдына әлеуметтік инфрақұрылымдарды түбегейлі жаңғырту, ауылдарда мемлекеттік бағдармалар мен жобаларға сәйкес жұмыстарды жүйелі және сапалы жүргізу, шағын және орта бизнесті дамыту, инвесторларды тарту және қоғамдық бірлік пен халықтың пікіріне құлақ асып, азаматтық ашық қоғамды қалыптастыру секілді зор міндеттерді жүзеге асырып, көпшілік сенімін күшейтуге тиіс деп аса қажетті талаптарды қойып отыр. Мемлекет қаржысын бөліп беріп, бюджеттің тиімді жұмсалып, орындалуын бақылаумен ғана әкімдік жұмысы бітпейді. Ел басқару ісі бұйырған екен. Әкім болған азаматтар жауапкершілігі мен міндетін таза мансап тұрғысында қарастырмаған жөн. Қазіргі әкімдер толыққанды мемлекет және қоғам қайраткері биігінен табылуы тиіс. Жеке абырой-беделі, білімі мен алғырлығы, бастамашыл, идеялық тапқырлығы, кісілік мәдениеті мен көпшіліктің тілін таба алатын ақыл-ойы, рухани-ұлттық кесек мінезі және дүниеқоңыздық, сұғанақтық, жерлестік, рушылдықтан ада қадір-қасиеттері атойлап тұруы керек. Бірақ барлық жерде бірдей бұл талап сақталмайды. Кездейсоқ болмаса да әкім дегенге шапқылап жүрген елгезек жігіт шамасында ғана шырамытып қараса, онда не шығады? Тағы бір мәселені айтпай тұра алмадық. Ел ішінде жұғымсыз жұрыс-тұрысымен, лас айлакерлігімен аты шыққан байырғы шенеунік көкелер кейбір жас әкімдердің кадр таңдау және тендрді жеңдіру мәселесінде «сенімді кеңесші, құпия уәзіріне» айналған-ды дегендей алыпқашпа әңгіме көп. Аяқ астынан олардың «сыйлы» тұлғаға айналуы да осындайда бекер емес дейді. Өзгенің көлеңкесінде тұрғанның өз көлеңкесі болмайды. Өз көлеңкесі болмаса –өлгені дейді. Есті адам ел пікірін ескеретін болса, екінің бірінде есі кетіп сөйлемес еді ғой мінберден?! Жоқ, олай емес. Тек мақтау керек, «айтсам өз сөзім» деп өзеурейді. Ал мақтауға үйренген мырза сол сөзді сағынып тұрады ма, ел естісін дей ме, міз мақпайды. Бұл жағынан жарыс, бәсеке де бар секілді. Жақсы кісілер еді... Жағымпаздық пен жалпақшешейлікке қалай дәті барады? деп те ойлайсың. Халық «Жағымпаздық жардан жығады» деп те айтқан.

Қоғам өмірінде өңкей өтірік пен өнмеңдеген пиғылдар, жағы талмайтын жағымпаздық арқылы талай дүниенің ойранын шығарады. Бүлдіреді. Жаңғырту мен жаңаруға кесірін тигізеді.

Біз бұған сақ болуымыз керек. Сананы сергітетін, жадыны жаңғыртатын ұлттық, халықтық құндылықтарды қастерлеу үшін жоғары мәдениеттілік көрсету керек-ақ.

Жалған мадақ пен жылтыр сөз – қоғамның да, адамның да абыройын асыра алмайды, біле білсек, мұндай пиғылды ұнату мен оны бетімен жіберу басшы атаулының имиджіне ешбір қызмет етпейді.

Жалпы, бұл өзекті мәселеде тиісті орындар тарапынан кеңесіп, кесімді, піскен бір тоқтам болуы қажет. Олай дейтініміз, жергілікті әкімдердің арасында өздерін жарты патша санайтын жаман пиғыл түсініксіз жағдайда төбе көрсетіп, етек алып барады. «Аузы жаман елді былғайды, аяғы жаман төрді былғайды» ( Халық нақылы).

Бұл жақсы емес.

Адамдық биіктікті ұстау кімге болса да сын. Мемлекеттік қызметшілер үшін қандай деңгейде болмасын бұл тіптен маңызды.

**Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
*қоғам қайраткері*

# Орманды орта жолдан келгендер отайды

**Абай облысында қалың орманның өртеніп, он бес адамның мезгілсіз ажал құшуы тұтас елдің қабырғасын қайыстырып кетті. 60 мың гектардан астам жасыл желектің көз алдымызда ойраны шығып, күлге айналғаны тұтас жүйедегі шектен шыққан жемқорлық пен жүгенсіздіктің салдарын ақтарып салды. Ащы өкініш өзекті өртейді. Табиғаттың иен байлығына ие бола алмауымыз аталған салада да жауапсыздық пен бірізділіктің болмауын анық көрсетті. Шығыста мыңдаған гектар отқа оранған орман 40 жылдан астам орман шаруашылығында қызмет еткен Жантас Рақымжановтың да жанына батқан. Бүгінде сексеннің сеңгіріне келген ақсақал өз ойын ортаға салды...**

Жантас Бекмырзаұлы – Ақмола облысының орман шаруашылығында қарапайым орманшыдан бастап басшылық қызметтерге дейін 43 жылдан астам еңбек етіп, зейнеттік демалысқа шыққан білікті маман. Саланың ой-шұңқыры мен жай-жапсарын бес саусағындай біледі. Қария қазақ елінің орман шаруашылығының өткені мен бүгінін ой елегінен өткізе отырып, саладағы бірқатар өзекті мәселенің орны толмас жағдайға жеткізгенін ашып айтты.

**– Жантас Бекмырзаұлы, Абай облысында болған алапат өрт тұтас еліміз үшін орны толмас аса зор қиындықтарға душар етті. Бұл орман шаруашылығындағы жағдайдың соншалықты нашар екенін көрсете ме?**

– Иә, Семейдегі орманның өртеніп кетуі бәріміздің қабырғамызды қайыстырып кетті. Өмір бойы осы салада жүргендіктен, 60 мың гектардан астам жасыл желектің күл болып кеткеніне ішім удай ашиды. Қазіргі орман шаруашылығының хал-ахуалы аса алаңдатарлық жағдайда. Тіпті, өте мүшкіл деуге де болады. Ең алдымен орманшылардың жалақысы мардымсыз, өте аз. Сондықтан кім көрінген бұл мамандыққа бара бермейді. Саланы білетін білікті маман қасқалдақтың қанынан қат. Кез келген адам ешқандай оқу-білімсіз-ақ орманшы бола салады. Ал ағаштың қалай өсетінін, оны қалай қорғап, күтіп-баптауын білмейтін орманшылар оны қалай сақтап қалмақ? Кадрлар жоқ. Екіншіден, қазіргі орман шаруашылықтарында қажетті техниканың сапасы сын көтермейді. Қызмет ету мерзімі әлдеқашан өткен, тозығы жеткен техникамен іс бітпейді. Бірақ қазіргі орманшыларда қажетті техника да тапшы. Бірен-саран жаңа техника берілгенімен, ол мүлдем жетпейді. Соның салдарынан осындай орны толмас жағдайлар болып жатыр.

**– Сіз кеңес кезеңіндегі де, бүгінгі заманғы да орман шаруашылығының қалай жұмыс істегенін білесіз. Салыстырмалы түрде аталған саладағы жағдайдың қалай өзгеріске түскенін айтып бере аласыз ба?**

–Кеңестік дәуірдегі орман шаруашылығы мен қазіргі жағдайдың арасы жер мен көктей. Ең алдымен табиғаттың басты байлығы – қалың орманға жауапсыздық тым шектен шыққан. Кеңес уақытында тұтас орман шаруашылығы министрлігі болған. Яғни, барлық орман шаруашылығы тікелей министрлікке бағынышты болды. Ал қазір кез келген әкім орман шаруашылығына билігін жүргізеді. Басқарма басшыларына дейін кімді алып, кімді қоятынына дейін өзі біледі. Орман шаруашылығын білетін яки білмейтін адам болсын тағайындай салады. Тіпті, «осынша орманды кесу керек» десе, айтқаны бұлжытпай орындалып, кесіп те береді. Ол кезде орман шаруашылығын жүргізетін тұтас жүйе болды. Орман шаруашылықтары 25 гектар орман өрті болса, ол аса ірі саналып, дереу министрліктен келіп, үлкен тексеріс болатын. Қазір 25 гектар түгіл одан көп өртенсе де, шыбын шаққандай болмай қалды. Бұрын әрбір орман шаруашылығы кемінде 200-300 гектарға дейін ағаш егетін. Қазір шамамен 20-20 гектар еге ме, екпей ме, белгісіз. 90-жылдары біз елорда маңында еккен ағаштар қазір жасыл желек болып жайқалып өсіп кеткен. Қанша кесу керек, қанша қылқан жапырақты, қанша жапырақты ағашты егу керек, орманның орналасуы, ағаштардың егілуі – ғалымдардың топырақ жамылғысын зерттеуіне байланысты егілетін. Бәріне бақылау жасалды. Орманды өрттен сақтау үшін маңайы жыртылатын. Қазір мұның бәрі жөнімен жасалатынына күмәнім бар. Орман шаруашылықтарында еш нәрседен хабары жоқ «парашютистер» қызмет етеді. Оған қоса, жүйе құрылымдары тұтастай дұрыс құрылмаған. Орман шаруашылықтары біресе Ауыл шаруашылығы министрлігіне, біресе Экология министрлігіне қарады. Қазір тағы Экология министрлігінің құзырына өткен. Бұл да саладағы жағдайды одан сайын құлдырата түсті деп ойлаймын.

**– Орман шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін не қажет деп ойлайсыз?**

– Біріншіден, ең алдымен құрылымы бұрынғыдай, яғни тікелей министрлігі болатындай, әкімдіктердің қоластына қарамайтындай жағдайда болуы тиіс. Екіншіден, қазір орман шаруашылықтарын ештеңеден хабары жоқ, ағаштар туралы білмейтін, орман туралы еш білімі жоқ адамдар басқарып отыр. Кадрларды реттемей, бұл саланың алға жылжуы мүмкін емес. Үшіншіден, саланы ғылыммен байланыстыру қажет. Ғалымдардың жер жағдайына қарай орманды өсіруі, егу жұмыстарын жүргізуі – бәрі бір-бірімен байланысты болуы қажет. Мәселен, Нұра, Есіл, Ертіс өзендері тартылып жатыр. Су қоры мүлде азайып кеткен. Егер сол өзендердің айналасына ағаш егілсе, қар тоқтап, өзендерде су молаяр еді. Ал су болса, ағаш та көбейетіні белгілі. Міне, осындай қарапайым қағида ұмыт қалып барады. Салаға жауапкершілікпен қарау ғана бұл жағдайды оңалтуға ықпал етпек.

**– Абай облысында болған алапат өрт қасақана, яғни сол ағаштарды құрылысқа, басқа да пайдаға асыру үшін әдейі өртелді деп ойлайсыз ба? Жалпы, орманның қайта қалпына келуіне қанша уақыт қажет болмақ?**

– Әрине, бұл жерде осындай қасақана әрекетпен орманға өрт қойылуы әбден мүмкін. Құрылыс үшін де осындай әрекет жасалуы ғажап емес. Өртенген орман ағаштарын пайдасына жаратпақ болғандардың әрекеті сияқты. Бірақ ол ағаштардың қайтадан қалпына келуі үшін ондаған жыл қажет қой. Мәселен, сол орманда өртке оранған ағаштарды дұрыстап қолға алып, егу жұмыстары жүргізілсе, маңайы қоршалып, мал басып кетпеуін қадағаласа ғана орманды қайта қалпына келтіру мүмкін болмақ. Орман өртенгеннен кейін ол жерге қаулап ағаштар шыға бастайды. Ең алдымен терек, қайың ағаштары шыға бастайды. Одан кейін біраз уақыт салып қарағайлар өседі. Теректер 40-50 жылда, қайың ағаштары 50-60 жылда, ал қарағайлар толық өсіп жетілу үшін 100-120 жыл қажет. Яғни, біз осынша уақыт бойы өсетін қалың орманнан айырылып отырмыз. Оның орнын толтыру үшін осынша уақыт қажет. Әрине, мұның өзі де уақытты тиімді пайдаланып, дұрыс әрекет еткен жағдайда ғана мүмкін болмақ.

**– Әңгімеңізге рақмет! Амандық тілейміз!**

**Сұхбаттасқан**
**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
*Ақмола облысы*

> *Саланы білетін білікті маман қасқалдақтың қанынан қат. Кез келген адам ешқандай оқу-білімсіз-ақ орманшы бола салады. Ал ағаштың қалай өсетінін, оны қалай қорғап, күтіп-баптауын білмейтін орманшылар оны қалай сақтап қалмақ? Кадрлар жоқ.*

# Тартоғайдағы құпия нысан

**Кеңес кезеңінде Қызылорда облысы аумағында құпия түрде салынған әскери қалашықтар аз болмады. Сынақ алаңына айналған Сыр өңірінің халқы сол кезде болған сұмдық жайттардың зардабын әлі де тартып келеді. Мұндай орындардың сыры бүгінге дейін нақты ашылмаса да, ел аузында әртүрлі болжам айтылып жүр.**

Бір ғана Арал өңірінің өзінде көптеген әскери қалашық сап түзеп, талай сұмдыққа толы жасырын сынақтарды жүзеге асырғанын бұған дейін жазған едік. Возрождение аралынан бастау алатын қасірет, Мергенсайдағы Капустин Ярдан ұшырылған баллистикалық зымыранды бақылайтын әскери қалашық жергілікті жұртшылықты ұзақ жылдар бойына улап келгені белгілі болып отыр. Ал жұлдызды қалашық саналатын Байқоңыр ғарыш айлағының зардабын бұқараның әлі күнге дейін тартып келе жатқаны жасырын емес. Ресейге елу жылға жалға берілген ғарыш айлағының тауқыметіне қара халықтың әлі қанша уақыт төзуге тура келетінін елестетудің өзі қорқынышты.

Негізінен, кейіннен белгілі болғандай, Қызылорда облысы аумағында баллистикалық зымырандардың ұшырылуын бақылайтын әскери нысан Арал аумағымен шектелмеген. Баллистикалық зымырандарды бақылайтын құпия орын Шиелі ауданына қарасты Тартоғай ауылы аумағында да болған екен. Деректерге сәйкес, Тартоғайдағы ұшуды радиомен басқару стансасы ракеталар басқарудың бас басқармасы ретінде пайдаланылыпты.

«Ілгеріде Тартоғай мен Майлытоғай ауылының аралығында әскери бөлімше жұмыс істегенін жергілікті жұртшылық жақсы біледі. Сол кездегі әскери нысан қазіргі Майлытоғай елді мекені мен Тартоғай ауылының шекарасына орналасты. Әскери нысан осы аумаққа алғаш келген кезінде сол уақыттағы ұжымшар төрағасына қол қойғызуға барған көрінеді. Алайда ұжымшар төрағасы соғыс аяқталып, елдің бейбітшілікте өмір сүріп жатқанын, әскери қалашыққа мұқтаж емесін айтып, қарсылық танытқан екен. Бірақ соған қарамастан әскери қалашық өз жұмысын жүргізді. Негізінен, бұл аумақта екі әскери нысан болды. Локаторлық және ракеталық бақылау әскери нысандары жұмыс істеді», – деп еске алады бұл жайында ауыл ақсақалы, Тартоғай ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Басаман Пірімбетов.

Мәліметке сенсек, сол кездері Кеңес Одағы соғысқа қажетті 10 мың шақырымға дейінгі баллистикалық зымырандарды сынақтан өткізген. Зымырандарды Байқоңырдан ғарышқа ұшыруды ұйымдастыру мақсатында осы Тартоғайда радиомен басқару стансасын орналастырады. Соның арқасында Байқоңырдан ұшырылатын Р-7 зымыранын осы аймақтағы РУП арқылы ұшырып, бақылап отыруды қолданысқа енгізген көрінеді.

Стансаны ойлап тапқан КСРО-ның бас конструкторы С.Королев пен қолданбалы математика институтының директоры, академик М.Кельдыш *(суретте)* нысанға бірнеше мәрте келіп, жобаның жұмыс барысын көзбен көргені жайында да айтылады. Тіпті, Гагариннің өзі Тартоғайдың топырағын басқан деген ақпар бар.

Көзкөрген ауыл тұрғынының айтуынша, локатормен бақылау нысанында өңкей ғалымдар, академиктер, профессорлар жұмыс істепті. Ал ракеталық нысанда әскери адамдар борышын өтепті.

«Негізінен, бұл әскери бөлімше 1971 жылға дейін толық жұмыс істеп тұрды. Тартоғай мен Майлытоғайдың аралығында салынған құпия нысанның айналасында қалың сексеуіл өсіп тұратын. Бөлімшенің осы сексеуілдің ортасында орналасуының өзіндік сыры бар екенін кейіннен білдік. Үздіксіз жұмыс істеп тұрған дыбыс қабылдағыштар (локатор) адам ағзасына зиянды сәуле бөледі. Ал сексеуіл сондай зиянды сәулелерді бойына сіңіріп алатын қасиетке ие екен. Әскери бөлімшенің сексеуілдің ортасына орналасуы осы зиянды сәулелердің белсенділігін жоюға негізделсе керек. Ең қызығы, осы аумақтағы сексеуілдердің сол кездері бір қалыпта сақталып, өспей қалғанын аңғардық. Ал әскери бөлімше жұмысын тоқтатқан күннен бастап, қайтадан қаулап, өсіп кетті. Мұны сол кездегі локатордан бөлінген зиянды сәуленің әсері деп есептеймін», – дейді ауыл тұрғыны.

Жалпы, Тартоғай аумағы жердің радиусына сәйкес ең биік жер екен. Соның арқасында зымырандардың дыбысын жылдам қабылдауға мүмкіндік артады. Кеңес кезінде құпия әскери нысандардың Сыр өңіріне көптеп салынуының негізгі себебі де осы болса керек. Мәліметке сенсек, бір кездері Свердловск қаласында атып түсірілген зымыранның дыбыс толқынын осы Тартоғайдағы әскери бөлімше алғаш болып байқаған көрінеді.

2000 жылдар шамасында қараусыз қалған әскери бөлімше ғимараттары Тартоғайдағы түзеу мекемесінің (түрме) балансына беріледі. Кейіннен түзеу мекемесі қараусыз қалған әскери ғимараттарды түгел бұзып, құрылыс заттарын пайдаға асырады.

Ауыл тұрғындарының айтуынша, әскери нысан жұмыс істеп тұрған кездері ауылда ақ қан дерті көбейіпті. Бөлімше өз жұмысын тоқтатқан күннен бастап аурудың беті қайтқан көрінеді. Мұны сол уақытта үздіксіз дыбыс қабылдағыш қондырғысынан тараған зиянды сәуленің әсері деп санайды.

Қазір құпия әскери нысан орналасқан аумақ жазық далаға айналған. Бір кездері бұл аумақта аса қауіпті құпия әскери нысанның болғанын білдіретін бірде-бір белгі жоқ.

Ал ұзақ жылдар бойына зымырандардың ұшуын радиомен бақылайтын әскери нысаннан тараған зиянды сәулелердің адам ағзасына қаншалықты қауіпті екенін ешкім де ашып айта алмайды. Бір белгілісі, сынақ алаңына айналған Сыр өңірінде әлі талай сұмдықтың құпия сақталып тұрғаны ақиқат.

**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
*Қызылорда облысы*

# ҚАТЕРЛІ ІСІК

## БАЛАЛАРҒА ДА ҚАТЫГЕЗ

**Нейрохирургия – елімізде қарқынды түрде дамып келе жатқан жаңа саланың түрі. Бас миға және жұлын миына жоғары дәрежелі заманауи нейрохирургиялық техникаларды қолдану арқылы нейрохирургиялық оталарды жасайтын мамандар елімізде әлі де тапшы. Дәрігерлердің басым бөлігі медицинадағы өте күрделі және нәзік салаға тәуекел жасай бермейді. «Себебі адамның жүйке талшықтары 1 миллиметрден 4 есеге дейінгі шамада кіші болады», – дейді біздің кейіпкеріміз, балалар нейрохирургі Самат Көкшебаев. Аса сақтық пен жауапкершілікті жүктейтін, оның ішінде жаңа туған балаларға ота жасап жүрген Самат Сағидуллаұлы – Шымкент қаласындағы клиникалық балалар ауруханасында нейрохирург-дәрігер. Бүгінде Шымкенттегі медициналық туризмді дамытуға үлкен септігін тигізіп жүрген маман.**

### ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕЛЕРІН ТРАНСПЛАНТАЦИЯЛАДЫ

Жуырда осы ауруханада алғаш рет жүйке жүйелерін трансплантациялау бойынша күрделі операция жасалды. Осыдан 6 ай бұрын қарағандылық 14 жасар қыздың қолына шыны кіріп, нерв жүйесі зақымдалған. Алғашқы медициналық көмек пен оңалту ем шаралары нәтиже бермегендіктен, оған ота жасау ұсынылады. Науқас анасымен бірге білікті нейрохирургті іздеп Шымкентке арнайы келген екен. Бұрын-соңды жасалмаған мұндай күрделі операцияны №1 қалалық клиникалық ауруханаының нейрохирургі А.Сансызбаев пен С. Көкшебаев екеуі сәтті аяқтап шықты. Олар қыз баланың қолындағы зақымдалған жүйке жүйесін орталық жүйке жүйесіне жалғап берді. Операция кезінде нерв жүйелерін байланыстыру үшін балалар клиникалық ауруханасындағы микрохирургиялық аппараттың пайдасы зор болды. «Мұның нәтижесін 3 айдан соң көреміз. Қолының жұмыс істеп кетуіне қарай байқайтын боламыз. 3-4 ай бұрын мотоциклден құлап, иықтағы жоғары орналасқан нерві үзіліп келген қарағандылық 17 жастағы бозбалаға да жүйке жүйесін жалғап бергенбіз. Енді патент алып, осындай операцияларды жалғастырып дамыта береміз», – дейді дәрігер.

Жалпы тәжірибелік дәрігер мамандығын өзі туып-өскен Ақтөбе қаласында тәмамдаған Самат Сағидуллаұлы студент кезінде-ақ осы салада жұмыс істепті. Оқу ақысының төлемі үшін ата-анасына салмақ салғысы келмеген ол күндіз сабақ оқыса, бір жылдай түнгі кезекшілікпен тазалыққа жауап беретін кіші буын техникалық қызметкері жұмысын атқарады. Одан ары қарай 3 жылдай мейіргер болып жұмыс істейді. Осылайша, ота жасау кабинетіне жиі кіріп жүріп нейрохирургияны таңдайды. «Жұмыс істей жүріп менің қалауым нейрохирургия екеніне 100 пайыз көзім жетті. Өзімнің дәрігерлікке жауапты міндеттерімнен бөлек науқасты ота үстеліне қалай дайындау керек, отаға қандай, нендей құралдармен сақадайсай тұруы қажеттігін толық меңгердім деп айта аламын. Қолыма алғаш рет креанитом трепан құралын ұстап, бас сүйекке диск салу операциясына қатыстым. Маған студент күндерімдегі осынау жұмыстар өмірлік сабақ болып, кәсіби маман болып қалыптасуыма септігін тигізді десем де болады», – дейді кейіпкеріміз.

Алғашқы еңбек жолын Оралдағы облыстық ауруханада жалпы тәжірибелік дәрігер, хирург болып бастаған Самат Сағидуллаұлы аз уақыттан соң-ақ өзі қалаған нейрохирургияға мамандану үшін Алматыға жол тартады. Онда 5 ай білімін жетілдіріп, Оралда ересектер нейрохирургі болып жұмыс істей бастайды. 2011 жылдары ересектер нейрохирургі болып жүрген Саматқа еліміздегі нейрохирургияның негізін қалаушы, профессор, академик Серік Ақшолақов Ақтөбе қаласында балалар нейрохирургін қолға алуды ұсынады. Осылайша, Ақтөбе облысы бойынша алғаш рет осы саланы бастап, жалғыз өзі 3 жыл бойы үзіліссіз бірде-бір еңбек демалысына шықпай, балалардың жүйке жүйесіне қатысты ем-шараларын атқарады. Қаладағы 7 медициналық мекеме мен 13 аудандағы медициналық мекемелердің барлығына дерлік шақыртумен күндіз-түні тынбай барып жүрді. Облыстағы 250 мың балаға жалғыз балалар нейрохирургі болды. «Үйге айына 4 рет қана келетінмін. Тек жексенбі күндері. Қалған уақыттың барлығында үй бетін көрген жоқпын. Иә, 2005 жылдан бері оталарға кіріп, 2008 жылдан жалғыз өзім жеке ота жасай бастадым. Ересектерге бас миынан ұйыған қанды алу, жарылған тамырларды тоқтату, омыртқа сынғанда қысылып қалған жұлынды босату операцияларын жасап жүрдім. Кейін бірден балаларға ауысу, әрине, ептеп қиындау болды. Дегенмен білімді жетілдірудің арқасында тез үйреніп кеттім. Кейін өзім де маман дайындап, оған үйретіп еңбек демалысына шығуыма мүмкіндік туды», – дейді нейрохирург маман.

### ҚАЗАҚСТАНДА БАР БОЛҒАНЫ 40 НЕЙРОХИРУРГ

Жалпы, елімізде әлі күнге дейін балалар нейрохирургінің тапшылығы сезіледі. Қазақстан бойынша 40 балалар нейрохирургі болса, ересектердікі 350-ге жуық. Ал жұлын аурулары жыл өткен сайын көбейіп бара жатыр. «Статистикаға сүйенер болсақ, балалар ауруының түрі де, саны да көп. Оның себебін біле бермейміз. Біз дәрігерміз, алдымызға келген науқасты ертерек емдеп жіберуге күш саламыз. Ал оның себептерін ғалымдар зерттей жатар, бізде оған уақыт жоқ. Дегенмен қоршаған ортаның, ішкен-жеген тағамдарымыздың, көңіл күйміздің әсері мол болатыны анық. Қазір балалардың бассүйегінде қатерлі ісік көбейіп жатыр. Тіпті, 1-2 айлық сәбилерде де кездеседі. Балалар бас миындағы ісік ауруының 90 пайызы қатерлі болып келеді. Себебі балалар осы ісікпен дүниеге келеді. Олар сол ісікпен өмір сүреді. Біреуінде 5, енді бірінде 10 жасында анықталып жатады. Тіпті, бірінде 1 айлығында белгілі болады. Анықтау үшін КТ, МРТ аппараттарына түсіру керек. Бірақ біз оны жай бас ауру деп қабылдап, уақыт өткізіп аламыз. Одан бөлек, балалар арасында жолкөлік оқиғасынан немесе биіктен құлау жағдайынан жарақат алу жиі болады. Жаңа туған балаларда тамыр аурулары, геморрагиялық инсульт көбейіп жатыр», – дейді дәрігер бізбен әңгімесінде.

> *Адамдар қатерлі ісік дегенді естісе өзін-өзі жеп қояды да, содан ауруын асқынтады. Ауруға берілуге болмайды. Кез келгенін жеңуге болатынына көзім жетті. Біз балалардың ата-анасымен жұмыс істейміз. Жалпы бала ондайды түсінбейді, сондықтан оларда жеңіл өтеді.*

Самат Көкшебаевқа Қызылорда қаласы балалар ауруханасының бас дәрігері нейрохирургия мен офтальмологияны біріктіріп, нейроофтальмология бағыты бойынша жұмыс істеуді ұсынады. Шетелдерде дамыған бұл саланы жетілдіруге қызығушылығы артқан дәрігер Астанадағы ұлттық нейрохирургия орталығында білімін жетілдіріп, Қызылордаға келеді. Алайда көп ұзамай елімізде коронавирус басталып, балапан басымен, тұрымтай тұсымен кетеді. 2020 жылдың қыркүйегінде Шымкент қаласындағы балалар клиникалық ауруханасынан балалар нейрохирургиясын дамыту үшін ұсыныс түседі. Травматология бөлімінің меңгерушісі Болат Нұсқабаев ақтөбелік білікті маманды шақыртып, жанына алады. Бөлімнің ішінен балалар нейрохирургиясына 20 төсек-орын беріледі. Самат Сағидуллаұлы мұнда келгенде кезінде Ақтөбеде өзінің шәкірті болған Таңсық Абдуллаев балалар нейрохирургі болып жүр екен. Бүгінде екеуі – талай күрделі операцияны жасаған білікті маман. Шымкент қаласында жалпы 400 мың бала болса, еліміздің өзге өңірлерінен де портал арқылы науқастар жиі келеді. «Кадр мәселесі әлі де өзекті. Жақында 1 маусымнан бастап ауруханаының бас дәрігері облыстық балалар клиникалық ауруханасындағы 3 дәрігерді түнгі кезекшілікке қабылдады. Осында келген 2 жарым жылдан бері Таңсық Орынбасарұлы екеуміз ғана күндіз де, түнгі кезекшілікке де шығатынбыз. Енді ең болмаса түніміз тыныш болатын болды. Шымкенттегі нейрохирургтер біріміздің тәжірибеміз жоқ тұста біріміз көмектесеміз. Тіпті, керек болып жатса, Алматы, Астана қаласынан да мамандар шақырамыз. Ең бастысы, емдеп жатқан балаларымызға дұрыс ем жасау», – дейді дәрігер. Сонымен қатар ауруханада таяу күндері арнайы нейрохирургия бөлімшесі ашылмақ.

Самат Сағидуллаұлы осында келген 2,5 жылдың ішінде 8 шеберлік сағатын өткізген. Осы жылдар ішінде ауруханада бұрын-соңды жасалмаған отаның 14 түрі жасалса, оның 7-еуі облыста бұрын болмаған. Мұның барлығы – білікті маман мен осындағы соңғы үлгідегі операцияға қажетті аппараттардың болуының нәтижесі. Осы тұста айта кету керек, Шымкент билігі соңғы жылдары медицина саласына ерекше назар аударған. Ауруханаларды, әсіресе трансплантацияға қажетті заманауи құрылғылармен қамту жағынан алда келеді. Мәселен, мұндағы 20 есе ұлғайтып көрсететін бір ғана микроскоп аппаратының құны 295 млн теңге тұрады. Бағасы осы шамалас бірнеше құрылғы бар. Бұл Шымкентте медицина туризмін дамытамыз деген қалалық әкімдіктің алға қойған мақсатының нәтижесі.

### «АДАМ АУРУДЫ ҚАБЫЛДАУЫ КЕРЕК, СОНДА ЖЕҢІП ШЫҒАДЫ»

«Біз бұрын-соңды жасалмаған оталарды енгіздік. Ешқашан естіп, көрмеген ауруларға операциялар да жасадық. 10-14 сағаттық ота жасаған кездер де болды. Бұрын студент кезімде шетелде осындай ұзақ уақыт жасалатын операция болыпты деп естігенде адам таңнан түнге дейін тік тұрып қалай операция жасайды деп таңданушы едім. Осы жағдайлар менің де басымнан өтіп жатыр. Балаларды қорғау жылында қала басшылығы мен Денсаулық сақтау басқармасының басшысы және Аружан Саинның «Балаларға өмір сыйла» жобасы аясында бірқатар балалар үйіне барып, сал ауруына шалдыққан және басқа да жұлыны тартылып қалған балалардың жұлынына операция жасадық. Бұлшық еттері тартылып қалған балаға қанша массаж істегенмен пайдасы болмайды. Жұлынның аяққа жауап беретін бөлігін сәл босатамыз. Одан бөлек, бір күнде қанша дәрі ішсе де 12-15 рет талма ауруы ұстап қалатын эпилепсия дертіне шалдыққандар болады. Олардың бас миындағы 12 түрлі нерв жүйесінің 10-ына аппарат қойып береміз. Ол бұғанаының астына және үстіне қойылады. Үнемі бақылауда ұстаймыз, жақсы нәтиже береді, көп болса 1-2 немесе тіпті мүлдем талмасы ұстамауы мүмкін. Аппарат 7 жылға жарамды. Себебі 7 жылда аккумуляторының қуаты бітеді. Мұндай ота Астана, Алматы, Тараз, Қарағанды және Шымкент қалаларында ғана жасалады. Қалған өңірдің балалары ота жасалатын аумақтарға жіберіледі. Сонымен қатар балалардың бас миы сүйектерінің ерте жабылып қалуын операцияның көмегімен ажыратамыз. Ми өскісі келеді, бірақ сүйек тоқтап қалады. Дер кезінде ота жасалмаса болмайды», – дейді кейіпкеріміз.

Мұнда барлық ота тегін. Еліміздің кез келген қаласынан портал арқылы келіп, ота жасатып кетіп жатқандар көп. Сондай-ақ Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерінен де келетіндер бар.

Самат Сағидуллаұлы Израильдің Тель-Авив қаласында 12 күндік бүкіләлемдік конференцияға қатысып жүргенде үндістандық дәрігердің тәжірибесімен бөлісіп кетуін сұрап шақыртқанын айтады. Сонымен бірге Минск қаласында өткен бүкіләлемдік конференцияда өзінің тәжірибесі негізінде баяндама жасайды. Баяндамасында 680 грамм болып туған баланың салмағын 1 келі 200 грамға дейін өсіріп, оның бас миына аппарат қойғанын көрсетеді. Канадалық дәрігер туғаннан кейін 40 күнге дейінгі балаларға ғана ота жасайтын балалар нейрохирургіне таңданысын жасыра алмай, тәжірибесімен бөлісуді сұрайды. Бүгінде сол бала 7 жасқа толып, шауып жүгіріп жүр. Былтыр келіп, басына қойылған аппаратты ұлғайтып кеткен. Дәрігер қазір қазақстандық дәрігерлердің шетелге барып, нейрохирургия саласын үйрететіндей дәрежеге жеткенін мақтанышпен жеткізді. Медицинасы дамыған израильдық дәрігерлер үлкейіп кеткен ісікті алып тастауға жүрексінеді екен. Ол жақта ісіктерді ерте анықтайтындықтан, үлкен көлемдегі ісікке ота жасауға көптеген дәрігер тәуекел жасай бермейді. Ондай кезде өзге мемлекеттерден дәрігер шақырып жатады. Сол сияқты бүгінде еліміздегі нейрохирургтер бір-бірімен ғана емес, шетелдік нейрохирургтермен байланысып тұрады. Бір-бірімен тәжірибе алмасады.

Сонымен қатар нейрохирург дәрігер адам қаншалықты қатерлі ауруға шалдықса да, оны жеңуге болатынын айтады. «Мәселен, жұбайым сүт безінің қатерлі ісігі дертіне шалдықты. Тіпті, өте ауыр түріне, яғни химиялық сәулемен емдеуге де келмейтін. Біз 1 жарым жылдың ішінде бұл ауруды жеңіп шықтық. Алдымен адам ол ауруды қабылдап алып, сөйтіп күресуі қажет. Адамдар қатерлі ісік дегенді естісе өзін-өзі жеп қояды да, содан ауруын асқындырады. Ауруға берілуге болмайды. Кез келгенін жеңуге болатынына көзім жетті. Біз балалардың ата-анасымен жұмыс істейміз. Жалпы, бала ондайды түсінбейді, сондықтан оларда жеңіл өтеді. Иә, әрине, ісіктің де әртүрлісі бар. Бізден кейін онколог-тардың бақылауында болу керек», – дейді кейіпкеріміз.

**Назгүл НАЗАРБЕК,**
*Шымкент қаласы*

# Кене де, КӨКӨНІС ТЕ қауіпті

Жаз мезгілінде жәндіктер мен көкөніс, бақша дақылдарынан адам ағзасына келетін қауіп күшейеді. Тіпті, инфекциялық ауруға шалдығып, соңы қайғылы жағдайға ұласып жатады.

**КЕНЕДЕН КЕСЕЛ ЖҰҒАДЫ**

Былтыр Қызылорда облысында Конго-Қырым гемморагиялық қызбасы өршіп, соңы қайғылы жағдайға әкелген еді. Бұл тұрғыда өткен жылы қауіпті індеттен 50 адам күдікті деп танылса, оның 20-сының диагнозы зертханалық, эпидемиологиялық және клиникалық жолмен нақтыланған. Соның ішінде 6 адам көз жұмған болатын. Сол уақытта кенеден келетін кеселмен күрес шараларын күшейткенімен, құзырлы орындар қауіпті түбегейлі ауыздықтай алмады.

Биыл кененің қауіпті ошағы саналатын Сыр өңірінде індеттің алдын алу жұмыстары ерте көктемнен бастау алды. Былтырғыдай келеңсіз жағдайға жол бермеу шаралары қолға алынды. Соның негізінде Қызылорда облысына қарасты 106 елді мекен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының туындау қаупі бар аймақ ретінде танылып отыр. Бұл жайында Қызылорда облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті мәлімдеді.

«Жыл басынан бері Қызылорда облысы бойынша 14 адам Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына күдікті болып тіркелді. Осы тіркелген 14 жағдайдан кеселдің 1 диагнозы нақтыланды. Нақты айтқанда, Сырдария ауданының тұрғынынан қауіпті індеттің белгілері байқалды. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының нақтыланған жағдайы маусым айында болған еді. Қазір бұл науқасты зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатса, тағы 12 науқастың диагнозы зерттеу қорытындысына сәйкес өзгертілді. Науқастардың барлығы облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына, аудандардағы орталық ауруханалардың жұқпалы аурулар бөлімдеріне оқшауланып, жатқызылды. Жалпы, бүгінге дейін облыста кене шағып, медициналық көмекке жүгінген 394 тұрғын медициналық бақылауға алынып, күдіктілер анықталған жоқ», – деді бізге департаменттің бөлім басшысы Жанар Жетілгенова.

Маманның айтуынша, эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бұл тұрғыда облысқа қарасты 238 елді мекеннен барлығы 28 992 кене жиналып, зерттеу жүргізілген. Яғни, 3 335 сынама алынып, кенелердің жұқпалылық көрсеткіштері зерделенген. Нәтижесінде, жәндіктердің 6,5 пайызында зақымдану деңгейі анықталып, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 1,5 пайызға жоғары көрсеткіш көрсеткен.

Қолда бар мәліметке сәйкес, Қызылорда облысы аумағында кененің 14-15 түрі мекендейді. Оның ішінде түрлік құрамы бойынша жиі кездесетіні H. Asiaticum – 26 пайыз, H. Anatolicum – 3,5 пайыз, D. Daghestanicus 46 пайызға жеткен.

Негізінен, жыл басында аталған аурудың алдын алуға бағытталған Қызылорда облысы, қала және аудан әкімдіктерінің қаулысымен кешенді іс-шаралар жоспары бекітілген. Қауіпті індет таралуы мүмкін деп танылған 106 елді мекен аумағынан санитариялық қорғаныс аймақтары жасақталыпты. Осы елді мекендерде 11 сәуір мен 13 маусым аралығында 5 күн бойына 2 кезеңді қораларға, мал басына, суат, шаңдақтарға, падаларға кенеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізілген. Жергілікті атқарушы органдарынан құралған жұмыс топтарымен өңдеу жұмыстарының сапасы қатаң бақылауға алынған. Бұл тұрғыда науқастарды зерттеуге және емдеуге диагностикумдардың, емдеу препараттарының қоры жеткілікті екенін алға тартады.

**КӨКӨНІСТЕН ДЕ ҚАУІП БАР**

Жаз мезгілінде базарлар мен ірі сауда орындарында сатылатын азық-түлік пен көкөніс, бақша дақылдарының да адам ағзасына үлкен қауіп төндіретіні белгілі. Соған орай санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті тарапынан тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Бұл тұрғыда сала мамандары облыс аумағында дүниежүзілік тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі күніне орай 10 күндік акциясы ұйымдастырылғанын жеткізді. Соның негізінде халық көп шоғырланатын орындарда, балаларды сауықтыру мекемелерінде, тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда нысандарында тиісті шаралар атқарылған.

«Бұл акция аясында сатушылар мен тұтынушылар арасында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық сауаттылығын арттыру бағытында тағам өнімдерінің қауіпсіздігі, санитарлық талаптардың сақталуы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ жедел ішек аурулары мен тағамнан улану жағдайларының алдын алу шаралары туралы және жеке бас, өндірістік гигиенасын сақтау қажеттілігі, тұтынушыларға қауіпсіз тамақтануды қалыптастырудың, саламатты өмір салтын ұстанудың маңызы жөнінде кеңінен ақпарат берілді. Шара аясында ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалы мамандары тексеру өткізді. Соның негізінде сала мамандары экспресс-тәсілдерін қолдана отырып, тұрғындардың ұсынуы бойынша сатып алған тағамдардың санитарлық нормативтерге сәйкестігін тексеру, жеміс-жидек, көкөніс өнімдері құрамындағы нитрат қалдықтарының мөлшерін анықтап, дайын өнімдерге бактериологиялық зерттеулер жүргізді», – деді бұл жөнінде тамақтану объектілерін бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Меруерт Битасова.

Тексеру жұмыстары барысында тағам құрамындағы нитрат қалдықтарының мөлшерін анықтау үшін 587 сынама алынған. Департамент тарапынан барлық сынама бойынша бактериологиялық зерттеулер жүргізіліп, сәйкессіздік анықталмағанын алға тартты.

Дей тұрғанмен, Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті тарапынан мұндай тексеру тек акция аясында жылына 1 рет өткізілетінін мәлімдеп отыр. Яғни, жаз бойына тағам, көкөніс, бақша дақылдарының құрамына бақылау тұрақты жүргізілмейді. Себебі сауда орындары мен базарларға түскен азық-түлік, көкөніс, бақша өнімдеріне ұдайы бақылау жасау аталмыш департаменттің құзырынан алынып тасталған екен. Бүгінде мұндай жұмыстар сауда орындары мен базарлардың арнайы зертханасында ғана ақылы негізде жүргізіледі. Яғни, әрбір сатушы өз өнімдерін сол сауда орнының зертханасында тексерту үшін өз қалтасынан төлеу міндеттелген. Бір сөзбен айтқанда, жеміс-жидектер мен бақша өнімдеріне бақылау ақсап тұр. Мұны сала мамандары да жоққа шығармады.

Қай кезде де ерте піскен жемістердің, оның ішінде қауын-қарбыз өнімдерінің құрамында химиялық нитраттар жиі кездесіп жатады. Одан улану жағдайы әрбір он адамның үшеуінің басында болуы мүмкін екен. Сондықтан көкөніс пен жеміс-жидектерді шілденің аяғы мен тамыз айының басында пайдалануға кеңес беріледі.

Жалпы, қазір сауда орындарында сатылып жатқан жеміс-жидектер мен көкөністердің қауіпсіздігіне ешкім кепіл бола алмай тұр. Сондықтан да ерте піскен жеміс-жидектерді тұрақты зертханалық тексерудің тиімді тәсілі енгізілсе, тұтынушылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілер еді.

**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
*Қызылорда облысы*

# ТЕКЕЛІЛІКТЕР ТАЗА СУҒА ЗӘРУ

**Жетісуда суға, оның ішінде таза ауызсуға қатысты шу көп. Атауына қарағанда судан кенде болмауға тиісті аймақта жылдар бойы тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталып, қыруар қаржы жұмсалған мемлекеттік бағдарламалардың нақты нәтижесі болмай тұр. Бір жерде су мұнарасы дұрыс салынбаса, енді бір ауылда тартылған құбырлар пайдалануға берілген сәттен тесіліп жатыр. Тағы бір елді мекенде су мол болғанымен, оны тазарту жүйесі жұмыс істемейді. Соңғы жылдардағы құрғақшылық та етектен тартып, онсыз да сусап отырған жұрттың кенезесі әбден кеуіп бітті.**

Басқа-басқа, асқар таулардың қойнауында орналасқан, ортасын қақ жарып қос өзен: Қора мен Шажа арқырап ағатын, сай-саласында мөлдір бұлақтар бұрқырап жататын Текелідегі тұрғындар таза ауызсудан тарығып отырғаны ішінді ашытады. Бұрын көктем мен күзде, жауын-шашынды кездерде сулары лайланып кететіндіктен дабыл қағатын текеліліктер кейінгі жылдары сол лай судың өзіне зар болып қалатын жағдайға жеткен. Атқарушы биліктегілер халықтың шыдамы шегіне жетіп, дабылдатып, көшеге шығуға таяп қалғанда барып, бұқараның «бұрқылына» назар аударады. Жиналған халықты тыңдайды да, кезекті уәдені үйіп-төгеді. «Ұңғымалар қазып жатырмыз. Бірнешеуі дайын болып қалды. Мемлекеттік сараптаманы күтіп отырмыз. Құбырлар мен бұрмаларды ауыстыруға осынша қаржы бөлінді. Барлығы жөнделеді, таза суға қарық болар күн жақын қалды» деп жауырды жаба тоқитын, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай ететін жаттанды жауаптармен жұрттың ашуын басады, сабасына түсіреді. Кезекті рет үмітін үкілегендер арада апталар өткенде қайтадан атқа мінеді.

Осылайша, Қазақстандағы ең көрікті жерлердің біріне баланатын Текелі қаласының тұрғындары қара суға зар болып, ерні кезеріп, қаланың бірнеше жеріндегі бұлақта кезекке тұрады. Одан қалса, дүкендерден сатып ішіп, қалталарына салмақ салып, бюджетінің бүйірін солдыруда. Әсіресе, күн қатты ысығанда тау басындағы мұздықтар күрт ериді де орталықтандырылған ауызсу жүйесіндегі Қора мен Шажа өзенінен келетін су ішуге мүлде жарамсыз болып қалады. Жауын-шашынды кездеріндегі жағдай да тура солай. Халық құдайдың күнінің ауанын бақылап, аспанға қарап, жұлдыздарды санауға мәжбүр. Ал жергілікті атқарушы билік өкілдері табиғаттың тосын мінезінен ғана емес, жылдарға созылған жауапсыздық пен немқұрайдылық кесірінен туындайтын олқылықты болдырмау үшін бюджеттен 1 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп, қалаға артезиан суын тарту жұмыстары басталғанын айтқалы да біраз болды. Бірнеше ұңғыманың дайын болғаны жайлы былтыр күзде сүйіншілеген. Бірақ «баяғы жартас – сол жартас», мәселе сол шешілмеген күйінде қалыпты.

Қазір қаладағы бұлақтар басында адам көп. Кейбірі жаяу, кейбірі көлігімен келіп, үйіне су алып кетіп жатады. Кейде ұзын-сонар кезек те пайда болады. Өйткені үйіне құбыр арқылы келіп тұрған орталықтандырылған судың сапасы тағы да бұзылған.

«Судың жоғы әбден қажытты. Көпқабатты үйде тұрғанымызды қайтейік. Күннің райына қарап, үнемі алаңдаймыз да жүреміз. Күн қатты ысыса, жауын-шашын жиілесе, таза судан тарығамыз да қаламыз. Ішуді былай қойғанда, кір жууға жарамайды. Бір кездегі шахталардан шыққан қалдықтар да сол қалпы, тау-тау болып үйіліп жатыр. Экологтер жиі-жиі дабыл қағып, қалдықтарды өңдеу, тазалау керегін, желмен мүжіліп, сумен шайылып, шөгіп бара жатқан қалдықтар түбі қалаға қауіп төндіретінін айтады. Одан да қорқамыз. Осыдан бірнеше жыл бұрын ол жерді реттеу қолға алынған еді. Басталуынан, тоқтауы тез болды. Енді, міне осы қауіпке соңғы жылдары ауызсудың азабы қосылды. Денсаулығымыз үшін алаңдаймыз», – дейді текелілік С. Қайраңбаев.

Қала тұрғыны Надия Құдиярованың айтуына қарағанда, ауызсудың нашарлығы сондай, үйдегі кір жуғыш машинаның өзі қоймалжың судың сапасыздығынан жиі-жиі істен шығып қалады екен.

Текеліліктер тәулігіне 12 мың текше метр ауызсу тұтынады. Қалада тәуліктік қуаттылығы 28 мың текше метр болатын сүзгі стансасы жұмыс істейді. Қазіргі кезге дейін 4 ұңғыма бұрғыланып, бүгінде сол ұңғымалардан инженерлік желілерді тарту жобасы жүзеге асырылып жатқан көрінеді. «Көрінеді» деп отырғанымыз, мұндай әңгіме былтыр да айтылған болатын. Жалпы, Текеліні таза ауызсумен қамтуға қыруар қаражат қарастырылған. Соның ішінде 993 млн теңге сыйымдылығы 6 000 текше метр болатын екі су сақтау қоймасының құрылысына бөлініпті.

Текелі қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы Ғалым Қызылбаевтың айтуынша, қалаға су 15 шақырым жерден жеткізіледі. Қазір құрылысы жүріп жатқан екі су қойманың әрқайсысының сыйымдылығы 3 мың текше метрге жетеді. Ойға алғандар жоспарға сай орындалса, осы су қоймаларындағы таза су диаметрі 400 сантиметр болатын құбырмен қалаға жеткізіледі. Су қоймалары алдағы қазанда пайдалануға беріледі. Дегенмен бұл жоба да ауызсу мәселесін түбегейлі шеше алмайды. Өйткені кеншілер қаласындағы ауызсу құбыры желілерінің 80 пайыздан астамы әбден ескіріп, тозған. Қай кезде, қанша көлемде істен шығатынын ешкім тап басып айта алмайды. Су қоймалары іске қосылып, диаметрі 400 сантиметрлік құбырмен су келетін болса, су қысымы артады. Тозығы жеткен құбырлар соған шыдас бере қоя ма деген сауал да мазалайды жұртты. Қазір барлық шағынаудандағы ескірген су құбырларын толық ауыстыру бойынша жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленіп жатыр.

**Болат АБАҒАН,**
*Жетісу облысы*

# СЕЗІМ «САПАРЛАП» ЖҮР

Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының шығармашылық ұжымы республика бойынша «Махаббат, қызық мол жылдар» спектаклін көрермен назарына ұсынып келеді. Осыдан екі жыл бұрын премьерасы өткен қойылым 16, 17, 18 маусым күндері елордадағы «Жастар» театрында сахналанбақ.

Айдана НҰРМҰХАН

«Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасын білмейтін жан кемде-кем. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әзілхан Нұршайықовтың қаламынан туған махаббат дастаны өткен ғасырда-ақ өз оқырманын тауып, талай жас жүректің бойтұмарына айналып үлгергенді. Ғашықтық сырын қозғап, алуан түрлі сезімді жырлайтын шығарма режиссер Фархад Молдағалидің бүгінгі күнге сай көзқарас, ой-шешімімен жаңаша өрбіп, театрсүйер қауымның назарына ұсынылды. 2021 жылдың маусымында Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасында шымылдығы түрілген туынды биыл ел ішін аралап, өңірдегі көрерменіне қуаныш сыйлауда. Театр ұжымы аталмыш спектакльмен былтыр Ақтау, Жаңаөзен қалаларында екі мыңнан аса көрерменге аншлагпен өнер көрсетіп, батыстың байтақ даласын махаббат жырымен әлдилеген еді. Көрермен сұранысы мен қалауын ескере отырып, театр ұжымы ақпан айынан бастап қазақ театрларының арасынан алғаш рет еліміздің барлық қаласын қамтитын «Сезім сапары» атты тур-спектаклін бастаған болатын. Талдықорған, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қарағанды қалаларын аралап үлгерген сапардың ендігі аялдамасы – Астана.

«Махаббат, қызық мол жылдар» спектаклін барлық аймақтағы театрсүйер қауым ыстық ықыласпен қабылдап жатыр. «Театр ұжымы жылына бір-екі рет гастрольге шығып тұрамыз. Алайда арнайы бір спектакльмен республика көлемінде тур жасау тәжірибемізде болмаған. «Махаббат, қызық мол жылдардың» шымылдығы түрілген уақыттан бері көрермені үзілген жоқ, ұдайы билет таусылып қалып жатады. Алматыға аймақтардан арнайы келген көрермендер де көп болды. Қойылымға сұраныс жоғары болғандықтан, «Сезім сапарына» шығамыз деген идея келді», – дейді Фархад Молдағали.

Әр оқырманның, әр көрерменнің өз «Махаббат, қызық мол жылдары» бар. Өз қиялында қалыптасқан Ерболы мен Меңтайы, Танасы мен Заманы, Майрасы мен Зәйкүлі бар. Мұндай таңдаулы туындылардың екінші авторы атануға көп режиссерлер жүрексінеді. Бұл орайда режиссер Фархад Молдағали батыл да сәтті қадам жасай білген. «Кез келген идеяны жүзеге асыру, жақсы шығармаларды сахналау кезінде оның жастарға әсері, өскелең ұрпақты театрға көптеп тарту туралы жиі ойланамын. «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасында тазалық, адалдық бар. Жастарға айтары көп, шынайылыққа үндейді. Әрі ғашықтық, сезім тақырыбы көптің көңіліне әрдайым жағады. Бұл дастан бүгінгі жастардың болмысымен астасып, қай ғасырда да албырт көңіл, адал достық, балауса сезімнің оқиғасы ұқсас болатынын көрсете алатын, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасына сұранып тұрған туынды болды. Оның үстіне, Әзілхан Нұршайықовтың махаббат хикаясын сахналау 4-5 жылдан бері ойымда жүрген. Театр басшылығынан да ұсыныс бола қойды. Осылайша, жаңа көзқараспен, заманауи ой-шешіммен бір шығармашылық дүние ұсындық. Нәтижесі – бүгінгі көрермен сұранысы мен жылы лебізі», – дейді режиссер.

> *«Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасында тазалық, адалдық бар. Жастарға айтары көп, шынайылыққа үндейді. Әрі ғашықтық, сезім тақырыбы көптің көңіліне әрдайым жағады. Бұл дастан бүгінгі жастардың болмысымен астасып, қай ғасырда да албырт көңіл, адал достық, балауса сезімнің оқиғасы ұқсас болатынын көрсете алатын, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасына сұранып тұрған туынды болды.*

Көрермен сұранысы жоғары болғандықтан, қазіргі уақытта спектакль ұжымы екі құрамда ойнайды. Дархан Сүлейменов, Гүлбаһрам Байбосынова, Мақсат Сәбитов, Ерден Жақсыбеков, Толқын Нұрбекова сияқты танымал театр және кино артистері өнер көрсетеді. Әр құраммен қойылым одан сайын түрлене түседі.

«Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрына жас артистер қабылданып жатыр. Олардың бірқатары «Махаббат, қызық мол жылдардың» мектебінен өтіп, мол тәжірибе жинақтап үлгерді. Әрі көрерменге жаңа есім, жалындап тұрған жас артистің өнерін тамашалау қызық. Жалпы спектакльдің бір қойылымы ендігісіне ұқсамайды. Бұған көрермен, кейіпкерлердің көңіл-күйі, залдағы атмосфера және тағы басқа түрлі фактор әсер етеді. Әйтсе де, жас талантты артистердің шығармашылыққа деген сүйіспеншілігі мен еңбекқорлығы бұл туындыны көрерменге жоғары деңгейде жеткізуге мүмкіндік берді», – дейді Фархад Молдағали.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда жастар кітап оқымайды деп жиі сынға аламыз. Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры танымал шығармаларды сахналау арқылы жастар арасында сол туындының өзін танытуға ықпал етуге болады деп санайды.

«Бұл мақсатта көп жұмыс атқарып жатырмыз. «Махаббат, қызық мол жылдар» сахналанғаннан кейін бұл шығарманың түпнұсқасына қызыққан оқырмандар қатары артты. Я болмаса, «Алтайдан ауған ел» спектаклін қоятын кезде, Халифа Алтайдың осы шығармасын «Меломан» дүкенінің бір бұрышынан тауып алғам. Тіптен, сатушылар мұндай автордың, яки туындының бар екенінен бейхабар еді. Кейін театрда қойылып, көрермен арасында қызығушылық артты, әлеуметтік желілерде жақсы лебіздер жазылып, оқырман көп сұрап барғаннан кейін, бұл кітапты «Меломанның» елге көрінетін сөрелерінен байқадық, тіптен жеке сөре арнады. Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» шығармасы сахналанған уақытта автордың кітабы театрдың фойесінде сатылған еді, түгелдей дерлік өтті кетті. Спектакльдің өзінен жақсы әсер алған көрермен шығарманың түпнұсқасын оқуға ықыласы артады. Бұған көптеген қойылымымыз дәлел бола алады», – дейді режиссер.

Расында Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының жаңашылдыққа жаны құмар. Мәселен, «Махаббат, қызық мол жылдар» қойылымын тамашалауға келген көрерменге әдемі де әсерлі естелік сыйлау үшін «Ашық хаттар» идеясын жүзеге асырған. Сезімді селт еткізер, жүректегіні дөп басар ашық хатта шығармадан алынған ерекше цитаталар, Ербол мен Меңтайдың рөлін сомдайтын артистердің тілегі мен қолтаңбасы, естелікке фотосурет бар. Әрі QR код арқылы қойылымның бағдарламасын көре аласыз.

Театрсүйер көрермен мен кәсіби мамандардың жоғары бағасын алған туындының айтулы сапары әрі қарай Көкшетау, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалаларында жалғасады.

«Сезім сапары» қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әзілхан Нұршайықовтың биылғы 100 жылдық мерейтойына орайластырылып отыр. Шығармашылық сапарымызды жыл соңында Семейде қорытындылаймыз. Әрі келесі жылға жоспарлап отырған «Болмаған балалақ шақ» қойылымының турын осы мекеннен бастап кету ойымызда бар. Біздің театрдың жыл сайын бір спектакльді сапарға шығаруға репертуары жетерлік», – деп түйді Фархад Молдағали.

## Айсұлтан «Үздік режиссер» атанды

**Қазақстандық режиссер Айсұлтан Сейітов «ҚАШ» дебюттік фильмі үшін XXV Шанхай халықаралық кинофестивалінде «Үздік режиссер» номинациясын жеңіп алды.**

Шанхай кинофестивалі – Қытайдың ең ірі фестивалі және әлемдегі ең беделді байқаулардың бірі. Бұл жүлдеге фильмді Айсұлтан Сейітов, Qara Studios бас продюсері Еркебұлан Күрішбаев пен сценарий авторы Абылай Нұрманбетов ұсынған еді. Картина шорт-листке еніп, Asian New Talent санаты бойынша үш номинацияға іліккен болатын: Best Film, Best Director және Best Script Writer.

«ҚАШ» 1931-1933 жылдардағы қазақ даласындағы жаппай ашаршылық қасіретін екі ағайындының басынан өткен оқиға арқылы баяндайды. Фильмнің түсірілімі 2020 жылы басталса, 2022 жылы туынды елімізде кеңінен тарады. Көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, қазақстандық сыншылар тарапынан да бірқатар марапатқа ие болды. Жақында әлемдік прокатқа шығады.

## Қырғызбаев – күміс жүлдегер



**Қазақстандық Ғұсман Қырғызбаев Qazagstan Barysy Grand Slam турнирінің күміс жүлдегері атанды.**

Қазақстандық дзюдошы 66 келіге дейінгі салмақта финалда испаниялық Давид Гарсиа Торнемен шеберлік байқасты.

Испаниялық дзюдошы да осыған дейін әлемдік Гран-при додаларында жүлде алып жүрген спортшы еді.

Жекпе-жек соңына таман Давид Гарсиа Торне вазари әдісімен жеңісті жұлып алды.

Ғұсман спорттық жолында бұған дейін 2019 жылы Әбу-Дабиде өткен Grand Slam жарысында жеңімпаз атанған еді.

Осылайша, Астанада жарыстың алғашқы күні Қазақстан алтын және күміс медальға ие болды.

## Талдықорғанда Әлем кубогы басталды

**Талдықорған іргесіндегі «Тау Жетісу» демалыс аумағында парапланмен ұшудан Әлем кубогы басталды.**

20 елден жиналған 100-ге тарта спортшы сайысқа түсті. Қатысушылар арасында 15-тегі баладан 78 жастағы қарияға дейін бар. Алдымен 3 күн бойы іріктеу жарысы өтеді. Жартылай финал мен шешуші бәсеке 18 маусымға жоспарланған.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Шынболат КҮЗЕКБАЙ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4315
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Жәнібек АМАНГЕЛДІ, Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ